



# ҚАЗАҚСТАН тарихы

(Ежелгі заман)

Жалпы білім беретін мектептің  
5-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

5



Алматы "Мектеп" 2017

ӘӨЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72  
Қ18

*Авторлары :*

**Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева**

**Қазақстан тарихы (Ежелгі заман).** Жалпы білім беретін мектептің  
Қ18 5-сыныбына арналған оқулық / Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева,  
М. Ноғайбаева . — Алматы: Мектеп, 2017. — 192 б., сур.

ISBN 978—601—07—0866—2

К  $\frac{4306020600—118}{404(05)—17}$  9(1)—17

ӘӨЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

© Омарбеков Т., Хабижанова Г.,  
Қартаева Т., Ноғайбаева М., 2017  
© “Мектеп” баспасы, көркем  
бейнелендіруі, 2017

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылманың мүлкілік құқықтары  
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—0866—2

**I тарау**  
**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ**  
**АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ**



**II тарау**  
**ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР**  
**ӨМІРІ**



**III тарау**  
**САҚТАР**



**IV тарау**  
**ҮЙСІНДЕР МЕН**  
**ҚАҢЛЫЛАР**



**V тарау**  
**ҒҰНДАР**



**VI тарау**  
**САРМАТТАР**



**VII тарау**  
**ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН**  
**ТАРИХЫНА ШОЛУ**



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	6
----------------	---

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ

§ 1. Қазақстанның ежелгі тарихына шолу .....	8
§ 2. Тас дәуірі .....	11
§ 3. Ежелгі адамдардың дамуы мен келбеті .....	13
§ 4. Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігі .....	16
§ 5. Қазақстанның тас дәуірінің археологиялық олжалары .....	20
§ 6. Тас дәуірі тұрғындарының еңбек құралдары мен қарулары .....	23
§ 7. Тас дәуірінің соңындағы шаруашылықтың дамуы .....	26
§ 8. Мезолит пен неолит дәуірінің еңбек құралдары мен қарулары .....	29
§ 9. Мыс дәуірі .....	31
§ 10. Ботай мәдениеті .....	33
§ 11. Қола дәуірінің кезенделуі мен мәдениеттері .....	36
§ 12. Ежелгі кеншілер және өндірістік орындар .....	39
§ 13. Андрон мәдениеті .....	42
§ 14. Беғазы-Дөңлібай мәдениеті .....	45
§ 15. Әлкей Марғұланның ашқан археологиялық жаңалықтары .....	47
§ 16. Ежелгі адамдардың діни түсініктері мен дүниетанымы .....	49
§ 17. Жартасқа сурет салу өнері .....	52
§ 18. Ежелгі тұрмыс-тіршілік .....	55

### ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР ӨМІРІ

§ 19. Темір дәуірінің кезендері мен ерекшеліктері .....	60
§ 20. Темірді игеру және оның ерте көшпелілер өміріндегі маңызы .....	62
§ 21. Көшпелі малшаруашылығы мен өмір салтының қалыптасуы .....	65
§ 22. Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі .....	68
§ 23. Ежелгі тайпалардың өнері .....	70
§ 24. Көшпелілердің баспанасы — киіз үй .....	72
§ 25. Ерте көшпелілердің наным-сенімдері .....	75
§ 26. Ерте көшпелілердің әлем туралы түсінігі .....	78

### САҚТАР

§ 27. Қазақстан аумағындағы сақтар .....	82
§ 28. Сақтар туралы ежелгі грек және парсы тіліндегі мәліметтер .....	85
§ 29. Сақтар туралы археологиялық мәліметтер .....	88
§ 30. Есік обасы. “Алтын адам” .....	91
§ 31. Шілікті алқабының патша обалары .....	94
§ 32. Бесшатыр — қасиетті, ғұрыптық мекен .....	96
§ 33. Берел — “мәңгілік мұздықта” сақталған жәдігерлер .....	99

§ 34. Сактардың қолданбалы бейнелеу өнері. Ан стилі .....	102
§ 35. Сактардың дiнi наным-сенiмдерi мен тұрыптары .....	105
§ 36. Тасмола мәдениетi. “Мұртты обалар” кұпиясы .....	107
§ 37. Сактардың қоғамдық кұрылымы .....	109
§ 38. Тұмар (Томіріс) ханша .....	111
§ 39. Сактардың әлеуметтік кұрылымы .....	113
§ 40. Шырақтың ерлігі .....	115
§ 41. Сак тайпаларының көрші елдерімен қарым-қатынастары .....	117
§ 42. Александр Македонскийдің сактарға жорығы .....	120

### ҮЙСiНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАР

§ 43. Ежелгі үйсiндер кiмдер едi? .....	124
§ 44. Үйсiндер туралы қытай деректерi .....	128
§ 45. Ежелгі қаңлылар кiмдер едi? .....	130
§ 46. Ежелгі қаңлылардағы қала мәдениетi .....	132
§ 47. Қаңлылардың қоғамдық кұрылысы мен саяси өмiрi .....	135
§ 48. Сыма Цянь мен Жан Чяньның деректерi .....	137
§ 49. Үйсiндер мен қаңлылардың мәдениетi .....	139
§ 50. Үйсiндер мен қаңлылардың археологиялық ескерткiштерi .....	142

### ҒҰНДАР

§ 51. Ғұндар кiмдер едi? .....	146
§ 52. Мөде тәңірікұттың ел басқару саясаты .....	148
§ 53. Ғұндар және Ұлы Қытай қорғаны .....	151
§ 54. Ғұн мемлекетiнiң кұрылымы, шаруашылығы мен мәдениетi .....	153
§ 55. Ғұндар және “Халықтардың ұлы көшi” .....	156
§ 56. Аттила (Еділ) және оның батысқа жорықтары .....	159

### САРМАТТАР

§ 57. Қазақстан аумағындағы ежелгі сарматтар .....	164
§ 58. Сарматтардың шаруашылығы мен мәдениетi .....	166
§ 59. Сарматтардың археологиялық ескерткiштерi .....	168
§ 60. Сарматтардың көрші халықтармен қарым-қатынастары .....	170

### ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ШОЛУ

§ 61. Қола дәуірі тұрғындарының түр-тұлғасы мен бет әлпетi ...	174
§ 62. Темір дәуірі тұрғындарының келбетi және нәсiлдiк ерекшелiгi .....	176
§ 63. Ежелгі дүниеге саяхат жасайық .....	178
§ 64. Ерте дегi тайпалар мәдениетi .....	181
Қайталауға арналған жұмбақ сөздер .....	184
Глоссарий .....	185



## Алғы сөз

Жас достар!

Ежелгі Қазақстан тарихы алғашқы адамдардың пайда болуы мен тіршілік етуінің алғашқы кезеңдерін қамтитын *тас дәуірінен* басталады. Өртүрлі мәдениеттерден және олардың ескерткіш орындарынан тұратын бұл кезең біртіндеп *қала дәуіріне* ұласады. Адамзат дамуының келесі және аса маңызды жаңа заманы адамның темір қорытуды игеруінен басталады. Бұл тарихта *темір дәуірі* деген атпен белгілі. Ұлы Дала аймағы бұл заманда көшпелі малшаруашылығын кенінен өрістетуге мүмкіндік алды. Адамзаттың, соның ішінде қазақ халқының қалыптасуында аса маңызды рөл атқаратын және өркендетте өзіндік орны бар көшпелі тұрмыс ұсынылып отырған оқулықта арнайы қарастырылған. Ұлы Дала тарихы Орталық Азия аймағындағы алғашқы тайпалық бірлестіктер — сақтардың, үйсіндер мен қаңлылардың, ғұндардың және сарматтардың тыныс-тіршілігімен, сондай-ақ олардың көрші елдермен қарым-қатынастарымен тығыз байланысты. Бұлар, шын мәнінде, қазіргі қазақ халқының ата-бабалары болып табылады. Бұл тайпалық одақтар аталған аймақтарға ғана емес, жалпыадамзаттық өркендетке де мәңгі өшпес із қалдырып, зор үлесін қосқан. Бүгінде бұл тарихты оқып білу — әрбір азаматтың бабалар алдындағы қасиетті борышы.

Ұсынылып отырған оқулықта сендерді тарихи оқиғалармен таныстыра отырып, одан әрі өз беттеріңше білімдеріңді дамытуға бағыт-бағдар беріп, жетелеп отыратын айдарлар мен тапсырмалар берілген.

“Ойлан!” айдары берілген ақпараттар негізінде логикалық қорытынды жасауға, сұрақтарға қысқа да нұсқа жауап беруге, өз ойларыңды жеткізе білуге дағдыландырады.

“Ізден!” айдары оқулықта берілген мағлұматтарға қосымша өз беттеріңше ақпарат алуға мүмкіндік жасайды. Бұл айдар қосымша ізденуге мүмкіндік беріп, білімдеріңді толықтыра түседі.

“Есте сақта!” айдары қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты есте сақтауға тиісті маңызды мәселелерді көрсетеді. Бұл айдар алдағы тақырыптарда өтілетін кейбір ақпараттарды дұрыс түсінулерің үшін қамтылған.

“Еске түсір!” айдары жаңа тақырыпты өткен тақырыптармен байланыстыру мақсатында берілген.


“Бұл қызық!”, “Бұл маңызды!”, “Бұл кім?” айдарлары аты айтып тұрғандай қызықты, маңызды ақпараттарды беріп, тұлғалармен таныстырады.

Балалар, сендердің жаңа тарих пәнін меңгерудегі қадамдарыңа сәттілік тілейміз!

Авторлар



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ



# КІРІСПЕ САБАҚ

## §1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫНА ШОЛУ

### Бүгінгі сабақта:

Қазақстанның ежелгі тарихы оқытатын мәселелермен танысамыз;  
тас ғасырының кезеңдерін білеміз;  
археология ғылымымен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Тарих
- Тас дәуірі
- Қола дәуірі
- Темір дәуірі
- Археологиялық ескерткіштер



Тастан жасалған  
құралдар

Тарих дегеніміз  
не?

**Ізден!**

### Ежелгі Қазақстан тарихы нені оқытады?

Қазақстанның ежелгі тарихы *тас ғасырынан* бастап біздің дәуіріміздің V ғасыры аралығындағы тарихты оқытады. Оқулық осы кезеңдегі археологияны, қазақ жерін мекендеген ежелгі адамдардың өмірі мен тіршілігін, болған оқиғаларды баяндайды. Сондай-ақ адамдардың тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, мәдениетін, наным-сенімін, дүниетанымын оқып білетін боламыз. Ертеде өмір сүрген тайпалардың саяси өмірімен, саяси бірлестіктерімен танысамыз. Қазақ жерін мекендеген тайпалардың өзге көрші тайпалармен қарым-қатынасы, мәдени байланыстары камтылады.

Бұл оқулықтан тарихтың кезеңдерін және ол кезеңдердегі археологиялық ескерткіштердің еліміздің тарихындағы орнын оқып білеміз.

### Ежелгі дәуір кезеңдері.

Ежелгі дәуір тарихын кезеңдерге бөлудің бірнеше түрі бар. Осылардың ішінде ең көп қолданылатыны — *археологиялық тәсілдер негізінде кезеңге бөлінуі*. Археологияда адамзат тарихының дамуы олардың еңбек құралдарын жасаған негізгі материалының атауына байланысты кезеңге бөлінеді. Мәселен, құралдар тастан жасалған кезең — *тас дәуірі*, қоладан жасалған кезең — *қола дәуірі*, темірден жасалған кезең *темір дәуірі* деп аталады.



Тас дәуірі немесе тас ғасыры	палеолит (б.з.б. 2,6 млн — б.з.б. 12-мыңжылдық) мезолит (б.з.б. 12—5-мыңжылдық) неолит (б.з.б. 5—3-мыңжылдық) энеолит (б.з.б. 3—2-мыңжылдық)
Қола дәуірі	б.з.б. 2—1-мыңжылдық басы
Темір дәуірі	ерте темір дәуірі (б.з.б. 1-мыңжылдық басы — б.з. 1-мыңжылдықтың орта шені)

### Тарихта уақыт қалай есептеледі?

Кез келген тарихи оқиғаның, құбылыстың уақыты бар. Тарих ғылымы осындай өткен оқиғалардың уақытын көрсетуге, белгісіз болған жағдайда шамамен анықтауға тырысады. Тарихи уақытты көрсетуде күні, айы, жылы, ғасыры, мыңжылдықтары сияқты өлшемдер қолданылады. Тарих ғылымында жылдарды араб сандарымен (1, 2, 3, ...), ғасырларды рим сандарымен (I, II, III, ...) беру қалыптасқан. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы уақыт *біздің заманымыздан бұрынғы* деп айтылады және ол *б.з.б.* деп қысқартылып жазылады (1-сызба).

1-сызба



### Ойлан!

Тарих уақытпен және белгілі бір орынмен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс. Себебі неде деп ойлайсың?

Тарихта жыл санаудың көптеген нұсқасы болғанмен, бүгінде *григориан күнтізбесі* қолданылады.

Бүгінгі заманғы дүниежүзілік жыл санау қалай жүргізіледі?

**Ізден!**

### Өткен өмірді біз қалай анықтап білеміз?

Тарихи оқиғаларды білу үшін түрлі деректерге сүйене отырып зерттеу жүргізеді. Ондай деректерді *заттық деректер*, *жазбаша деректер*, *ауызша деректер* деп негізгі үш топқа бөледі.

**Заттық деректер, жазбаша деректер, ауызша деректер** дегеніміз не?

**Ізден!**

### Археология ғылымы туралы не білеміз?

Қазақстанның ежелгі дәуір тарихына қатысты құнды мағлұматтарды археология ғылымы береді. *Археология* грек сөзінен аударғанда *archaios* — ежелгі, ескі, *logos* — ілім деген мағынаны білдіреді. Археология — тарих ғылымының көне дәуірі мен орта ғасырларындағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін сала. Ол тарихты зерттеуге қажетті аса құнды заттық деректермен қамтамасыз етеді.

### Есте сақта!

Тарих ғылымының *археология, этнология, антропология, өлкетану* сияқты көптеген салалары бар.

### Археологиялық ескерткіштер дегеніміз не?

*Археологиялық ескерткіштер* деп ежелгі адамның өмірі мен қызметінің іздері бар орындар мен ерте замандардан қалған бұйымдарды айтамыз. Олар көне дәуірдегі адамдардың өмір-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмысы жайлы ақпарат береді. Сондай-ақ діни көзқарастары, дүниетанымы және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәліметтер алуға болады. Археологиялық ескерткіштерге ежелгі тұрақтардың, қалашықтардың, қорғандардың, бекіністердің, ежелгі кен өндірістерінің қалдықтары, ежелгі қорымдар жатады. Оған қоса тасмүсіндер, жартастағы бейнелер мен жазбалар және еңбек құралдары, қару-жарақ, әшекей түрлері де қамтылады.

Тарихи дәуірлерде болған қалалар мен бекіністердің қираған орны топыраққа көміліп, орнында бірнеше қабаттан тұратын төбе пайда болады. Мұндай қатпарлар *мәдени қабаттар* деп аталады.



### Есте сақта!

Археологиялық зерттеулермен археолог-ғалымдар айналысады.

### Тапсырма

Археологиялық қазба жұмыстарға байланысты сұрақтар даярлап, дәптеріңе жаз. Оған өз ойыңша жауап беріп көр.

### Біліміңді тексер!

1. Қазақстанның ежелгі тарихы қандай мәселелерді оқытады?
2. Тас ғасыры қандай дәуірлерге бөлінеді?
3. *Мәдени қабат* дегеніміз не?

## §2. ТАС ДӘУІРІ

### Бүгінгі сабақта:

тас дәуірінің кезеңдерге бөлінуін оқимыз;  
ежелгі адамдарды қандай ғылым салалары зерттейтінін білеміз.

Алғашқы адамдар тастан жасалған құралдармен жұмыс жасаған дәуірді *тас дәуірі* немесе *тас ғасыры* (б.з.б. 2,6 млн жыл — б.з.б. 3-мыңжылдық) деп атаған.

### Еске түсір!

Қазақстанның ежелгі кезеңі қандай дәуірлерге бөлінген?

### Тірек сөздер:

- Палеолит
- Мезолит
- Неолит
- Энеолит

**Тас ғасыры** ғылымда бірнеше кезеңге бөлінген:

1. *Ерте тас ғасыры* — **палеолит** (грек. *palaios* — ежелгі, *lithos* — тас) б.з.б. 2,6 млн жыл — б.з.б. 12-мыңжылдық аралығын қамтиды.

2. *Орта тас ғасыры* — **мезолит** (грек. *mesos* — аралық, ортанғы, *lithos* — тас) б.з.б. 12—5-мыңжылдықтарды қамтиды.

3. *Жаңа тас ғасыры* — **неолит** (грек. *neos* — жаңа, *lithos* — тас) шамамен б.з.б. 5—3-мыңжылдықтарды қамтиды.

Мыс дәуірі — **энеолит** б.з.б. 3—2-мыңжылдықтардағы тас дәуірі аяқталар кездегі адамдардың мысты игерген дәуірін қамтиды.

### Ойлан!

Тас дәуірінде өзге материалдардан құралдар жасалған ба? Мысал келтір.

Сондай-ақ бүгінде қазақстандық ғалымдардың көпшілігі **палеолитті ежелгі (ерте, төменгі) палеолит және соңғы (кейінгі, жоғарғы) палеолит** деп екі кезеңге бөледі. Мұнда *ежелгі палеолит* б.з.б. 2,6 млн жыл — б.з.б. 40—35-мыңжылдықтар аралығын, ал *соңғы палеолит* б.з.б. 40—35-мыңжылдық — б.з.б. 12—10-мыңжылдықтар аралығын қамтиды.

**Тас дәуіріндегі табиғат жағдайы.** Тас дәуірінде адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде жер бедерінің өзгерген пішіні, антропогендік (грек. *anthropos* — адам, *genesis* — туындау) дәуір белгілері қазір де сақталған. Оған палеолит, мезолит дәуіріндегі адамдардың тұрағы, тас, сүйек өңдеу шеберханасы, аңшылық кәсібі кезінде қалдырған



Тастан жасалған құралдар

апаны, үңгірі жатады. Жер тарихындағы алғашқы өзгерістер антропогенге дейінгі неогендік (грек. *neos* — жана, *genos* — туу, жас) дәуірде өткен. Бұл уақытта Қазақстан жерінде таулар мен ұсақ тау шоқылары көтерілген. Теңіздер тартылып, құрлықтар қалыптасқан. Аю, гнана, құндыз, ит, борсық, мастодонт, мүйізтұмсық, қой, күзен, піл, гиппопотам, бұғы, гишарион (үш тұяқты жылқы неоген соңында кәдімгі жылқы түріне айналған) дамып, өмір сүрді.

### Есте сақта!

Антропогендік дәуір төменгі, орта, жоғары және осы заманғы болып ірі төрт кезеңге бөлінеді.

Палеолиттің ерте кезеңінде құрғақ ауа райы қайта ылғалдыға ауысып тұрды. Күн суып, таулы аудандар мұзданған. Адамдар мұздану, күннің сууы қатты күшейген кезеңінде өмір сүрді. Ормандар мен бұталы жерлерде орман пілдері, тоғайлы алқаптар мен биік жазықтарда бизон, дала мүйізтұмсығы, жалпақ маңдайлы бұлан, марал, бұғы, жабайы жылқы, алып түйелер мекендеген. Қазақстан жерінен ежелгі жануарлар сүйектері көп табылған.

Жоғарғы палеолит пен мезолитте де табиғат жағдайы өзгеріп отырған. Күн жылынып, мұздықтар еріп, су молайды. Шөлейтті жерлер ұлғайды. Бұл өзгеріс жануарлардың тіршілігіне кері әсер етті. Мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтылар жойыла бастады. Соңғы мамонттар Жайық өзенінің сол жақ жағалауында өмір сүрген.

Табиғат жағдайындағы өзгерістер адамдардың дамуы мен қалыптасуына әсер етіп отырды.



### Тапсырма

Тас дәуірі қаруларының суретіне қарап, олардың не екенін қасында отырған оқушымен бірге ақылдаса отырып анықта. Ежелгі заманғы адамдар оларды қалай жасаған және қандай мақсатта пайдаланған деп ойлайсың? Өз ойыңды дәптерге жаз.

### Біліміңді тексер!

Тас ғасыры қандай дәуірлерге бөлінеді? Ежелгі Қазақстан тарихының кезеңдерін дәптерге жаз.

# АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ

## §3. ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН КЕЛБЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

ежелгі адамдардың пайда болу және даму сатыларын оқимыз;  
ежелгі адамдардың сүйек қалдықтары табылған жерлерімен танысамыз;  
ежелгі адамдардың келбетінің қандай болғанын білеміз.

### Ежелгі адамдар дамудың қандай сатыларынан өткен?

Адамдардың арғы тегінің *австралопитектер* деп аталған өкілінің сүйек қалдықтары Оңтүстік Африкадан табылған. Австралопитек латын тілінен аударғанда *оңтүстік адамы* деген мағынаны береді. Дайын табиғи тастарды, таяқты, жануарлар сүйектерін ұштап, оларды еңбек құралы және қаруы ретінде пайдаланған. Австралопитектер табылған сүйек қалдықтары мен мекен еткен қоныстарына қарай *зинджантроп*, *оңтүстік африкалық*, *парантроп*, *епті адам (Homo habilis)* болып бөлінеді. 1959—1963 жылдары Шығыс Африканың Олдувэй шатқалынан *Homo habilis* -тің сүйек қалдықтары табылған.

Австралопитектердің қолдары ұзындау болған. Бойын еңкіш ұстағандықтан аласа көрінген, бірақ тік жүруге бейім болған. Бас сүйегі шағындау, жақ сүйектері үлкен, көздерінің айналасы шұңқыр, маңдайы кең, шығыңқы. Ал саусақтары заттарды ұстауға икемді келген.

Ежелгі епті адамдар (*Homo habilis*) тас, ағаш сынықтарын өңдеп, олардан құралдар жасаған. Малтатасты қырын өткірлеу үшін ұрып жұқартқан, дөрекі ауыр тас сынықтарының қырын шығарған.

Дамуының келесі сатысына көтерілген ежелгі адамдарды *архантроп* немесе *тік жүретін адамдар (Homo erectus)* деп атаған. *Homo erectus* -тың Ява аралынан *питекантроп*, Қытайдан *синантроп* деп аталған түрінің сүйектері табылған. Питекантроптар мен синантроптар бір-біріне өте ұқсас болғандықтан, олар адам дамуының бір сатысына жатқызылады.


Питекантроптың ми көлемі ұлғайған, бас сүйегі мен жақ сүйегі кішірейген. Аяқ-қолдарының ұзындықтары өзгерген. Австралопитектердің түрлеріне қарағанда аяқтары ұзын, қолдары қысқарақ болған.

### Тірек сөздер:

- Австралопитек
- Архантроп
- Палеоантроп
- Homo habilis
- Homo sapiens

**Ойлан!**

Ежелгі адамдардың даму сатылары бейнеленген бұл суретке қарап нені байқадың? Адамдарда қандай өзгерістер орын алған? Өз ойыңды дәптерге жазып, сыныппен талқыла.



Синантроптардың сыртқы келбетінен де даму белгілері анық байқалды. Миының көлемі ұлғайып, маңдайы біршама тіктелген. Қабағы жатық, пегі ықшам болған.

**Архантроптың ерекшелігі неде?****Ізден!**

Келесі даму сатысындағы ежелгі адамдар *палеоантроптар* деп аталды. Палеоантроптардың сүйек қаңқасы алғаш Неандерталь жазығында табылғандықтан *неандерталь адамы* деп те аталады. Олардың келбеті бүгінгі адамдардың келбетіне жақындау. Ми қауашағының көлемі ұлғайған. Қас сүйектері шығыңқы, маңдайлары тайқы. Тістері ірі, пегінің шығыңқылығы аз көрінеді. Бойлары орташа болған.

**Палеоантроптың ерекшелігі неде?****Ізден!**

Адам дамуының соңғы сатысында бүгінгі күнгі адамдардың келбеті қалыптасқан. Олар *есті адам — неоантроп (Homo sapiens)* деп аталады. *Homo sapiens* сүйектері алғаш 1868 жылы Францияның Кро-Маньон үңгірінен табылғандықтан оларды *кроманьондық адамдар* деп те атайды. Олардың бейнесінен бүгінгі адамдардың келбеті анық байқалған. *Homo sapiens* Қазақстан аумағындағы б.з.б. 50—40-мыңжылдықта қалыптасты. Олардың маңдайы жазық, тік, қас сүйегі пілінкі. Пегі жақсы жетілген, мұрны жіңішке, көз шұңқыры кішіректеу, маңдайы кең, беті жалпақ, жағы тікше. Бойлары ұзын. Неоантроптардың сүйектері қазіргі адамдардың сүйегінен ірілеу болған.

Тас құралдарды пайдалану үшін оларды өңдеу және жетілдіру қажет болған. Мұндай еңбек адамдардың кескін-келбетін, түр-тұлғасын өзгерістерге ұшыратты. Алғашында еңкіш жүрген адамдар тастан жасалған қаруларды қолдану үшін біртіндеп тік жүрген. Нәтижесінде аяқтары ұзарып, қолдары қысқара түскен.



Тас құралдардың өзін пайдалану және оны сапқа орнату



Алуан түрлі тас құралдар

### Неоантроптың ерекшелігі неде?

**Ізден!**

Қазақстан жерінен ежелгі адамдардың сүйек қаңқалары табылған жоқ. Бірақ олардың тұрағы, еңбек құралы, қаруы көптеп табылған. Олар Қаратау, Оңтүстік Қазақстан, Сарыарқа, Балқаш көлі төңірегі, Ертіс алқабы, Маңғыстау мен Мұғалжар тауларында кездеседі. Ескерткіштер алғашқы адамдардың бұл тұрақтарды 1 млн жыл бұрын қоныстанғанын айғақтайды.

Қазақстанда сүйек қаңқалары табылмағанына қарамастан, ежелгі адамдардың қай түрінің өмір сүргенін қалай анықтайды?

**Ізден!**



### Тапсырма

Суретке қарап, тас дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі туралы 5—8 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыр.

### Біліміңді тексер!

Алғашқы адам атаулары қалай берілген және немен байланысты?

## §4. АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

### Бүгінгі сабақта:

- алғашқы адамдардың тұрмысы мен шаруашылығын анықтаймыз;
- терімшілік пен аңшылық жөнінде білеміз;
- адамзаттың өмірінде оттың пайда болуымен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Терімшілік
- Аңшылық
- Тобыр
- Мұз дәуірі

### Бұл қызық!

Ғалымдардың пайымдауынша, палеолитте адамдар аз өмір сүріп, тез қартайды. Бір мыңжылдық бойында халық небәрі 10—20% ғана өсіп отырды.

дәнін, жеміс-жидегін теріп, тамырын қазып алған. Бұл ғылымда *терімшілік* деп аталады. Терімшілікпен көбінесе әйелдер шұғылданған.

Алғашқы адамдар *аңшылықпен* де айналысып, алғашында шікі етпен қоректенген. Олардың тұрақтарынан табылған жануар сүйектері адамдардың ұсақ және ірі аңдарды аулағанын көрсетеді. Олар құстардың ұясынан жұмыртқаларын да жинаған. Аң аулаумен ерлер айналысқан. Қарапайым тас құралдарымен қаруланған алғашқы адамдар тобырының аңшылығы үнемі нәпжелі бола берген жоқ. Мамонт сияқты ірі аңдарды екі-үш тобыр бірігіп аулаған. Мамонтты орға қуалап апарып құлатып, тас найзамен түйреген. Жабайы аңдарды үңгірге, тау шатқалдарына қаумалап апарған. Үңгірге кірген аңдарды қамап, үңгір аузын бекітіп,



### Тапсырма

Ежелгі адамдардың үңгірлерді мекендегендігін қайдан білуге болады деп ойлайсың? Адамдар тіршілігі барысында үңгірлерге қандай әсерлерін тигізген?

Сыныптастарыңмен талқылап, маңызды белгілерін дәптерлеріңе жаз.





Алғашқы адамдардың бірігіп мамонт аулауы

### Ойлан!

Суретке қарап, адамдар мамонтты қандай тәсілмен аулап жатқанын айтып бер. Бұдан басқа да қандай тәсілдер қолданылған?

шетінен ұстап отырған. Олар мамонт, бизон, үнгір аюын, марал, бұғы, арқар сияқты аңдарды аулаған. Аңдарды отпен үркітіп, құздан, жардан



Мамонт

Түкті мүйізтұмсық

Жүнді күдірколас

Үлкен мүйізді бұғы

Жабайы бұқа

Алғашқы адамдар аулаған ежелгі жануарлардың бір бөлігі.

құлатып аулау әдісін де қолданған. Алғашқы аңшылар мен терімшілер бір жерден екінші жерге қоныс аударып отырды.

### Есте сақта!

*Терімшілік пен аңшылық табиғи дайын өнімдерді тұтынатын қарапайым шаруашылық түрі болды.*

**Отты игеру.** Алғашқы адамдар найзағайдан пайда болған оттарды пайдалануды үйренген. Ондай отқа үнемі ағаш тастап, ұзақ уақыт сөндірмей ұстаған. Тіпті отты жандарын салып қорғаған. Себебі отты сөндіріп алу үлкен қауіп төндірген. От болмаса, бүтін бір тобырдың өміріне қатер төнуі мүмкін еді. Жыртқыш аңдар жоламасын деп үнемі үнгір аузына от жағып қойған. От алауымен жыртқыш жануарлардан қорғанып, ірі аңдарды үркітіп, қашуға мәжбүрлеген. Отты пайдалану арқылы шкі аң етін қақтап, піскен ет түрінде пайдаланды.

От тұтатуды үйрену адамзаттың дамуындағы маңызды жаңалық болды. Тастарды өндегенде, бір-біріне ұру кезінде оттың ұшқыны шыққан. Адамдар біртіндеп осындай ұшқыннан от тұтатуды үйренген.



Ағашпен от тұтату тәсілі

Сонымен қатар алғашқы адамдар таяқтың ұшын жұмсақ ағаштың шұңқырына сұғындырып тез айналдыра үйкеу арқылы да от шығаруды меңгерді. Бірақ бұл онай шаруа болмаған.

От тұтатудың келесі әдісі шақпақтасты кенді минералға ұру арқылы ұшқын шығару болған. Адамдар осылай шыққан от ұшқынымен жүн мен өсімдік талшығынан жасалған білгені тұтату арқылы от жаққан.

Ежелгі адамдардың өміріндегі үлкен өзгерістер табиғат құбылыстарымен байланысты болды. Ауа райы суытқан *мұз дәуірінде* ежелгі адамдар қоршаған ортадағы өзгерістерге тәуелді болды. Сондықтан олар оған барынша бейімделуге тырысты. Тек осылайша ғана аман қалатын еді. Мұз дәуірінде өмір сүрген адамдар суықтан қорғану әдістерін меңгерді.

### Ойлан!

Алғашқы адамдар аз өмір сүріп, тез қартайған. Оған қандай жағдайлар әсер еткен деп ойлайсың?

Табиғаттың қатал сынымен адамдар шындалып, жетіле түскен. Аулаған аң терілерін үстіне киім ретінде жамылып, жерге төсеніш ретінде төсеген. Теріні сүйек, тас қырғыштар көмегімен тазалап, керіп жұмсартқан. Жіңішкелеп тілінген теріден жіп даярлап, онымен киім құраған. Осылайша тігіншілік кәсіптің алғышарттары қалыптасқан. Мұз дәуірінде олар ірі аңдар қабырғасын шаңғы етіп қолданған. Оны аяқтарының астына қойып, кендір жіппен байлап мұз үстімен жүре білген.

Тастан құралдар жасаумен ерлер айналысқан. Тас шапқыларды қару ретінде де пайдаланған. Тас құралдарының үшкір, қырлы түрлерін жетілдіріп, қолдары еңбек түрлерін дамытуға бейімделе түскен. Уақыт өткен сайын адамдардың ой-санасы, қабілеті артып, білгендерін бір-біріне үйреткен. Адамдар өздері пана еткен үңгірлердің тас қабырғасына өсімдік бояуларымен сурет салған.

### Тапсырма

Суретке қарап, ежелгі адамдардың аю аулау тәсілі жөнінде әңгіме құрастыр. Бұл кезеңде адамдар қандай бірлестікке біріккен еді және оның себептері неде деп ойлайсың?



### Біліміңді тексер!

1. Алғашқы адамдар шаруашылығы қандай болған?
2. Палеолит тұрғындарының қоныстары қандай болған?

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАС ДӘУІРІНІҢ ТҰРАҚТАРЫ

### §5. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАС ДӘУІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАЛАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

Қазақстанның тас дәуірін зерттеген ғалымдармен танысамыз;  
тас дәуірінің ескерткіштерін білеміз;  
ежелгі адамдардың Қазақстандағы қоныстарын және олардың сипатын анықтаймыз.

#### Тірек сөздер:

- Шаруашылық алаңы
- Тұрақтар
- Маусымдық тұрақтар
- Уақытша тұрақтар

**Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің ескерткіштері.** Соңғы мәліметтер бойынша еліміздің аумағында 500-дей палеолиттік, 50 шақты мезолиттік, 800-дей неолиттік ескерткіш орындары анықталған.

Архантроп тұрақтарының орны Қазақстанның біраз аймағынан, Кіші Қаратау жотасының маңынан (Бөріқазған, Тәңірқазған, Қосқорған, Шоқтас), Сарыарқадан (Жаман Айбат, Хантау, Өгізтау), Балқаштың солтүстік

өңірінен (Тораңғы, Ақтоғай, Саяқ) табылған. Оларды 1959 жылы Х.Алпысбаев, 1982 жылы А.Г.Медоев, 1993 жылы Ж.Таймағамбетов, 1997 жылы геолог Ә.Байбатша зерттеген. Қазақстан аумағынан неолиттік дәуірге жататын ескерткіштерді зерттеуге Ә.Марғұлан, С.С.Черников, Х.Алпысбаев, А.Г.Медоев зор үлес қосқан. Отандық ғалымдар неолит дәуірінің Атбасар, Маханж ар мәдениеттерін анықтаған.

#### Есте сақта!

Көне ескерткіштерге жүргізілген қазба және зерттеу жұмыстарын *археологиялық зерттеулер* дейді.

**Ежелгі адамдардың Қазақстан жеріндегі қоныстары мен тұрақтары.**

*Палеолит тұрақтары.* Қазақстан алғашқы адамдардың қоныстанған аймақтарының біріне жатады. Қазақстанның оңтүстік өңірі ежелгі адамдардың өмір сүруіне қолайлы болған. Палеолиттік ең ежелгі қоныстар Қаратау жотасынан табылды. Бұл жердегі тұрақтардан 15 мыңнан астам тас құралдар алынды.



Ағаштан құралған баспана



Сүйектерден құралған баспана

Алғашқы адамдар уақыт өте баспана жасауды меңгерген. Олар баспананы ағаш діндерінен, ірі жануарлар сүйегінен күрке түрінде тұрғызған. Оның үстін аң терілерімен, шөптермен жапқан.

Палеолит дәуірінің ежелгі тұрғындары жардың астында немесе үңгірге кірер жерде салынған тұрпайы баспаналарда да тұрған. Олардың ортасында *жерошағы* бар. Қоныстарда тастарды өңдейтін шеберхана-тұрақтар, аңға шыққанда уақытша тоқтайтын мерзімдік тұрақтары болған.

### Ойлан!

*Ошақ, жерошақ* деген не және оны ежелгі адамдар қалай жасаған деп ойлайсың?

*Мезолит тұрақтары*. Мезолит дәуірі адамдарының Қазақстан жерінде қазіргі таңда 50-ге жуық тұрағы белгілі. Мезолиттік тұрғындардың тұрағы шөбі шүйгін, суы мол, шаруашылықты жүргізуге қолайлы жерлерде орналасты.

Палеолит дәуіріне қарағанда неліктен мезолит дәуірінің тұрақтары аз табылған деп ойлайсың? Оған табиғи жағдайлар мен шаруашылықтың қандай әсері бар?

### Ізден!

Мезолиттік тұрғындардың тұрағы көбіне маусымдық тұрақтар болды. Аңшылар мен терімшілердің алысқа ұзап кеткенде тұратын маусымдық және уақытша тұрақтары күрке тәрізді болды. Манғыстаудың Өліқолтық шығанағының жағалауындағы Бейіттөбе деген жерден археологтер осындай 16 уақытша тұрақ тапқан.

### Ойлан!

*Маусымдық және уақытша тұрақтар* деп нені түсінесің?



Уақытша тұрақтар

Маңғыстаудағы мезолит дәуірінің тұрақтарынан пішіні сопақ немесе дөнгелек құрылыстардың қалдығы табылған. Мұндай үйлердің негізгі қаңқасы ағаштан тұрғызылып, камыспен жабылған. Ортадағы ошақ қыстыгүні адамдардың жылынатын, тамақ пісіретін және өзге істермен айналысатын орны болған. Жаздыгүні барлық істерін үй алдындағы кіреберіс алаңда атқаратын болған. Археологтер бұл жерді *шаруашы-*

*лық алаңы* деп атайды. Шаруашылық алаңында еңбек құралдары мен қару-жарақтар даярланған. Жануарлардың терісін өңдеген.

### Ойлан!

Қазба жұмысы кезінде табылған тастардың табиғи тас немесе арнайы жасалған еңбек құралы екенін қалай ажыратуға болады деп ойлайсың?

Археологтер мұндай қоныстарда бір рулы қауым ұзақ уақыт бірге өмір сүрген деп болжайды.

### Ойлан!

Археологтер *шаруашылық алаңын* қалай білуі мүмкін және не себепті осылай атаған деп ойлайсың?

*Неолит тұрақтары.* Неолит дәуірінің ең көп тұрақтары Қаратаудың оңтүстік бөктеріндегі Қараүңгірден, Бүркітті өзенінің бойындағы Қойтас қойнауынан табылған. Жаңа тас ғасырындағы адамдардың тұрағы үңгірлерден басқа бұлақ басында, өзен аңғарында, көл маңында орналасты. Неолит дәуірінде егіншіліктің дамуына байланысты отырықшы мәдениет қалыптаса бастады. Осыған орай, жеке отбасы немесе бірнеше отбасы бірігіп тұратын баспана салу орын алды.

Археологтер 2001 жылы Каспий теңізінің жағалауындағы Ақтау қонысын зерттеген. Тұрақта адамдар б.з.б. 5-мыңжылдық шамасында мекендеген. Бұл қоныстан табылған 30—35 адамдық қауымға тиесілі үй орны табылды. Сұлбасы сопақшалау келген бұл үйдің аумағы — 16 x 12 м. Үйдің қабырғалары тастан қаланған. Ал төбесі ағаш сырықтар мен камыс баулардан жабылса керек. Үйді арнайы пешпен жылытқан.

Кельтеминар мәдениетіне жататын неолиттік баспаналар сопақ пішінде тұрғызылған. Көлемі 80—300 м<sup>2</sup> үлкен үйлерде 50—65 адам тұрған. Ал жалпы бір қоныста 150—200 адамға дейін мекендеген. Сонымен қатар *жеркентелер* де салынған.

**Тапсырма**

Суретке қарап, шаруашылық алаңындағы ежелгі адамдардың атқарған істері туралы әңгіме құрастыр.

**Біліміңді тексер!**

Палеолит, мезолит және неолит тұрақтарының орналасуында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Оның себептері неде?

## §6. ТАС ДӘУІРІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ҚАРУЛАРЫ

**Бүгінгі сабақта:**

- ежелгі адамдардың еңбек құралдарын жасау жолымен танысамыз;
- еңбек құралдарының атауын білеміз;
- ежелгі адамдардың айналысқан кәсібі туралы оқимыз.

### Ежелгі адамдар алғашқы еңбек құралдарын қалай жасаған?

Ежелгі адамдар ең алғаш тас құралдарды шакпақтастардан жасаған. Себебі бұл материал табиғатта көп кездескен. Ол оңай жарылады әрі арнайы бір пішін жасап, қыр шығаруға қолайлы болған.

**Тірек сөздер:**

- Тас құрал
- Шакпактас
- Бифас
- Унифас
- Леваллуа әдісі



Өзектастар және одан алынған тас сынықтары



Тас құралдың жасалу жолы

Тас құрал жасау үшін жұмыртастың екі жағын өзге таспен ұрып сындыру арқылы қырын, жүзін шығарған. Ондай құралдар жер қазуға, ағаш шабуға, аң етін кесуге жарайтын болған. Тасты өңдеп құралдар жасау барысында пайда болған өзектастар (нуклеус) қазба жұмыстары барысында көптеп кездеседі.

### Ойлан!

Алғашқы құралдар жасау үшін не себепті көбінесе шақпақтастарды таңдаған деп ойлайсың?


Қаратау тұрақтарынан табылған тас құралдар тұрпаты және оларды өңдеу тәсілдері Африка, Үндістан, Пәкстан мен Қытай жерлерінен табылған тас құралдарға ұқсас.

Еліміздің аумағындағы *Бөріқазған*, *Тәңірқазған*, *Қазанған*, *І Ақкөл* т.б. ежелгі палеолит тұрақтарынан тас құралдар табылған. Негізгі тас бұйымдар *бифас*, *унифас*, үлкен көлемді тас жанка, дөрекі жасалған *тас шапқы*, өзектас тұрпатты *шапқы* болып табылады. Унифас деп тек бір жағы ғана өңделген тас құралды айтады. Ал бифас ұғымы екі жағы да өңделген тас құралды білдіреді.


Тас өңдеу техникасы жетілдіріліп отырды. Тасты сүйек, ағаш, мүйіз тоқпақшалармен де жарған. Тегіс тас тақташадан ұзынша қалың қалақшалар сындырылып алынды. Тас өңдеудің бұл жаңа әдісі *леваллуа әдісі* деп аталады.

### Палеолитте қандай өзгерістер болды?

Бұл кезеңде адамдар тасты өңдеу ісін дамыта отырып қырғыштар, кескіштер жасауды анағұрлым жетілдірген. Сонымен қатар жасалған еңбек құралдарының көлемі кішірейе бастаған. Кремний



Бифас тас құралы



Унифас тас құралы





Леваллуа әдісімен құрал жасау



Тас қырғыш



Тас пышак

немесе кварц тастардан *призма* пішіндес өзектестер жасаған.

Шақпақтас тілікшелерінен ұзын пышак іспеттес құрал дайындау — тасты жару техникасының жетілгендігінің дәлелі. Қанжар, пышак жүзіне ұқсайтын құралдарды ағаш жонуға, сүйек, мүйіз, тері, тас өңдеуге қолданған.

Жануарлар сүйегі мен мүйіздерін өндеп әртүрлі құрал-саймандар жасаған. Олардан найза ұштарын, кездіктер жасаған. Найзалар балық аулау мен аң аулауда қатар қолданылды.

### Бұл қызық!

Ежелгі адамдар шақпақтастардан құралдарды жарықшақтап жасаудың құпиясын білген.

Шақпақтас тілікшелері қырының өткірлігі сондай, тіпті онымен қырынуға болады.

### Тапсырма

Суретке қарап, ежелгі адамдардың құралы туралы 4-5 сөйлемдік мәтін құрастыр. Өз ойыңды дәптерге жаз.



### Біліміңді тексер!

Палеолит дәуірінің құралдары мен қарулары қандай болған?

# АДАМДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

## §7. ТАС ДӘУІРІНІҢ СОҢЫНДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ

### Бүгінгі сабақта:

адамдардың шаруашылық түрлерін жетілдіруін оқимыз;  
малшылық пен егіншіліктің пайда болуын білеміз;  
қыш құмыра өндірісінің қалыптасуымен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Егін егу
- Жіп піру
- Тоқымашылық
- Бөгет
- Сал
- Қыш

*Мезолит.* Мезолитте аңшылық кәсіптің сипаты өзгерді. Бірнеше мыңжылдықтарға созылған *мұз дәуірінің* аяқталуымен бірге ірі жануарлар жойылып бітті. Ал ұсақ, жүйрік аңдарды аулау қиынға түсті. Бұғы, бөкен, жылқы сияқты аңдарды бұрынғы тәсілдермен аулау оңайға соқпады. Аңшыларға бұрынғыға қарағанда неғұрлым жетілген қару түрін табу қажет болды. Жүйрік немесе ұсақ аңдарды аулау үшін жылдам әрі алысқа ататын қаруға қажеттілік туды. Сөйтіп, *жебе* мен *садақ* ойлап табылды. Енді аңшылар сүнгімен лақтырып түйреу, садақпен атып алу әдістерін пайдалана бастады.

үшін жылдам әрі алысқа ататын қаруға қажеттілік туды. Сөйтіп, жебе мен садақ ойлап табылды. Енді аңшылар сүнгімен лақтырып түйреу, садақпен атып алу әдістерін пайдалана бастады.

### Еске түсір!

Палеолит дәуіріндегі аңшылық тәсілдері қандай еді?



Анды сүнгімен аулау тәсілі



Садақпен аулау тәсілі

Ежелгі адамдардың садақ пен жебені пайдалануы қандай мүмкіндіктерге жол ашты?

### Анықта!

Бұрын қауым болып аң ауласа, енді жекелеп аң аулау қалыптаса бастады. Аң аулауға қолайлы алқаптарды іздеп, жиі қоныс аударып отыратын болды.

Мұздықтар ерігеннен кейін судың мол болуы балықтардың көбеюіне қолайлы жағдай туғызды. Бұл мезолиттік адамдардың балық аулау кәсібін игеруге, оның әдіс-тәсілдерін жетілдіруге ықпал жасады. Балық аулауға *қармақ*, *ау, гарпун* пайдаланылды. Балық аулау мақсатында өзендерге *бөгет* салуды меңгерді. Сондай-ақ *сал* және алғашқы *қайықтар* мен *ескектер* пайдаланыла бастады.



Гарпунның жетілдірілуі және қармақ

### Ойлан!

*Қайық* және *сал* дегеніміз не және оны неден жасаған деп ойлайсың?

Ауа райының жылынуы терімшілікті одан әрі дамытты. Терімшілік *егіншілік* кәсібінің алғышартын қалыптастырды. Мезолит дәуірі адамзат дамуының елеулі кезеңі болып, олардың өмір сүру салты өзгерді. Адамдардың саны да артты. Мезолит кезеңінде ең алғашқы үй жануары — итті қолға үйреткен және оны аң аулауға қосқан.

**Неолит.** Неолит дәуірінде ұлы өзгерістер басталды. Бұл дәуірде қарапайым шаруашылықтан өнім беретін өндіруші шаруашылыққа өту жүзеге асты. Бұған дейінгі аңшылық пен терімшілікте табиғаттағы дайын өнімді пайдаланған болса, енді *малшаруашылығы* мен *егіншілікті* дамыту арқылы өздері өнім өндіретін болды.

Малды қолда өсіру арқылы терісін, етін, сүтін, жүнін өнім ретінде пайдаланды. Егін егу арқылы дәнді дақыл өнімдерін азық ретінде пайдаланды. Мал жүнін өңдеудің нәтижесінде жіп піріп, тоқымашылық дамыды.

Малшаруашылығы мен егіншіліктің қалыптаса бастауы адам-



Ежелгі қайық

### Есте сақта!

Терімшіліктен егіншаруашылығына, аңшылықтан малшаруашылығына көшу ғылымда *неолиттік төңкеріс* деп аталады.

дардын материалдық мәдениетін, дүниетанымын, ойлау, пайымдау жүйесін түбегейлі өзгертті. Солтүстік Қазақстандағы орта және соңғы неолит дәуірінің тұрақтарынан жылқының, ірі қараның сүйектері көп табылды. Бұл б.з.б. 3-мыңжылдықтың басында осы өңірде мал-шаруашылығының дамығанын дәлелдейді.

Өндіруші шаруашылықтың дамуы адамдардың тұрмысын жақсартты. Халық саны артып, қатынас құралдары қалыптаса бастады.

### Ойлан!

Өндіруші шаруашылық адамның табиғатқа тәуелділіктен құтыла бастауына мүмкіндік жасады. Себебін қалай түсіндірер едің?



Түбі үшкір  
қыш ыдыс

**Қыш құмыра жасау өндірісі.** Неолитте адамдар сазбалшықтан ыдыстар жасаған. Берік болу үшін оны отқа күйдірген. Осылайша қыш құмыра жасау өндірісі дамыды. Қыш ыдыстарды қоңырау мойынды, бойын биіктеу, түбін үшкірлеу етіп те жасаған. Пішіні жұмыртқа тәрізді қыш ыдыстар да жиі кездеседі. Неолиттік ыдыстар жалпақ табанды, биіктеу болып та келеді.

Қыш ыдысты қалай жасаған? Ыдыс жасаудың қарабайыр тәсілі қандай болған?

**Ізден!**

### Бұл қызық!

Палеолит дәуірінің соңғы кезеңіне қарай, шамамен 15—16 мың жыл бұрын Жер шарында адам баласының саны 3 млн-дай болған. Ал неолит дәуірінде б.з.б. 7-мыңжылдықта Жер шарында адам саны 10 млн-ға жеткен.

Маңғыстаудағы Ақтау қонысының неолиттік тұрғындары әкті ұлутастан да ыдыстар даярлаған. Сондай-ақ ұлу қабыршақтарынан әшекей бұйымдар жасаған. Неолит тұрақтарынан моншақ, алқа, қадауыштар көптеп табылды. Бұл әшекейлерді де кәсіби деңгейде өндіргендіктерін көрсетеді.

### Тапсырма

Қыш ыдыстардың пайда болуы адамдар үшін қандай маңызды мүмкіндіктер әкелді? Қыш ыдыстарды қандай мақсатта пайдаланған деп ойлайсың?

Дәптеріңе тас дәуірінің соңындағы қыш ыдыстың адамдарға тигізген пайдасы туралы әңгіме жаз.

### Біліміңді тексер!

Мезолит пен неолитте адамдардың шаруашылығында қандай өзгерістер болды?

## §8. МЕЗОЛИТ ПЕН НЕОЛИТ ДӘУІРІНІҢ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ҚАРУЛАРЫ

### Бүгінгі сабақта:

ежелгі адамдардың еңбек құралын жасау жолдарымен танысамыз;  
еңбек құралдарының атауын білеміз.

### Мезолит дәуірінде қандай өзгерістер болды?

Мезолит кезеңінде үлкен жаңалық *садақ* пен *жебені* қолдану болды. Ол адамдар өмірінде үлкен өзгеріс тудырған. Осы кезеннен бастап садақ пен жебе қарудың негізгі түріне айналған. Сондықтан мезолиттік кезеннен бастап археологиялық ескерткіштерде жебенің тас ұштары көп кездеседі.

Мезолитте жануарлардың сүйегі мен мүйізін өңдеу жоғары деңгейге жеткен. Оларды найза ұштарын, пышақ (*кездік*) даярлауға пайдаланған. Найзалар балық пен аң аулауда қолданылды.

**Кездік** деген не және ол неге пайдаланылған?

### Ізден!

Еңбек құралдарын жасауда түбегейлі өзгерістер болды. Тас өңдеудегі ерекшеліктеріне карап мезолитті басқа дәуірлерден ажыратуға болады. *Найза, гарпун, жебенің ұшы* ретінде үшкір ықшам тастар пайдаланылған. Адамдар бұл кезде ұзындығы 1-2 см болатын шағын шақпақтас құралдарын жасаған. Олар *микролиттер* (грек. *micro* — кішкентай, *lithos* — тас) деп аталады. Ағаштан немесе сүйектен жасалған құралға шақпақтастың шағын бөлшектерін бекіту арқылы кескіш, түйрегіш құралдар жасауды жетілдірген. Осы кезеңде *пышақ, қанжар, жебенің, найзаның* ұштарын сүйек пен ағаштан жасауды игерді.

Бүгінгі заманғы дүниежүзілік жыл санау қалай жүргізіледі?

### Анықта!

### Тірек сөздер:

- Садақ
- Жебе
- Гарпун
- Микролит
- Қыш
- Құмыра



Жебе ұштары



Ежелгі дәуірдегі жебенің даярлануы



Мүйізбен сапталған тас пышақ



Ақбөкеннің мүйізімен сапталған тас пышак



Микролиттер және ағаш ұштық



Сүйек ұштық



Қалпына келтірілген орак

Мезолиттік өнердің тағы бір ерекшелігі — ұсақ пластиналарға геометриялық өрнектерді, адамды және аңдарды бейнелеу қалыптасты.

### Неолит дәуірінде құралдардың дамуы.

Неолитте алғашқы егіншілер су көздеріне жақын, құнарлы жерлерді игере бастады. Олар егіншілікке қажетті құралдарды жетілдіре түсті. Аң сүйектеріне, ағашқа жұқа тас тіліктерін бекітіп орак жасады. Оның көмегімен шөп, егін орды.

Қыш ыдыстардың сыртына таяқшаның, калыптың көмегімен толқынға, сорғалап тұрған суға ұқсайтын геометриялық өрнектерді сала бастады. Өрнектерді салуға піспектеу, оймалау, прек тісті мөрмен бастыру тәсілдері қолданылған. Неолиттік қыш ыдыстардың қалдықтары сирек кездеседі.



### Тапсырма

Қыш ыдыстарға суреттердегі өрнекті қалай және немен салды деп ойлайсың? Ойыңды қысқаша дәптерге жаз.

*Ескерту.* Суреттердегі құралдар мен қарулар олардың бастапқыда қандай болғандығын көрсетуге арналған заманауи жаңғыртпалар болып табылады. Негізінен, олардың тас бөліктері ғана сақталған.

### Біліміңді тексер!

Неолитте өндіруші шаруашылыққа өту еңбек құралдарын жетілдіру нәтижесінде жүзеге асты деген пікірмен келісесің бе? Себебін толығырақ түсіндір.

# БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ

## §9. МЫС ДӘУІРІ

### Бүгінгі сабақта:

мыс дәуірінің ерекшелігімен танысамыз;  
шаруашылықтың жаңа түрлерінің игерілуі туралы білеміз;  
еңбек құралдарының жетілуін оқимыз.

Адамдардың мыс өндеуді игерген уақыты *мыс дәуірі* — *энеолит* деп аталады. Ол шамамен 3—2-мыңжылдықтарды қамтыды. Мыс дәуірінің ескерткіштеріне мыс бұйымдар, тас құралдар, көркем накышталған қыш ыдыстар, тұрғынжайлар жатады. Тас құралдарды жасау дами отырып, одан әрі қолданыла бергендіктен *бұл кезең мысты тас дәуірі* деп те аталады.

### Тірек сөздер:

- Мыс
- Сүйек өндеу
- Тері өндеу

бұл кезең *мысты тас*

*Мыс* дегеніміз не және оны ежелгі адамдар не себепті пайдаланған деп ойлайсың?

### Анықта!

**Адамдардың шаруашылығындағы өзгерістер.** Энеолиттік құрал-жабдықтар түрінің көп болуы шаруашылық түрлерінің дамығандығын көрсетеді. *Аң аулау, балық аулау, терімшілік* одан әрі сақталды. Жебе ұштары асқан шеберлікпен жасалды. Садақ пен жебенің жетілген түрін жасау аң аулау әдістерін дамытуға мүмкіндік берді. Балық аулау кәсібінің басты құралы *шанышқы* болды.

Тас пен сүйек өндеу ісі одан әрі жетілді. Оларды басқа сапалы еңбек құралдарын жасауға пайдаланды. Тұрғынжайлар, қоныстар салу кезінде ағаштарды өндеу үшін *балта, шот, қашау, керткіш, жонғыш, сүргі, кескіш, пышақ, қырғыш, тескіш* сияқты құралдар қолданылған.

### Ойлан!

*Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, жебелер, найзаның ұштары* қандай шаруашылықпен байланысты құралдар деп ойлайсың?



Жебе ұштары



Тас балта



Тас тескіш

Тері өңдеу ісіне қырғыш, пышак, жонғыш, келі, түрпі, тегістегіш құралдар пайдаланылған. Өңделген теріден киім тікті. Тігіншілік, тоқы-машылық, шп тоқу кәсіптерінің бастамасы пайда болды. Осы кезеңдегі тастан жасалған үтік тәрізді құралдар табылған. Мысты өндірудің өзі жаңа бір кәсіптің түрі болды.

Малшаруашылығы мен егіншілік энеолит дәуірінде одан әрі дамып, жетекші рөлге ие бола бастады. Егіншілік пен малшаруашылығының өркендеуі ыдыс жасау, тері өңдеу және басқа да тұрмысқа қажетті заттарды жасаудың дамуына әкелді. Осылайша бір іске маманданған кәсіп иелері қалыптаса бастады. Біртіндеп тұтас бір рудың адамдары бір кәсіптің түріне маманданды. Өнім беретін шаруашылық түрлерінің дамуына байланысты адамдардың саны да арта бастады.

### Еске түсір!

*Аналық рулық қауым дегеніміз не және ол қашан пайда болған еді?*

Ер адамдардың күшін қажет ететін шаруашылық түрлерінің өсуі туысқандық есебін әке жағынан таратуға, жеке мүлікке мұрагерліктің әке жағынан болуына алып келді. Осылайша энеолит дәуірінде рулық қауымның негізін көбінесе *патриархалды отбасы* құрайтын болды.

### Есте сақта!

*Патриархалды* (грек. *pater* — әке, *arche* — билік) *отбасылар* жақын туысқандардың үштен аса ұрпағынан тұрды.

Жақын отбасылар *руға*, рулар *тайпаға* бірікті. Ал тайпалардан *тайпалық одақтар* қалыптасты. Біртіндеп үйге, малға, еңбек құралдарына, тұрмыстық заттарға жекеменшік пайда болды. Ру мүшелері жайылым мен аң аулайтын жерлерді де иемденді. Адамзат өз дамуында осылайша тарихтың жаңа сатысына көшті.



Сүйектен жасалған біз және тескіштер



Тас үтік



**Тапсырма**

Энеолит дәуіріне жататын бұл бұйымның не екенін және қалай даярлағаны жөнінде болжам жаса. Өз жауабыңды сыныптастарыңмен талқыла.

**Біліміңді тексер!**

Ботайлықтар шаруашылықтың қандай түрлерін дамытты?

**§10. БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ****Бүгінгі сабақта:**

Ботай мәдениетінің ескерткіштері туралы оқимыз;  
жылқы өсірудің пайда болуы мен дамуын білеміз.

**Ботай мәдениеті дегеніміз не?**

Қазақстан аумағындағы мыс дәуіріндегі ең атакты мәдениеттердің бірі — Ботай мәдениеті. Неолит дәуіріндегі Атбасар мәдениетін дамытқан Солтүстік Қазақстан өңірін мекендеген ежелгі тұрғындар энеолит дәуірінде Ботай мәдениетін дамытты. Ботай мәдениеті Жайық пен Ертіс өзендерінің аралығын алып жатыр. Ботай қонысы Солтүстік Қазақстан, Айыртау ауданы, Есіл өзенінің оң жақ саласы, Пманбұрлық өзенінің оң жақ жағасындағы еңіс алаңқайда орналасқан.

Ботай үйлерінің қабырғасы бір-біріне жалғастырылып салынған бірнеше тұйықталған бөліктерден тұрады. Ботай мәдениетінің кейбір қоныстарында осындай әдіспен салынған 30-ға тарта үй болған. Археологтер Ботай қонысы баспаналарын зерттеу үшін Шалқар көлінің бойында орналасқан екі баспананы қайта қалпына келтірген.

Қоныстардан ошақ орны және шаруашылық қоймасы ашылған. Шаруашылық мақсаттағы қоймаларда азық-түлік сақтаған.

**Тірек сөздер:**

- Ботай мәдениеті
- Жылқы

**Есте сақта!**

Энеолит дәуіріндегі тас өңдеу әдіс-тәсілдері неолит дәстүрлерінің жалғасы болып табылады.

**Ботай қонысынан табылған олжалар**. Ботайлықтар шаруашылық құралдарын түрлі тастардан, сүйектерден жасаған. Ботай қонысынан тастан жасалған пышақ, қанжар, гарпун, жебенің, найза ұштарының



Қалпына келтірілген Ботай қонысындағы тұрғын үй



Найза ұшы

Балық пішінінде  
нақышталған сүйек  
бұйымының бөлігі

Қыш ыдыс

көптеп табылуы аңшылық кәсіптің маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Ботай қонысынан екі шеті өңделген шақпақтастан жасалған ірі пышақ, тегістелін жылтыратылған тас баталар, ине, біз, тескіштер, нақышталған сүйектер, тұмар, әшекей бұйымдардың көптеп табылуы шаруашылықтың әр түрінің болғандығынан хабар береді. Қыштан ыдыс жасау дамып, оның сырты безендірілген. Қыш ыдысқа өрнектер салу үшін арнайы қалыптар даярлаған.

**Алғашқы жылқы өсірушілер.** Ботай тұрағынан жылқының көптеген сүйегі табылған. Ботайлықтар жылқы сүйектерінен құрал-саймандар мен қару-жарақтар, үйге және табынуға керекті заттар жасаған. Мысалы, жылқының жілігін ұштап, ағаш қашайтын құрал жасаған. Үйшаруашылығы үшін қажет болмаған сүйектерді баспаналардың, басқа да шаруашылық құрылыстардың қабырғасына арқау ретінде пайдаланған.

### Ойлан!

Табылған сүйектердегі жылқы тістерінің жабайы жылқынікімен салыстырғанда көбірек мүжілгендігінен, сызат түскенінен нені аңғаруға болады деп ойлайсың?

**Есте сақта!**

Ботай мәдениетін жасаған адамдардың жылқыны қолға үйреткендігі аса маңызды жаңалық болды. Әлем ғалымдары жылқыны алғаш қолға үйрету ежелгі қазақ даласында болғандығын мойындады.

Ғалымдардың пайымдауынша, жылқыны қолға үйрету мәдениеті 5500 жыл бұрын болған.



Қыш ыдыстарға өрнек салатын калыптар



Өрнек салуға арналған калып түрі

Энеолитте жылқының етін тағам ретінде пайдаланған. Сүтінен қымыз ашытқан. Қымыз дайындау сол кезден басталып бүгінге дейін үзілмей келе жатыр. Қоныстардан қымыз қалдығы сақталған ыдыстар табылған. Адамдар жылқыны ерттеп мініп, көлік ретінде пайдаланған.

**Ойлан!**

Қандай археологиялық жәдігерлерге қарап энеолитте жылқының сүтін пайдаланғанын білуге болады деп ойлайсың?

Энеолит дәуірінде шаруашылық түрлерінің дамуы аналық рулық қауымның бірте-бірте ыдырауына алып келді.

**Тапсырма**

Қалпына келтірілген Ботай қонысы баспаналарының үлгісіне қарай отырып, қалай жасалғанына сипаттама жаса.

**Біліміңді тексер!**

Жабайы жылқыны қолға үйретудің адам өміріне әсері туралы айтып бер.

# ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

## §11. ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ КЕЗЕҢДЕЛУІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

- қола дәуірінің кезеңдерін оқимыз;
- қола дәуірінің қоныстарымен танысамыз;
- қола дәуірінің ескерткіштері туралы білеміз.

### Тірек сөздер:

- Қола
- Күйма қалып
- Құдық
- Отбасылық шаруашылықтар

Қола дегеніміз не?

Ізден!



Қоладан жасалған құрал-саймандар

**Қола дәуірінің ерекшелігі.** Қола дәуірінде металлургия кең қанат жайды. Қола дәуірінің мәдениеті, негізінен, металл кендері көп жерлерде дамыды. Қола кені кездеспейтін аймақтарда оны игеру кешеуілдеді немесе мүлдем пайдаланылмады.

### Еске түсір!

Металл игеру қай кезден басталған еді және ең алғаш қандай металл игерілді?

Қола игеру б.з.б. 2-мыңжылдықта Қазақстан мен Еуропада тараған. Қоланы игеру Қазақстан аумағында егіншілік пен малшаруашылығын дамытып, қоғамның дамуына да, дүниетанымдарының артуына да өзіндік маңызды ықпалын тигізді.

### Есте сақта!

Қола дәуірі барлық аймақта бір уақытта басталған жоқ.

Қоланы әртүрлі еңбек құралдарын, шаруашылық, тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар, әшекей бұйымдар жасауға пайдаланған. Қоланың мыспен салыстырғанда артықшылығы бар. Ол едәуір қаттырақ, төмен температурада балқисы, түсі де әдемі, жытырап тұрады.

**Қола бұйымдар.** Қола дәуірінде шаруашылық пен тұрмысқа қажетті бұйымдар көбінесе

қоладан жасала бастады. Әсіресе орақ, балта, қанжар, пышақ, найза, жебе ұштары қоладан құйылды. Сәндік бұйымдардан *білезік, ілгек, қапсырма, моншақ, өңіржиек, сырға* сияқты заттар әзірленді. Қола дәуірінің Былқылдақ, Айшырақ, Мырзашоқы, Алексеев қоныстарынан киімді безендіретін дөңгелек пішінді ою-өрнекті қола жапсырмалар табылған.

Бұйым жасауда *соғу, құю, қақтау, өрнектеу, тегістен жылтырату* әдісін жоғары дәрежеде меңгеріп, қола бұйымдардың бетіне өрнек сала білді.



Қола дәуірінде жасалған қару-жарак түрлері

### Ойлан!

Не себепті қоланы пайдалану кең тарай бастады деп ойлайсың? Қоладан жасалған бұйымдардың қандай артықшылығы бар?

Қола дәуірінде тастан, сүйектен, қыштан бұйымдар жасау жалғасын тапты.

**Қола дәуірінің қыш ыдыстары.** Қыш ыдыстарды күйдіру, жапсы ру тәсілімен жасады.

Керамиканы даярлаудың қандай тәсілдері болған?

### Ізден!

Қола дәуірінің алғашқы кезеңінде ыдыстардың мойнын ішке қайырып, түбін жалпақ, бүйірін біраз шығынқы етіп жасаған. Ортаңғы кезеңіндегі ыдыстардың да түбі жалпақ келгенмен, басты өзгешелігі — ініне мойны мен бүйірін бөліп тұратындай ойық жасалынды. Соңғы кезең ыдыстарының іні дөңгелек, бүйірі шығынқы келді. Ернеулеріне балшық таспалар жапсырылды. Ыдыстарға шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш, ирек сызық сияқты геометриялық өрнектер салынды.

Керамикалық ыдыстарды қандай мақсаттарда пайдаланған?

### Ізден!

**Қола дәуіріндегі қоныстар.** Қола дәуірінің қоныстары өзен-көлдердің маңына са-



Қола дәуіріндегі қыш ыдыстар

лынды. Қоныстар 6—10 үйден, үлкендері 20 үйден тұрды. Тұрғын үйлер жартылай *жертөлелер* мен жер бетіндегі *үйлер* болып бөлінді. Қоныстардағы жартылай жертөлелер тік бұрышты, сопақ және сегіздік секілді салынды. Олардың шығар аузы дәліз сияқты болды.

Жертөле қабырғаларын бойлай *бағаналар* орнатылды. Арасына ағаштар, *шарбақтар* қойылып, балшықпен сыланды. Ал жер бетіндегі үйлердің қабырғалары бөренелермен өрілді. Орталық және Батыс Қазақстанда үй қабырғаларын қалауға тастарды пайдаланған.

Қола дәуірінде Батыс және Орталық Қазақстанда құдық қазу ісі қалыптаса бастады. Құдық орындары Солтүстік Қазақстанда Шағалалы, Батыс Қазақстанда Тастыбұлақ қоныстарынан табылды.

### Ойлан!

Ертеде адамдар үй салуға тасты қалай пайдаланған деп ойлайсың? Оның төбесін сен қандай табиғи заттармен жабар едің?

### Қоғамдағы ер адамдардың рөлінің артуы.

Қола дәуірінде малшаруашылығы мен кен өндіру ісінің дамуы қоғамдық өмірге ірі өзгерістер алып келді. Мұндай шаруашылықтар ер адамдардың еңбегі мен күшін қажет ететін болған. Ал ол қоғамда ер адамдардың рөлінің артып, ықпалды болуына және туыстықтың әке жағынан есептелуіне жеткізді. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде *рулық қауым* ыдырап, жеке отбасылық шаруашылықтар бөлініп шықты. Қарым-қатынаста айырбас жасау кең өріс алды.

### Еске түсір!

*Рулық қауым* дегеніміз не және қашан пайда болған еді?



### Тапсырма

Сурет бойынша қола дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне 7-8 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыр.

Жоғарыда берілген құрал-саймандар, қару-жарақтар, қыш ыдыстардың суретіне қарап, олардың жасалуы, не үшін қолданылғандығы жөнінде болжамдар жаса.

### Біліміңді тексер!

Қола дәуірінің тас дәуірінен негізгі ерекшеліктерін сипаттап бер.

## §12. ЕЖЕЛГІ КЕНШІЛЕР ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ОРЫНДАР

### Бүгінгі сабақта:

ежелгі кен өндіру орындарымен танысамыз;  
ежелгі кеншілердің кенді қалай өндіргенін оқимыз;  
кен өндіруге қандай құралдар қолданғанын білеміз.

**Ежелгі кеншілер аймағы.** Қазақстан жері кен орындарына бай әрі мұнда қалайы мен мыс кендерінің қоры мол. Сондықтан да қазақ жері ежелгі кен өндіру ошағы болған.

Ежелгі кен қазбаларының қалдықтары Қалба, Нарын жоталарындағы қалайы кендерінің, Кенді Алтай, Жетісу, Сарыарқадағы мыс, полиметалл кендерінің орындарында кездеседі. *Қорыту пештерінің* орындары Милықұдықта, Жезқазғанда, Шүлбі өзенінің Ертіске құяр жерінде, Қанай ауылы маңында табылған. Металл балқыту ісі қоныстарда және қонысқа жақын орындарда жүргізілген.

### Тірек сөздер:

- Кентас
- Қола
- Құйма қалып

### Ойлан!


Кен өндірген орындардың үлкен аумақты алып жатуы және өндірген кен қалдықтарының көптігі нені аңғартады деп ойлайсың?

**Кен өндіруде қандай әдістер қолданған?** Ежелгі кен орындарының қазындылары шұңқыр, үңгір, ұра, жыра түрінде кездеседі. Олардың тереңдігі бірнеше метрден ондаған метрге дейін жетеді. Бұл орындардан металы бөлініп алынған *кентас* қалдықтары, бос жыныс үйінділері табылған.

*Қорыту пештері* деген не және олар қашан пайда болған?

### Ізден!

Кентасты өндіруде түрлі тәсілдерді қолданған. Кенді ұнғып алу жұмыстары тек кенді өзектер бойымен жүргізілген. Қопсыма



Қола дәуіріндегі кен өндірісінің құралдары:

- 1, 3 — өгіздің қабырғасынан жасалған қыруға арналған бұйым; 2 — маралдың мүйізінен жасалған жонғыш;  
4 — тас қайла; 5 — тас балға; 6 — сына тәрізді тас қайла; 7 — тас көзе; 8 — қыш көзе; 9 — қыш соққыш



Қола орак



Қола дәуір балтасы

### Бұл қызық!

Қола дәуірінде кентас өндіру мен балқыту кен өріс алды. Жезқазған өңірінде 100 мың т-ға жуық мыс балқытылып, қазіргі Успен кенішінде 200 мың т кентас өндірілген.

кендер тас тоқпақшалармен, балталармен карапайым ұрғылау арқылы алынды. Ал тығыз және қатты кендерді отпен уатқан. Ол үшін кен өзегінің үстіне немесе қуысына от жаққан. Қызған кентасқа суық су құю арқылы минералдарды уатқан.

### Ойлан!


Кентасты ажырату, бөлу үшін оттың қандай қасиетін пайдаланған деп ойлайсың?

Отпен уатумен қатар үнгімелеу әдісі де қолданылған. Ол үшін тастың астын үнгіп қазып, содан кейін тас балғамен сокқылап кенді түсірген. Оның іздері Жезқазғандағы кен қазындыларында сақталған. Терең ұңғу кезінде үстінгі қабаты опырылып түспес үшін әр жерден тіреу қабаттар қалдырған немесе ағаш тіреулер орнатқан. Босаған кен өңдеу үшін сыртқа шығарылған. Қола өндіруге байланысты түрлі өндіріс құралдары жасалды.

Қола дәуірінде кен өндіруде қандай құралдарды пайдаланған?

**Ізден!**

Кен орнынан тысқары жерде кенді тас балғамен уатып, сумен жуған. Сумен жуу арқылы кенді тастан айырып, қорытатын жерге тасыған.



Тастан жасалған құйма калыптар

Ежелгі адамдар қоланы қалай қорытқан?

**Ізден!**

Ежелгі ұсталар құйма шеберханаларда металдан орак, балта, балға, қанжар, пышақ сияқты шаруашылық құралдарын, найза, жебе ұштары сияқты қару-жарақтарды құйған. Ол үшін тас және балшықтан жасалған құйма калыптар пайдаланған. Темір ұсталары сәндік бұйымдарды,



зергерлік әшекейлерді қоладан құйып, бетін алтынмен аптауды меңгерген.

### Ойлан!

Қола дайындау үшін мысқа қосатын қоспа металдар болмағанда оларға қандай жолмен қол жеткізген деп ойлайсың?



Зергердің түйгіші мен шағын тас калыптар

**Алтынмен аптау** дегеніміз не және ол қалай орындалған?

### Ізден!

Қола дәуірінде қола өндіру ісінің кеңінен өрістеуі тайпалар арасында қола кесектерін және қола бұйымдарды айырбасқа пайдалануды қамтамасыз етті.

### Тапсырма

Суретке қарап, қола бұйым жасаушылар жөнінде әңгіме құрастыр.



### Біліміңді тексер!

Ежелгі кен орындары қай жерде болған және оларды картадан көрсет.

# АНДРОН ЖӘНЕ БЕҒАЗЫ- ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТТЕРІ

## §13. АНДРОН МӘДЕНИЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

- Андрон мәдениетін оқимыз;
- Андрон тайпаларының қоныстары мен шаруашылығы туралы білеміз;
- Андрондықтардың өнерімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Мәдениет
- Ғұрып
- Қоныс
- Кесенелер
- Ыдыстар



Қола дәуіріндегі  
кнім үлгісінің  
жаңғыртпасы

### Андрон мәдениеті дегеніміз не?

Қола дәуірінде б.з.б. 2-мыңжылдықтың алғашқы ширегінен бастап, б.з.б. 1-мыңжылдықтың басында Батыс, Оңтүстік, Орталық Қазақстан, Сібір мен Орталық Азияны мекендеген тайпалардың мәдениеті *Андрон мәдениеті* деп аталды. Андрон мәдениеті ескерткіштері тұңғыш рет 1914 жылы Ачинск қаласының маңындағы Андроново деревнясының маңынан табылған.

### Еске түсір!

Археологиялық мәдениет деген не? Олардың атауы қалай беріледі?

Андрон мәдениетін Қазақстанның солтүстігін, Орал бойы, Батыс Сібір аймағын мекендеген туысқан тайпалар қалыптастырған.

**Андрон тайпаларының қоныстары.** Андрон мәдениетін жасаған тайпалар өзен, көл жағаларында, бұлақтары мол тау аңғарларында тұрған. Алғашқы қоныстары биік дуалдармен қоршалып, сыртынан ор қазылған, іші бөлек-бөлек қамал-қала типтес болған.

### Ойлан!

Андрон тайпаларының қоныстарын биік дуалдармен қоршауының себебі неде деп ойлайсың?

Үлкен жертөлелер жанынан әртүрлі шаруашылық жайлар мен мал ұстайтын қоралар салынды.

Орта және соңғы кезеңдерінде ауылдар ұлғайып, 20—120 үйлік қоныстар қалыптасқан. Қорғаныс дуалдары, орлары болмаған. Үйлері шымнан, бөренелерден салынып, кейде жал пақтастарды тігінен көміп, тастан ірге қалап шыққан. Пішімі төртбұрышты трапеция, сопақша болып келеді. Андрон мәдениетінің соңғы кезеңдерінде өмір сүрген тайпалар көшіп-қонуға ыңғайлы дөңгелек, құрастырмалы үйлерде тұрған.



Андрон мәдениеті тұрақтарының құрылысы

Қазақ халқында құрастырмалы үйдің қандай түрлері болған?

**Ізден!**

**Андрондықтардың шаруашылығы.** Халықтың басым көпшілігі отырықшы өмір сүрген. Андрондықтар *кетпенді егіншілікпен*, мал өсірумен, аң аулаумен шұғылданған. Қоныстардан мал сүйектері, қой жүнінен жасалған тоқыма бұйымдардың қалдықтары табылған. Олар малшаруашылығымен басымырақ айналысқан.

*Кетпенді егіншілік* дегеніміз не?

**Ізден!**

**Андрондықтардың өнері.** Андрондықтар қола кендерін қазып алып, оларды балқытып бұйымдар жасаған. Андрондықтарды адамзат өркениеті тарихында металдан әшекейлер жасаған алғашқы *зергерлер* деп атауға болады.

*Зергер* дегеніміз кімдер және олар қандай шаруашылықпен айналысқан?

**Анықта!**

Андрондықтар қыш ыдыстарды қолдан жапсырып жасаған. Ыдыс сырты күрделі геометриялық өрнектермен безендірілген. Андрондық ыдыстардың пішіні әдемі, түбі тайпақ болған.

Андрондық тайпалардың сәндік заттары да ерекше болды.



Андрондықтардың қыш ыдыстары



Андрон мәдениетіне жататын  
қола бұйымдар

Алтын жапырақшалардан бүктеп сырғалар жасаған. Басқимге, киімге тағуға арналған табан ізі, көзілдірік сияқты салпыншақтар да кездеседі. Өрнекті тоғалар, шеттері пректеліп түйілген жұмыр білезіктер де бар. Зергерлік бұйым андрондықтардың шеберлігін дәлелдейді.

*Діни наным-сенімдері.* Андрондықтар Күнге, отқа, қасиетті

жануарларға табынған. Олардың наным-сенімін айғақтайтын бейнелер көзенің сыртындағы өрнектерде, тастағы суреттерде, сынтастарда, әшекей бұйымдарда көптеп кездеседі. Андрондықтардың жан-жануарлар культіне қатысты сенімдерінің алғашқы іздері олардың обалары мен қоныстарында да сақталған.

### Есте сақта!

Бұл мәдениет кезіндегі тайпалардың тұрмыс-салты, кәсібі, қолөнері қазақ халқының тіршілігінде көп сақталған.



### Тапсырма

Андрондықтардың қос дөңгелекті жауынгерлік арбасына қарап мәтін құрастыр. Қола дәуіріндегі өгіздер жегілген арба бейнеленген жартас суреттері саған қандай мәлімет бере алады?

### Біліміңді тексер!

1. Андрон мәдениеті қай жерлерде таралған?
2. Андрон мәдениетінің қандай ерекшеліктері бар?

## §14. БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

Беғазы-Дәндібай мәдениетімен танысамыз;  
тұрғын үйлер құрылысының ерекшеліктерін оқимыз.

**Беғазы-Дәндібай мәдениеті.** Қола ғасыр тайпаларының ерекше бір мәдениеті *Беғазы-Дәндібай мәдениеті* деп аталды. Ол Ұлытау тауынан Абыралы, Шыңғыс тауларына дейін созылып жатыр. Ал оңтүстігінде Жетіқоңырдан Ертіс бойына дейінгі Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендерінің бойы мен Қызылтау, Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Баянауыл таулары аралығындағы кең жазықтарды қамтиды. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің тұрғындары — алғаш мемлекеттік бірлестік құру дәрежесіне жеткен тайпалар. Оларды беделді рубасылары басқарған. Қалыптасқан діни наным-сенімі, саяси-әкімшілік орталығы, өзіндік өндірісі мен өндіргіш күштері болған.

Бұл мәдениетте одан бұрынғы Андрон мәдениетіне тән үлгілердің сақталуымен қатар өзіндік ерекшелігі қалыптасқан. Оның ерекшеліктерінің бірі — жоғары лауазымды билеушілерге арнап какпак тастардан зәулім кесенелер тұрғызу болған. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қатарында Ақсу-Аюлы, Бұғылы, Беғазы, Дәндібай, Ортау т.б. кесенелер бар. Олар көбіне дөңгелек, төрт бұрыш пішінді болып келеді. Ғимараттардың үсті жуан бөренелермен немесе какпак тастармен жабылып, ортаға үлкен тас жәшіктер орнатылған. Мұндай орындардан қару-жарак, әшекей бұйымдар табылады.

### Тірек сөздер:

- Беғазы-Дәндібай мәдениеті
- Кесенелер
- Тұрғын үйлер
- Ыдыстар

### Ойлан!

Жерлеу орындарына жасалған кесенелерге қарап қандай наным-сенімнің орын алғандығын айтуға болады?



Беғазы-Дәндібай мәдениетінің төрт бұрыш пішінді кесенесі



Беғазы-Дәндібай мәдениетінің дөңгелек пішінді кесенесі



Беғазы-Дәндібай  
мәдениетіне тән қыш  
ыдыстар

### Ойлан!

Бүгінгі қазақ халқында кесене тұрғызу дәстүрі туралы не білесің? Қандай атақты кесенелер бар?

Қыш көзелер пішіні, жасалу әдісі, өрнектелуімен де айрықшаланады. Қоныстар мен тұрақтардан табылған көзе ыдыстардың таяқшамен батырып салынған сыртқы өрнектері карапайым, қиғаш немесе көлбей салынған. Өрнектер шырша, тырнақша, жарты ай бейнелі болып келеді. Мойны мен ернеуіне белдемшелер жапсырылған. Ал қабірлердің ішіне қойылған ыдыстардың пішімі мен өрнегі мүлде өзгеше. Олар қыл мойын құмыра пішінді, шығынқы бүйірлі кесе, тостаған тәрізді болып сырты сүйек калыптармен әсем етіп өрнектелген.

*Тұрғын үйлері.* Тұрғын үй құрылыстары әртүрлі. Қабырғасы, іргесі таспен өрілген 4—6 бөлмелі үйлермен қатар 1-2 бөлмелі жеркепе және киіз

үй пішіндес құрастырмалы жеңіл үйлер де көп болған. Олардың орта тұсында немесе шетінде биіктеу етіп тастан салынған төрт бұрышты ғибадат ету орындары бар. Әрбір үлкен қоныстардың айналасында 3—5 шағын тұрақтар болған. Бұл жерлерді қоныстанған тайпалардың басым көпшілігі мыс балқытумен, көзе жасаумен, егін егумен, малшаруашылығымен айналысқан.

*Діни наным-сенімі.* Беғазы-Дәндібай мәдениетінің тайпалары да андрондықтар сияқты табиғат күштеріне (Күн, от, су және т.б.) табынған. Сонымен қатар басты күнкөріс көзі есептелген жылқы, қой, түйе сияқты жануарлар мен қасқыр, аю сияқты жыртқыш аңдарды қастерлеп, оларға табыну ғұрыптары калыптасқан. Олардың тастан қашалған бейнесі Қойшоқы, Ақсу-Аюлы, Қызыларай т.б. зират, қоныстар маңында кездескен.

### Біліміңді тексер!

Беғазы-Дәндібай мәдениеті қай жерлерге таралған және қандай ерекшеліктері бар?

## §15. ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАНЫҢ АШҚАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### Бүгінгі сабақта:

белгілі археолог Әлкей Хақанұлы Марғұлан туралы білеміз;

Әлкей Марғұланның ашқан археологиялық жаңалықтары туралы оқимыз:

**Ұлттық археология ғылымының негізін қалаушы.** Әлкей Хақанұлы Марғұлан — белгілі археолог әрі шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы ғалым. Ол 1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысында дүниеге келген. 1921—1925 жылдары Семей педагогикалық техникумында оқып жүріп “Таң” журналында, “Қазақ тілі” газетінде жұмыс жасаған. 1925—1929 жылдары Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының түркітану және тарих-филология факультеттерінде қатар оқыған. 1939 жылға дейін Ресейде жұмыс жасап, Түркістан археологиясы мен мәдениеті бойынша бірнеше экспедицияға қатысқан.

Әлкей Марғұланның зерттеу бағыттары жан-жақты болды. 1939 жылдан бастап Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясында жұмыс жасады. Әлкей Марғұлан Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орнында қазба жұмыстарын жүргізген.

**Ә.Марғұлан мұрасы — рухани байлығымыздың алтын қоры.** Ә.Марғұлан казакта отырықшылық дәстүрдің ертеден келе жатқанын археологиялық, этнографиялық және сәулеткерлік материалдар негізінде дәлелдеді. Ол казак жеріндегі малшаруашылығы, егіншілік, сауда, темір қорыту, қол-өнердің дамығанын, көне қалалардың болғанын, сәулеткерлік өнердің қаншалықты дамығандығын жан-жақты зерттеді.

Ұрпаққа мақтаныш боларлық сәулет өнерінің өзіндік үлгілері, қыпшақ заманынан келе жатқан көне архитектуралық ескерткіш — *күмбездер* туралы Ә.Марғұлан еңбектерінен оқып білуге болады.

### Тірек сөздер:

- Қола дәуірі
- Экспедиция
- Археология



Әлкей Марғұлан

### Еске түсір!

Археология және этнология дегеніміз не?

Күмбез деген не және не үшін пайдаланылған?

Ізден!



Әлкей Марғұлан ескерткіші. Алматы қаласы



Әлкей Марғұлан археологиялық қазба жұмыстары кезінде. 1963 ж.

Ә.Марғұлан халқымыздың дәстүрлі тұрғын үй-жайларын салыстырып, әсіресе қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен қазақ халқының арасындағы тұрғынжай сәтүдағы ұқсастықтың болғанын көрсетті.

Батырлар жырын зерттеп, оның мәдениетке қосқан үлесі мен көне дәуірдегі халықтардың аңызы, ежелгі жырлардың ерлік бейнесі туралы жазды. Ә.Марғұланның басқаруымен Шоқан Уәлихановтың мұрасы зерттелді. Алматы қаласында Ә.Марғұланға арнап ескерткіш қойылған.

**Қола дәуірінің зерттеушісі.** Әлкей Марғұлан қола дәуірінің, соның ішінде *Бегазы-Дәндібай мәдениетінің* зерттеушісі ретінде танымал болды.

Ол Бегазы және Дәндібай ескерткіш кешендерін алғаш зерттеп, *Бегазы-Дәндібай мәдениеті* атауын ғылыми айналымға енгізген. Осылайша қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.б. X—VIII ғғ.) Орталық Қазақстанды қоныстанған тайпалар мәдениеті *Бегазы-Дәндібай мәдениеті* деп аталған.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ол қазақ жерін мекендеген Бегазы-Дәндібай мәдениеті мен өркендетін әлемге танытты. Қазіргі күнде Ә.Марғұланның ғылыми еңбектерінің негізінде кейінгі сактар мәдениеті Андрон мәдениетінің жалғасы екендігі толық дәлелденді. Бұл екі мәдениеттің арасында Бегазы-Дәндібай мәдениетінің дәнекерлік рөл атқаратындығы ғылыми тұрғыда дәлелденді.

### Біліміңді тексер!

Әлкей Марғұлан қай жерлерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген және қандай салалар бойынша еңбектерін білесің?



## ТАСҚА САЛЫНҒАН СУРЕТТЕР ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛАЙ БЕЙНЕЛЕЙДІ?

### §16. ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ДІНИ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- ежелгі дәуірде адамдардың отқа қалай табынғанын білеміз;
- ежелгі дәуір адамдарының наным-сенімімен танысамыз.

Ежелгі адамдардың наным-сенімі, алғашқы діни түсінігі табиғи ортамен, оны танумен, сезінумен байланысты болды.

Ежелгі адамдардың алғашқы наным-сенімінің бірі — *отқа табыну*. Ертеде адамдар табиғат құбылыстарына тәуелді болды. Сондықтан табиғат құбылыстарынан болатын апаттардан үлкен зардап шегіп отырған. Табиғат құбылыстарының ішінде ертедегі адамдардың спынататын, табынатын нысандарының бірі от болды. Болжам бойынша олар алғашқы кезеңде оттан қатты үрейленген.

#### Тірек сөздер:

- От
- Күн
- Жыртқыш аңдар

#### Ойлан!

Ертедегі адамдардың оттан қатты қорқуының себебі неде?

Біртіндеп ежелгі адамдар оттың пайдалы тұстарын ұғынған. Олар күн суытқанда оттың суықтан қорғайтын, шикі азықты пісіретін, жыртқыш аңдардан қорғануда қолдарына алау болатын, қараңғы түнде жарық түсіретін қасиеттерін пайдаланған.

Біртіндеп оттың тіршілікте қаншалықты маңызды екенін түсініп, оны ерекше қастерлей бастаған. Қыш ыдыстарды отқа күйдіріп даярлау кең тарады. Кейін оттың көмегімен металл қорытып, түрлі құрал-саймандар мен тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақтар жасады. Металл бұйымның сапасы тас бұйымға қарағанда анағұрлым жоғары болғандықтан, оттың ерекше қасиетін дәріптеу ғасырлар бойына жалғасты. Отқа деген сенімнің күшеюінен адамдар отты құдіретті күш, киелі құбылыс санады. Оттың адамдарды пәле-жаладан сақтап, жамандықтан қорғайтын құдіреті бар деген сенім қалыптасып, оның киесіне табынды.

Көне дүниетаным бойынша от пен Күн бір-бірімен тығыз байланысты. От пен Күннің жарық беретін, жылу беретін қасиеттері ортақ.

Сондықтан от Күннің бір бөлігі ретінде саналған. Ежелгі адамдар Күн мен оттың қараңғылықтан, үрейден, тылсым, зұлым рухтардан қорғайтын қасиетті күші бар деп сенді.

Қазақ халқының оттың құдіреті жөніндегі сенімдерден тұратын қандай дәстүрлерін білесің?

**Анықта!**

### Ойлан!

Ертеде оттың ерекше қасиетке ие деп саналуының себебі неде?

Жоғары палеолитте *аңшылық магиясы* кең таралды. Ежелгі аңшылар хайуанаттың бейнесін салып, оларды символдық бағындыру арқылы өктемдік етуге, яғни хайуанаттарды өзіне бағындыруға болады, осылайша аңшылық сәтті өтеді деп сенді. Сондықтан ежелгі аңшылар хайуанаттардың бейнесін жартастарға қашап салып, мүсіндерін жасаған. Сондай-ақ жұмсақ тастардан қашап, сүйектерден ойып әйелдердің мүсінін жасаған. Бұл жердің құнарлылығын, ананың қасиетін бейнелеу мақсатында атқарылған болса керек. Адам кейпіндегі көне тасмүсіндердің бірі Маңғыстаудан табылған. Ал осы өңірде кездесетін жылан, айшық бейнеленген тастар табиғат пен жаратылысқа қатысты түсініктерден хабар береді. Үй жануарларының мүсінін қашау да байырғы сеніммен байланысты. Баянжүрек тауының шығысындағы Тасбас кешеніндегі ғұрыптық маңызы болған қойдың тасмүсіндері сақталған.

Ежелгі дәуір тұрғындарының діни түсінігі мен дүниетанымы жайындағы құнды мәліметтерді діни-ғұрыптық заттардан, құрбандық және жерлеу орындарынан білуге болады. Жерлеу орындарынан табылған бұйымдар о дүниелік өмірге деген сенімнің болғанын көрсетеді. Мұндай бұйымдар о дүниеде қажет болады деген сеніммен қойылатын болған.

*Ежелгі адамдардың дүниетанымы.* Солтүстік Қазақстандағы Пенки селосы жанындағы Пенки тұрағы маңынан табылған жерлеу орнынан



Өгіздер. Құлжабасы петроглифі

байырғы діни түсінік турасында мәлімет алуға болады. Онда табылған заттардың ішінде мейлінше сәнделген баскиім болған. Баскиім әшекейінің арасында орақ тәрізді сүйек қапсырма, жыртқыш аңдардың тістері, ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мұндағы жыртқыш аңдардың тістерінен адамдар өздеріне күш-қуат алған. *Қызыл жосамен* боялған құланның екі



Жылан, айшық бейнелері салынған тастар

тобығы олардың отқа табынғанын көрсетеді. Жоса — қиыршықтас, құм, өсімдік тамырларын қосып жасаған табиғи бояу.

Жосаны кейінгі дәуірде қазақ халқы не үшін пайдаланған?

**Анықта!**

Археологтер Пенки тұрағынан жалпақ тасмүсін тапқан. Мүсінде аузын ашып тұрған бұланның басы мен мойны бейнеленген және көзі шұңқырша етіп ойылып, құлағы жымпштылып жасалған. Қаратаудың Қараүңгір тұрағынан хайуанаттардың топайынан жонып жасалған мүсіндер шыққан. Мұндай мүсіндер де ғұрыптық міндет атқарған. Адамдар хайуанаттардың мүсінін қашап жасаса, аңшылық сәтті болады деп ырымдаған.



Тасбастағы қой мүсіні



Қой басы қашалған тас

### Біліміңді тексер!

Ежелгі адамдардың аңшылыққа қатысты сенімдері жайлы қандай ескерткіштер мәлімет береді?

## §17. ЖАРТАСҚА СУРЕТ САЛУ ӨНЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

ерте дәуірлердегі адамдардың өнерімен танысамыз;  
жартастарға салынған суреттер туралы білеміз.

#### Тірек сөздер:

- Үңгірлер
- Жартас
- Петроглиф
- Өнер

**Петроглифтер.** Жартастарға қашап сурет салу өнері *петроглиф* (грек. *petra* — тас, *gliphe* — қашалған) деп аталады. Ежелгі дәуірде жартастарға сурет салуды менгеру өнердің дамуындағы ірі жетістік болды.

**Қазақстан аймағындағы жартастағы бейнелер.** Қазақ жеріндегі Арпаөзен, Сауыскандық (Қаратау), Хантау, Құлжабасы, Таңбалы (Шу-Іле таулары), Ешкіөлмес, Баянжүрек (Жоңғар Алатауы), Шимайлы, Ақжал, Ақжайлау, Оралбай, Мұрсәлім (Тарбағатай таулары) петроглифтері бар. Суреттер қашау, қыру, безеу, түртпелеу әдістерімен салынған. Жартастағы суреттердің ең көнесі Құлжабасыдан табылған.

#### Еске түсір!

Тасқа бейнелер салу қай уақытта пайда болған еді және қандай орындарда кездеседі?

Жартастағы суреттер салыну уақытына қарай 7 кезенге бөлінеді. Атап айтқанда: архаикалық — ерте және орта қола дәуірі; кейінгі қола дәуірі; ерте темір дәуірі — сақ кезеңі; ерте темір дәуірі — ғұн кезеңі (ерте көшпелілер); ортағасырлық және этнографиялық кезең (кейінгі көшпелілер).

Қазақ жеріндегі петроглифтерде жойылып кеткен және бүгінде бар жануарлардың бейнесі кездеседі. Сондай-ақ мифологиялық, яғни аңыз аңдар да бар.

#### Есте сақта!

Жан-жануарлар бейнесі адамдардың мәдени өмірінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Қазақстан петроглифтері аңшылықтан, жан-жануарлар тіршілігінен, адамдардың діни сенімінен мәлімет береді.

**Құлжабасы петроглифтері** Шу-Іле таулары жартастарына 2000 жыл бойы салынған. Бұл суреттер қола дәуірінен бастап ерте темір дәуірі, сақ тайпалары кезеңдерін қамтиды. Құлжабасы жартас суреттерінің саны 4000-нан асады. Жабайы бұқа, қасқыр маскасын киген адам, аңшылық хикаялары ерте қола дәуіріне, түйелер мен арбалар орта



Құлжабасы. Жабайы бұқаны аулау және табыну



Ешкіөлмес. Адам, арба, жануарлар бейнеленген

кола дәуіріне, көлемі кішірек жан-жануарлар бейнелері кейінгі кола дәуіріне жатады. Ал қару ұстаған жауынгерлер, әйел, бала бейнелерін салу темір дәуірінде жалғасқан.

**Ешкіөлмес петроглифтері** Жонғар тау шатқалдарының солтүстік-батыс бөліктеріндегі жартастарға салынған. Суреттерді кола дәуірінің орта кезеңінен бастап салған. Суреттер саны 10 000-нан асады.

### Ойлан!

Жартастардағы суреттерден қандай мәліметтер алуға болады деп ойлайсың?

**Арпаөзен петроглифтері** Қаратаудың Келіншектау жотасында орналасқан. Ескерткіш б.з.б. 1—2-мыңжылдыққа, кола және ерте темір дәуіріне жатады. Суреттердің саны — 3,5 мың. Қос атты жауынгерлік арбалар қазақ жерінде өмір сүрген үнді-арийліктердің мифтік және діни әдет-ғұрыптарынан, сондай-ақ олардың көшіп-қону үдерісінен мәлімет береді. Арпаөзен жартастарында темір дәуірінде салынған қос аяқты ат, өгіз және түйе жеккен соғыс арбалары мен шаруашылық арбаларының суреттері кездеседі.

**Баянжүрек петроглифтері** Жетісу (Жонғар) Алатауының Қаратау сілемінде сақталған. Мұнда кола дәуірінен кейінгі орта ғасырларға дейінгі тайпалар мен халықтардың тұрмыс-тіршілігі баяндалады. Сақ стилімен салынған бейнелер, ғұн-сармат кезеңіне жататын көріністер де бар. Көне түркі дәуірінің салт атты сарбаздар бейнесі салынған.

**Таңбалы петроглифтері** — Жетісудың ең көне, аса маңызды ескерткіштерінің бірі. 2004 жылы ЮНЕСКО халықаралық ұйымының әлемдік мұралар тізіміне енген. Таңбалы петроглифтерін алғаш 1957 жылы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының археологтері ашқан. Таңбалы петроглифтерінде 5000-нан аса сурет бар. Таңбалы жартастарындағы суреттер орта кола, кейінгі кола, ерте темір (сақтар және



Арпаөзен. Жануарлар тобы



Баянжүрек. Адам мен жылқы

үйсіндер), орта ғасырлар (ертедегі түркілер), жаңа заман дәуірлерінде қашалған. Таңбалы суреттерінің ең көнесін орта қола дәуірінде салынғандары кұрайды. Онда маска киген адамдар, қасқыр маскасын киген садақшылар, шоқпар ұстаушылар, қару ұстаған жауынгерлер, құрбандық шалу көріністері бар. Құландар, аттар, түйелер, қасқырлар, бұғылар, арбалар да бейнеленген. Күнбасты мифологиялық адам, Күн шеңбері образымен астасып жатқан өгіз, арқар, бұғы бейнелері қашалған. Олар Көк тәңірімен байланысты күнге табынуды сипаттайды.



Таңбалы. Күнбасты адамдар бейнесі



### Біліміңді тексер!

Қазақстан жеріндегі жартастағы ескерткіштер табылған орындар туралы айт.

# ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ САЯХАТ

## §18. ЕЖЕЛГІ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІК

### Бүгінгі сабақта:

Қазақстан жеріндегі алғашқы адамдардың мекен еткен тұрақтарын қайта атап өтеміз; мезолит, неолит кезеңінің ерекшеліктері мен тіршіліктегі өзгерістерді еске түсіреміз.

Қазақстан жерінде өмір сүрген алғашқы адамдардың мекен еткен тұрағы Қаратау, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сарыарқа, Балқаш көлі төңірегінде кездеседі. Сондай-ақ Ертіс алқабы, Батыс Қазақстанда Манғыстау мен Мұғалжар тауларының етегінен көптеп табылып отыр.

Тұрақтардан табылған еңбек құралдары, қарулары сияқты археологиялық ескерткіштер олардың тұрмыс-тіршілігінен мәлімет береді.

### Тірек сөздер:

- Тұрақтар
- Алғашқы адамдар
- Палеолит
- Мезолит
- Неолит

Археологиялық ескерткіштердің түрлерін атап көрсет.

### Ізден!

**Палеолит.** Палеолит дәуіріндегі адамдардың тіршілік үшін бірлесу қажеттігінен туған алғашқы тобын *алғашқы адамдар тобы* деп атау қалыптасқан. Олар аң аулауда, терімшілікте топ болып жүрген. Бұл — әлеуметтік құрылымның ең көне түрі. Оның өзгешелігі — қоғамдық қатынастар қалыптаспаған, әлсіз болды. Туыскандық қатынастың қарапайым түрі сипат алды.

Алғашқы адамдардың өкілі палеолит дәуірінде өмір сүріп, қалыптасып болған. Ең алғашқы адамдар дайын табиғи тастарды, таяқты, жануарлар сүйектерін сол күйінде қару ретінде пайдаланған.

Австралопитектердің тас, ағаш сынықтарын өңдеп, олардан құралдар жасаған өкілі ежелгі епті адамдар (*Homo habilis*) деп аталды. Олар малтатасты өткірлеу үшін жарып жұқартқан. Осылай тас сынықтарының қырын шығарған.

Келесі эволюциялық даму сатысына *архантроп* пен *палеоантроптар* жатады. Архантроп тарды ғалымдар “тік жүретін адамдар”

немесе “түрегелген адамдар” (*Homo erectus*) деп атаған. Архантроптар қалдырған мұралар *Ашель мәдениеті* деген атпен белгілі.

Ежелгі палеолит еңбек құралдарының жаңа түрі — қол шапқылар мен жарғыш құралдардың пайда болуымен сипатталады. Ежелгі палеолиттің шапқылары басы үшкір, екі жүзі бар, сыртқы пішіні сопақ немесе бадам сүйегі тәріздес келеді. Кремнийден еңбек құралдарын жасайтын шаруашылық орындары, шеберханалар калыптасты.

Ежелгі палеолиттің соңында адамның дене бітімінде елеулі өзгерістер болған. Бұл дәуірде адамдар еңбек құралдарын жасау әдісін, баспана салуды жетілдірген.

Адамдардың даму тарихында неандерталь адамы ежелгі адамдардың тобы — архантроптардың тегін жалғастырған. Неандертальдар неантроптардың арғы тегі болып саналады. Олар ірі жануарларды аулаған, отты пайдалана білген.

### Ойлан!

Алғашқы адамдар қандай даму сатыларынан өткен?

Адам дамуының ең соңғы эволюциялық даму сатысында бүгінгі күнгі адамдардың келбеті қалыптасқан. Оларды ғалымдар есті адам — *неоантроптар* (грек. *neos* — жаңа, *anthropos* — адам), яғни *Homo sapiens* деп атады. Оны *кроманьондықтар* деп те атайды.

Олар кейінгі палеолитте *неандерталь адамын* алмастырған. Архантроп, палеоантроп тобына кіретін адамдарға карағанда жақсы жетілген, ал қазіргі адамдардан сүйектері ірі болған.

### Еске түсір!

Архантроп, палеоантроп, неоантроп өкілдері кімдер еді?

**Мезолит.** Мезолит палеолиттің жалғасы болып табылады. Бұл дәуірде тас құралдарын жасау одан әрі жетіле түскен. Палеолиттен мезолитке көшу *мұз дәуірінің* аяқталуымен байланысты. Бұл кезде адамдардың саны арта түскен. Аң аулауға адамдар жекелеп шыға бастаған. Мезолит тұрғындары аң аулауға қолайлы алқаптар іздеп жиі қоныс аударған. Балық аулау тәсілдерін жетілдірді. Ау тоқуды дамытып, қайық пен ескек жасады. Итті қолға үйретті. Терімшілік күрделене түсті.

Еңбек құралдарын жасауда түбегейлі өзгерістер болды. Пышақ, қанжар, жебенің, найзаның ұштарын сүйек пен ағаштан жасау тәсілдерін игерді. Мезолитті басқа дәуірлерден тас өңдеу өзгешелігі арқылы ажыратуға болады. Мезолит тұрғындары найза, гарпун, жебенің ұшы ретінде ықшам тастарды пайдаланды. Олар *микролиттер* деп аталады. Микролиттерді көбіне шаруашылық құралдарын жасау үшін сүйекке, ағашқа қондырған.



Мезолит кезеңінде адамдар өмірінде үлкен өзгеріс тудырған жаңалық ежелгі адамдардың *садақ* пен *жебені* ойлап табуы болды. Садақ пен жебе карудың негізгі түріне айналды. Садақ пен жебенің қолданысқа енуі ұсак әрі жүйрік аңдарды, тіпті құстарды аулауға мүмкіндік берген. Бұрынғыдай каумалап ұстау, қуалап аулау, аңды бой тасалап ұзақ аңдып қолға түсіру әдістерінің орнына найзамен түйреп, садақпен атып алу әдісін игерді. Мезолит дәуірінде адамдардың саны одан әрі артқан, бұл адамзат дамуының елеулі кезеңі болды.

**Неолит.** Неолит дәуірінің маңызды жетістігі — малшаруашылығы мен егіншіліктің пайда болуы. Яғни, шаруашылықтың өнім беретін, өндіруші түрлері қалыптасты. Мал жүнін өңдеп, піріп, тоқымашылық өнер дамыды. Б.з.б. 3-мыңжылдықта болған бұл құбылыс ғылымда *неолит төңкерісі* деп аталады. Оның мәні тек табиғат өнімдерін тұтынудан жаңа даму сатысына — малшаруашылығы мен егіншілікке көшуді білдіреді. Тастан еңбек құралдарын жасау жоғары деңгейде дамыды. Ағаш немесе сүйек сапқа микролиттерді табиғи желім арқылы бекітті. Осылайша кескіш аралар, орақ түрлерін жасады. Желім ретінде тау балауызы, қарамай, битум қолданылған. Мұндай құралдарды тері өңдеуге, егін оруға пайдаланған.

Неолиттік тұрғындар сазбалшықты илеп, ыдыс жасап, берік болу үшін отқа күйдірді, осылайша қыш құмыра жасау өндірісі дамыды.

### Тапсырма

Берілген суреттер бойынша ежелгі аңшылардың өмірі жайында әңгіме құрастыр. Олардың тіршілік ету әрекеттерін өзара пікірлесе отырып көз алдыңа елестет. Алғашқы адамдардың тіршілігінде аң аулаудың маңызы қаншалықты болған?



### Біліміңді тексер!

1. Палеолит тұрғындары мен мезолит тұрғындары өмірінің айырмашылығы мен ерекшелігін талда.
2. “Неолиттік төңкеріс” атауы немен байланысты, бұл кезеңде адамзат өмірінде қандай жаңалықтар орын алды?

## Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қазақстанның ежелгі тарихы қандай мәселелерді оқытады?
2. Тас ғасыры қандай дәуірлерге бөлінеді?
3. Ежелгі адамдардың даму сатысындағы түрлеріне берілген атауларды ата.
4. Климаттың өзгеруі хайуанаттар мен өсімдіктер әлеміне қалай әсер еткен?
5. Қазақстан аумағынан табылған тас дәуірі археологиялық ескерткіштерінің атауын дәптеріңе жаз.
6. Садақ пен жебенің пайда болуы адамдар өмірінде қандай өзгерістер туғызды?
7. Неолит дәуіріндегі адамдар тас микролиттерді қандай мақсатқа қолданған?
8. Егіншілік пен малшаруашылығы қалай пайда болды?
9. Малды қолға үйрету адамның өміріне қандай өзгеріс алып келді?
10. Ботай мәдениеті туралы әңгімелеп бер.
11. Ежелгі адамдар не себептен хайуанаттардың бейнесін салды?
12. Қола дәуірінің негізгі сипаты мен ерекшелігі қандай?
13. Қоланы қандай металдардың қоспасынан алған?
14. Андрон мәдениеті қай жерлерде таралған?
15. Беғазы-Дәндібай мәдениеті қандай жерлерді қамтыған?
16. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері туралы не білесің?
17. Жартастардағы суреттердің түрлері мен мазмұндары туралы не білесің?
18. Қола дәуірі тұрғындарының табыну нысандарын ата.



## ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР ӨМІРІ



## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЕМІРДІҢ ИГЕРІЛУІ

### §19. ТЕМІР ДӘУІРІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### Бүгінгі сабақта:

- темір дәуірінің кезеңге бөлінуін білеміз;
- темір дәуірінің ерекшеліктерімен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- Темір
- Темір дәуірі
- Ерте темір дәуірі

Ежелгі адамдардың темірді игеріп, одан түрлі құрал-жабдықтар жасаған дәуір *темір дәуірі* немесе *темір ғасыры* деп аталды. Қоланы игеру әдісі кейінірек темір өндірісін дамытуға негіз болған. Темір көп кездесетін материал болғандықтан қолданысқа тез арада енді.

#### Еске түсір!

Металды игеру алғаш қай кезеңде пайда болып еді?

Темірден жасалған заттар б.з.б. 3-мыңжылдықтан бастап кездесе бастайды. Дегенмен темірдің қорытылуы өте қиын болғандықтан, қымбат металл болып қала берді. Темір табиғатта мыс немесе алтын сияқты таза күйінде кездеспейтін. Оны кентастардан бөліп алу үшін аса жоғары температура қажет болған. Адамдар темірді тек б.з.б. 1-мыңжылдықтың басында ғана жаппай игеріп, одан жасалған бұйымдар қолданысқа кеңінен енді.

#### Есте сақта!

*Темір дәуірі* адамзат тарихында қола дәуірін алмастыра отырып, орасан зор өзгерістерді дүниеге әкелген жаңа кезең болды.

*Ерте темір ғасыры.* Археологияда темір алғаш жаппай қолданыла бастаған кезеңді бұдан кейінгі кезеңнен бөліп көрсету үшін *ерте темір ғасыры* деген ұғым пайдаланылады. Себебі темір бүгінгі таңда да маңызды материал болып отыр. Ерте темір ғасыры б.з.б. 1-мыңжылдықтан б.з. 1-мыңжылдығының ортасына дейінгі кезеңді қамтиды.

Темір дәуірінде өмір сүрген адамдардан қалған басты ескерткіштер — *обалар (қорғандар)* мен *ежелгі тұрақтар*. Обаларға жүргізілген зерттеу жұмыстары сол кезеңдегі адамдардың тіршілігі, әдет-ғұрпы,

салт-санасы туралы маңызды деректер береді. Ерте темір дәуірінің ескерткіштерінен табылған темір құралдарға карап алғашқы кезеңдегі темір қорытудың сапасы нашар болғандығын байқауға болады. Сонымен қатар бұл кезеңде қоладан бұйымдар жасау да жалғасқан.

### Ойлан!

Неліктен ежелгі адамдар темірмен қатар өзге материалдарды қолдана берді?

Аса беріктікті қажет епейтін әсіресе тұрмыстық бұйымдар — қазандар, айналар мен құрбандық ыдыстары қоладан жасала берді. Зергерлік бұйымдар — сырға, сақина, білезік, алқа және т.б. әшекейлер мыстан, қоладан, алтыннан, күмістен соғылған. Ұсталық өнердің біртіндеп дамуымен темір бұйымдардың, әсіресе алдымен қару-жарақтардың, сонымен қатар құрал-саймандардың сапасы арта бастаған.



Ежелгі көшпелілердің темір семсері мен қанжары

### Ойлан!

Ежелгі Қазақстан аумағында металлургияның дамуына қандай жағдайлар мүмкіндік берген деп ойлайсың?

### Тапсырма

Алғашқы темір дәуірінде өмір сүрген адамдардан қалған басты ескерткіш — оба туралы не білесің? Олар қалай тұрғызылған? Қазба жұмысына дейінгі және қазба жұмысы кезіндегі обаның кескіндеме суретін дәптеріңе сал.



### Біліміңді тексер!

Темір ғасыры, ерте темір ғасыры деген ұғымдарды түсіндір. Ежелгі адамдардың темірді игеруі туралы әңгіме құрастыр.

## §20. ТЕМІРДІ ИГЕРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

### Бүгінгі сабақта:

Ежелгі адамдардың темір өндіруді қалай меңгергенін білеміз;  
адам өмірінде темір жасау өндірісінің қандай маңызды болғанын түсінеміз.

### Тірек сөздер:

- Шикі үрлеу
- Ұста
- Қорыту пеші
- Ер
- Үзенгі
- Ауыздық

### Ежелгі адам темірді қалай игерді?

Коламен салыстырғанда темірді балқыту үшін өте жоғары температура керек еді. Сондықтан темірді ауа үрлеуге арналған арнайы түтіктер орнатылған шұңқырда балқыту арқылы кеннен бөліп алды. Сырттан үрленген ауа пештегі температураны жоғарылатуға мүмкіндік беретін. Темірді балқытудың мұндай ежелгі әдісі *шикі үрлеу* (сырттан суық ауаны үрлеу жолы) деген атқа ие болды.

Арнайы дайындалған шұңқырдың түбіне алдымен ағаш отынның шоғын, үстіне темір кенін салды. Оның үстіне қайтадан шок салды. Шұңқырдың бетін жауып, шокты көрікпен үрлеп жаққанда кен балқып, темір шұңқырдың түбіне түскен. Осылайша адамдар *қорыту пешін* жасап шығарған еді. Кентас қорытылғаннан кейін пешті бұзып, алынған металды ұстаханада қайтадан қыздырып, балғамен соғып өңдеген. Осылайша *ұсталық* ісі бірт е-бірте өндірістің маңызды саласына айналды.

Ұста деген кім және ол немен айналысты?

Ізден!

Солтүстік Қазақстандағы Ақпир қалашығынан металл балқытуға арналған жүздеген пештердің орны табылған.

Құрал-жабдықтарды темірден жасау ежелгі адамдардың өміріне үлкен төңкеріс әкелді. Нәтижесінде көптеген өзгеріс орын алды.

**Темірді игеру шаруашылық салаларының қалыптасуына қандай әсерін тигізді?**

*Малшаруашылығы.* Темір құралдардың пайда болуымен мал шаруашылығы одан әрі дамыды. Малшыларда мықты ер, темір үзенгілер, темір ауыздықтар пайда болды.

### Бұл маңызды!

*Ауыздық* — жылқының аузына салынатын жүген бөлігі. Ауыздық атты басқару үшін пайдаланылған. Олар алғашқы кезде сүйектен, мүйізден, кейінірек ағаштан, қоладан, ерте көшпелілер дәуірінде темірден жасалды.



Ақпир қалашығының қалпына келтірілген көрінісі



Сақ дәуірінде жасалған ауыздықтар

**Егіншаруашылығы.** Темірді игеру егін алқаптарын көбірек игеруге мүмкіндік беретін жаңа еңбек құралдарын жасауға жол ашты. Керекті егістік алқаптарын даярлауға темір құралдар үлкен мүмкіндіктер берген еді. Темір құралдар көмегімен адамдар егістікке қажетті жерлерді жақсырақ өңдейтін болды. Бұрынғы қоладан жасалған кетпеннің орнына жүзі әлдеқайда берік темір кетпендерді пайдалана бастады.

### Еске түсір!

Егіншілік қай кезеңде пайда болған еді және *кетпенді егіншілік* деген не?

Жерді егін егу үшін даярлауға қажетті құралдардың темірден жасалуы жұмыстың өнімділігін арттыра түскен. Темірден жасалған *соқа* ұштары жерді тереңірек жыртты. Өңделетін жердің көлемі де артты. Осылайша тек темірдің таралуынан кейін ғана *егіншілік* шаруашылықтың маңызды бөлігіне айналды.

### Ойлан!

Неліктен темірдің кең таралуынан кейін ғана егіншілік шаруашылықтың маңызды бөлігіне айналған?

**Соқа** деген не? Оны не үшін және қалай пайдаланған?

**Ізден!**

**Қолөнер.** Темірден жасалған кайшылар, металл пышақтар, тескіш (біз) тәрізді көптеген еңбек құралдары пайда бола бастады. Ұсталық, қару жасау, көші-қон мен саяхат құралдарын, зергерлік бұйымдар, әскери жабдықтар жасау сияқты қолөнер түрлерінің дамуы жеделдеді. Темірден жасалған еңбек құралдары ағаш, сүйек, тері өңдеу істерін



Алғашқы соқалар мен оның кейінгі дәуірлердегі дамыған түрлері

дамытты. Мұның бәрі қолөнердің егіншіліктен бөлінуіне әкелді. Қолөнердің дамуы өз кезегінде сауданың дамуына әсерін тигізді.

Ерте темір дәуірі кезеңіндегі шеберлер темірді өндеудің сол заманындағы ең озық әдіс-тәсілдерін шебер меңгерген. Олар өндеу арқылы бұйымдарға кез келген пішіндер бере алды. Сондықтан ерте темір дәуірінде жасалған ат әбзелдері, қару-жарақтар мен әшекей бұйымдар өздерінің жасалу шеберлігі жағынан әлі күнге дейін адамдарды таңғалдырып келеді.

### Ойлан!

Қолөнер не себепті егіншіліктен бөлініп шықты?

### Тапсырма

Алғашқы темір қорытушылардың атқарып жатқан істерін өз болжамың бойынша анықта. Олардың ісін сипаттап айтып бер және жаңа сөздер мен әрекеттерін дәптеріңе жаз.



### Біліміңді тексер!

Адамзат қоғамының дамуында қолаға қарағанда темір өндіру жақсы дамыды. Осы тұжырыммен сен келісесің бе? Түсіндір.



## КӨШПЕЛІ МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

### §21. КӨШПЕЛІ МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ӨМІР САЛТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### Бүгінгі сабақта:

ежелгі қазақ даласындағы көшпелі малшаруашылығының қалыптасуы туралы білеміз;

көшпелі малшаруашылығының қандай түрлері бар екенін анықтаймыз.

#### Көшпелі малшаруашылығының қалыптасуына қандай себептер әсер еткен?

Ежелгі қазақ даласында малшаруашылығы жақсы дамыған. Оған осы кезеңге жататын жануарлар сүйегінің қалдықтары мен еңбек құралдары дәлел бола алады.

Көшпелі малшаруашылығы энеолит кезеңінен бастау алады. Энеолит кезеңінде қазақ даласында жылқыны қолға үйреткен. Сондықтан бұл кезеңді көшпелі өмір салтының басталу кезеңі деп есептеуге болады.

#### Тірек сөздер:

- Көшпелі малшаруашылығы
- Отырықшы малшаруашылығы
- Жартылай көшпелі малшаруашылығы

#### Еске түсір!

Жануарларды алғаш қолға үйрету қай дәуірде басталған еді?

Қола дәуірі көшпелі малшаруашылығына көшкен кезең болып есептеледі. Кейінгі қола дәуірінде жылқымен бірге қой, сиыр, түйе пайда болған. Басқа түліктермен салыстырғанда әсіресе қойдың саны көбейген. Бұл ежелгі тайпаларға малды сумен, жемшөппен қамтамасыз ету үшін жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану әдістерін іздестіру қажеттілігін тудырды.

#### Ойлан!

Қола дәуірінде не себепті қойдың саны артты деп ойлайсың?

Көшпелі малшаруашылығының толық қалыптасқан кезеңі б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяғы және б.з.б. 1-мыңжылдықтың басына, яғни *ерте темір дәуіріне* жатқызылады. Көшпелі өмір салтына өту халықтың қоршаған ортаға бейімделуінің нәтижесінде жүзеге

асқан. Ғалымдар осы кезеңдегі қоршаған табиғи ортаның көшпелі малшаруашылығына қолайлы болғандығын анықтап отыр.

### Ойлан!

Ежелгі Қазақстан аумағындағы көшпелі малшаруашылығының қалыптасуының қандай себептері болды?

Көшпелілер жыл маусымдарына сәйкес көшіп-қонды. Қыс кезінде олар жылы оңтүстік аймақтарда мекендеген. Отардағы мал саны қаншалықты көп болса, көші-қон да соншалықты ұзағырақ болған. Негізгі түліктер ретінде *қой, жылқы және түйе* өсірілді.

Көшпелілер не себепті негізгі түліктер ретінде жылқы, қой мен түйені өсірген?

**Ізден!**

### Көшпелі малшаруашылығының қандай түрлері болған?

Алғашқы кезде ежелгі малшылар өздері жертөлелерде тұрып, малды арнайы жасалған мал қорада ұстады. Қажет кезінде малға шөп беріп отырды. Бұл *отырықшы малшаруашылығы* еді.



Адам және жылқы мүсіншелерімен көркемделген ғұрыптық шырағдан



Түйе бейнеленген ат әбзелінің әшекейі

Малдың саны көбейген сайын оны шөппен, сумен қамтамасыз ету қиындай түсті. Сондықтан малшылар жері құнарлы аумақтарға жылжып отыруға мәжбүр болды. Олар қыс мезгілінде *қыстауға* көшті. Жазда малды жазғы жайылым — *жайлауда* бақты. Таулы аймақтарда қыстаулар мен жайлаулардың арасы жақын болды. Олар тұрақты болды. Сонымен қатар малшылар ішінара егіншілікпен де айналысты. Көшпелі малшаруашылығының мұндай түрі *жартылай көшпелі* деген атауға не болды.

Малдың көбеюімен байланысты оларда жемшөппен қамтамасыз ету үшін жерді кеңейту керек болды. Қыстаудан алыс қашықтыққа көшу *көшпелі малшаруашылығына* тән. Мұндай кезде бүкіл ру өзінің мал-мүлкімен бірге көшті.

Көші-кон кезінде дүние-мүлік пен жас балаларды, әйелдерді тасымалдауға қажетті көлік ретінде киізбен жабылған арбалар пайдаланылды. Осылайша малшаруашылығының *отырықшы, көшпелі, жартылай көшпелі* түрлері пайда болды.

Ежелгі көшпелілер малшаруашылығының негізгі үш түрінің қалыптасуының себептері неде?

**Ізден!**



### Тапсырма

Төмендегі мәтінді оқып шығып, сақтар үшін жылқының маңызы қандай болғанын әңгімелеп бер. Жаңа ұғымдардың анықтамасын дәптерге көшіріп жаз.

#### Жылқының сақтар өміріндегі маңызы

Сақтар үйір-үйір жылқы өсіріп, ат құлағында ойнауды өнер дәрежесіне көтерген. Сақтардың балалары мен әйелдері де ат үстінде соғысу тәсілдерін жас кезінен жетік меңгеріп, көрген жұрттың зәресін ұшырған. Олардың жорығынан соң Еуропада, Кіші Азияда, Жерорта теңізінің бойында, Мысырда атпен бірге жаратылған кентаврлар туралы аңыз тараған. Ежелгі грек мифологиясындағы жауынгер әйелдер — амазонкалар туралы аңыздар да осы сақ әйелдерінің бейнесінен алынған деген пікір бар. Қалай болғанда да, жылқыға салт мінуді қас өнерге айналдырып, оны әскери әдіс-тәсілдермен шебер ұштастыра білген сақтар өз заманының ең қуатты еліне айналған. Олар жаңа жерлерді жаулап алуға, тіршілікке қажетті байлықтарға кенелуге мүмкіндік беретін жылқыны құрметтеп, жан серігі санаған. “Олар аттарына да кеудені жауып тұратын мыс сауыт кигізеді, — деп жазады ежелгі грек тарихшысы Геродот, — ал жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекейлейді”.

Сақтардың патшасы, қолбасшысы мен батырлары тек өздерінің баскиімдеріне ғана емес, мінген аттарының төбесіне де лауазымдық белгі — жыға таққаны туралы деректер бар.

### Біліміңді тексер!

Табиғи-климаттық өзгерістер көшпелі малшаруашылығына көшудің негізі болды. Сен осы тұжырыммен келісесің бе? Неліктен?

## §22. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

### Бүгінгі сабақта:

Орталық Азия көшпелілерінің мәдениеті неліктен Дала өркениеті атанғанын анықтаймыз;

көшпелілер мәдениетінің үздік жетістіктерімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Дала өркениеті
- Натуралды шаруашылық
- Протокалалық мәдениет

Көшпелілер өз заманында өте жоғары дамыған мәдениет қалыптастыра отырып, әлемдік өркениеттің дамуына зор үлес қосты. Көшпелілер әлемдік деңгейдегі материалдық және рухани құндылықтар қалдырды.

### Дала өркениеті дегеніміз не?

Орталық Азия көшпелілерінің өркениеті ғылымда *Дала өркениеті* деген атауға ие болды.

Көшпелілер ежелгі заманда бірінші болып жылқыны қолға үйретіп, қос дөңгелекті арбаны ойлап тапты. Жеңіл жылжымалы үйлерді пайдаланды. Оны ежелгі заманда тасқа салынған суреттерден білеміз. Бұлар көшпелілер өркениетін Ежелгі Шығыстың ұлы өркениеттерімен бір қатарға шығарды.

### Еске түсір!

Дүниежүзі тарихынан Шығыстың қандай ұлы өркениеттерімен таныстың?

Көшпелі өркениет адамзатты ет және сүт тағамдарын дайындау, өңдеу, сүрлеу мен сақтаудың әдістерімен таныстырды.

### Ойлан!

Көшпелілердің етті сақтаудағы *сүрлеу* тәсілін қалай түсінесің?

Көшпелілердің *натуралды шаруашылығы* мал өнімдерінен тұрмыс пен өмірге қажетті барлық затты жасауға мүмкіндік берді. Мысалы, олар жүннен жіп есу мен тоқыма ісі, тері илеу мен бағалы терілерді өңдеу сияқты ең жоғарғы кәсіби шеберлікке жетті. Көшпелілер атқа мініп жүру үшін қажетті шалбарды ойлап тапты. Шалбар иленген жұқа теріден және тоқылған матадан дайындалды.

### Есте сақта!

*Натуралды шаруашылық* деп адамдардың өнімді айырбасқа нарыққа шығару үшін емес, өздерінің тұтынуы үшін өндіретін шаруашылықты айтамыз.

**Көшпелі өркениеттің жетістіктері.** Көшпелілер әскери өнер мен қару-жарак жасауда да тамаша жетістіктерге жетті. Нәтижесінде көшпелілер адамзат тарихындағы алғашқы ірі мемлекеттік құрылымды құрды.

Көшпелілердің үзенгіні ойлап табуы әскери істе үлкен жетістік болды. Үзенгі атты жауынгер қарсыласына қылыш соққысын нақты сілтеуге және оны жебемен дәл көздеп атуға мүмкіндік берді.

Көшпелілер бірқатар халықтардың қалыптасуына да елеулі ықпал жасады.

Мемлекеттік белгілер, тұрақты сауда, мәдени және саяси байланыстары бар, ортақ идеологиясы дамыған көшпелілердің далалық өркениеті әлемдік өркениеттің дамуына зор үлес қосты. Көшпелілер өркениеті бүкіл адамзаттың ортақ қазынасына айналды.

**Көшпелілердің алғашқы қалалық мәдениеті.** Қола және темір дәуірлерінен қалған археологиялық ескерткіштер ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мәдениеттің ең жарқын ескерткіштері болып табылады. Археологиялық зерттеулер көшпелілерде алғашқы қалалық өркениеттің болғанын дәлелдеді. Мысалы, оларға Маңғыстаудағы Тоқсанбай сияқты ежелгі қалашықтар, сақтардың Баланды, Шірік-Рабат сияқты қалалары жатады.

### Бұл қызық!

Тоқсанбай — ежелгі көшпелілердің қалалық кезенге дейінгі қонысы

Қалалық кезенге дейінгі Тоқсанбай қонысы б.з.б. 3—2-мыңжылдыққа жатады. Қоныс Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының Тұрыш ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 120 км жерде, Тоқсанбай шатқалында орналасқан. Аталған археологиялық ескерткіш ерте қола дәуіріне жатады. Ол осыдан 4000 жыл бұрын пайда болған.

Протоқалалық мәдениет дегеніміз не?

**Анықта!**



Тоқсанбай қонысының орны

### Біліміңді тексер!

Орталық Азияның көшпелілер мәдениеті *Дала өркениеті* деген атауға ие болды. Сен осы тұжырыммен келісесің бе? Өз ойыңды түсіндір.

## ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

### §23. ЕЖЕЛГІ ТАЙПАЛАРДЫҢ ӨНЕРІ

#### Бүгінгі сабақта:

ежелгі көшпелілер өнерімен танысамыз;  
көшпелілерде кәсіптің қандай түрлері болғанын анықтаймыз.

#### Тірек сөздер:

- Тері өңдеу
- Аңдық стиль
- Тоқымашылық
- Киіз басу



Темір қанжар



Садақтың сүйектен  
жасалған ұштары

#### Ежелгі көшпелілерде қолөнердің қандай түрлері болған?

Көшпелілерде қолөнердің көптеген түрі дамыды. Ер адамдар күшті қажет ететін қолөнер түрлеріне аса мән берді. Олар тасты ою, ағаш, сүйек, тері өңдеу, ұсталық іспен және зергерлік өнермен айналысты.

Ұлы даладағы көшпелілердің ежелгі өнерінің бірі *қару-жарақ жасау ісі* болды. Қару-жарақ соғыс ісі үшін ғана емес, үйлену тойы мен діни әдет-ғұрыптарды өткізу кезінде қолданылатын қасиетті зат ретінде де пайдаланылды. Темірден, қоладан, тастан айна, қазан мен түрлі ғұрыптық заттар жасау кең тарады.

Тері өңдеу — көшпелілердің ежелгі кәсіптерінің кең тараған түрі. Теріден жебе салатын қорамсақ, түрлі белдіктер, аяқкіім, ыдыс-аяқ, ер-тоқым мен ер-тұрманның түрлі әбзелдерін жасады. Теріден жасалған заттар бедерленіп, зерленді. Оларды сүт өнімдерін сақтауға және тасымалдауға пайдаланды.

#### Ойлан!

Теріден жасалған қандай бұйымдарды білесің?

Әйелдер киіз басу, жүн өңдеу, киіз үйдің ішін безендіру, кілем тоқу (алаша, тақыр кілем) және тоқымашылықпен айналысты. Ежелгі шеберлер қой мен түйе жүнінен

жас алған матадан киімдер тікті. Киіз басу көшпелілердің ежелгі баспанасы — *киіз үйдің* қажетті жабдықтарын (жабу, туырлық, үзік, түндік, сырткиіздер, тұскиіз, киіз, текемет, сырмақ және т.б.) жасаумен тығыз байланысты дамыды.

**Көшпелілердің өнері әлемдік өркеннетке қандай үлес қосты?**

Даланың ежелгі тұрғындары металл өндірісін игерді. Олардың жоғары дамыған металлургия орталығы болды.

Қазақстан аумағында қандай ежелгі кен орындары табылған?

**Ізден!**

*Аңдық стиль* негізінде күміс пен алтыннан жан-жануарлар бейнесін жасау көшпелілердің әлемдік өркеннетке қосқан зор үлесі саналады.

**Көшпелілердің баспанасының қандай ерекшелігі болды?**

Көшпелілердің ерекше баспана — *киіз үйді* ойлап табуы адамның қоршаған ортада кез келген жағдайға бейімделе алатынын көрсетті. Киіз үйдің пайда болуы туралы ғалымдар арасында көптеген көзқарас бар. Олар *киіз үйдің* алғашқы түрі қола дәуіріндегі тұрғын үйлерден бастау алады десе, кейбіреулері оның пайда болуын сақтардың, кейбіреулері ғұндардың баспанасымен байланыстырады.

Киіз үйдің алғашқы түрі — жаппа үйлер конус пішінді болды. Мұндай үйдің ортасында ашық ошақ орналасты. Кейінірек киізден жасалған төрт дөңгелекті арбаға орнатылған үйлер пайда болды. Олар көшпелі өмірге бейімделген еді. Себебі мұндай үйлер тез жинауға, тез құруға және көшкенде алып жүруге ыңғайлы болды.

Осылайша ежелгі баспана түрлерінің ұзақ уақыттар бойы дамуы нәтижесінде киіз үй қалыптасты. Ағаш өңдеу ісінің дамуымен бірге көшпелілердің арасында киіз үйдің керегесін, уығын, шаңырағын, есігін жасайтын шеберлер пайда болды.



Темірден жасалған қазан



Қоладан жасалған қазан



Ғұрыптық қола шырағдан



Тастан қашалған ғұрыптық бұйым

**Тапсырма**

Суретке қарап, көшпелілер баспанасының даму са-  
тысын дәптерге сал.

**Бұл қызық!****Гиппократ скифтердің баспанасы туралы**

Арбалар өте шағын, төрт дөңгелекті болады. Басқа бір алты дөңгелекті арбалар киізбен жабылады. Үйге ұқсас екі және үш қабат киіз жабылған күркелі арбалар жасалады, олар жаңбыр мен желден пана болады. Бұл арбаларда балалар мен әйелдер тұрады, ал ерлер қашанда ат үстінде болған.

**Біліміңді тексер!**

Ежелгі көшпелілердің өнері олардың шаруашылығының негізгі түрі болып табылатын малшаруашылығымен байланысты болды. Осы тұжырыммен сен келісесің бе?

**§24. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ БАСПАНАСЫ — КИІЗ ҮЙІ****Бүгінгі сабақта:**

көшпелілердің негізгі баспанасы — киіз үймен танысамыз;  
киіз үйдің жабдықтарын оқып білеміз.

**Тірек сөздер:**

- Шанырақ
- Уық
- Кереге
- Сықырлауық
- Түндік
- Үзік
- Туырлық

**Киіз үй құрылысы.** Киіз үй — Еуразия көшпелілерінің негізгі баспанасы. Киіз үйдің ағаштан жасалған бөлігін *сүйегі* деп атайды. Оның қабырғасы торлап көктелген *керегеден* тұрғызылады. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек *қанаттардан* құрастырылады. Оған ағаштан оюлап жасалған *сықырлауық* деп аталатын жарма есік орнатылады. Ал ағаштан жұмырлап жасалған *уықтардың* басы дөңгелене жайылған керегенің басына байланып, ұшы (*қаламы*) шанырақтың *көзіне* сұғылады. *Шанырақ* — уықтардың басын біріктіріп ұстап тұратын үй күмбезінің төбесі әрі терезесі.

Кереге мен уықтар *уықбау, кермебау, басқұр, құр* деп аталатын түрлі *бау-шулармен* бекітіледі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған *ши* ұсталады. Үй *сүйегінің* сыртынан арнаулы үй киіздері: қабырғасына *туырлық*, үстіне *үзік*, төбесіне





Кііз үйдің сүйегі



Кііз үйдің туырлық, үзік, түндік жабылған көрінісі

түндік жабылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы кііз қаптаған жаппа есік орнатылады. Бұл үй кііздері де *бау-шулар* арқылы байлап бекітіледі.

### Есте сақта!

Қазақ халқында шаңыраққа қатысты *қара шаңырақ* деген сөз бар. Ол — әулеттің ең үлкені қоныс тепкен үйді білдіру үшін қолданылатын ұғым.

### Ойлан!

Қазақтағы шаңырақ сөзінің тағы қандай мағынасын білесің?

Көшіп-конуға лайықты, тігуге де, жығуға да ыңғайлы кііз үй сол замандағы адамзат ойлап тапқан керемет жаңалық болды. Кііз үйді жасау, құру және оны безендіру үлкен шеберлікті талап етті. Мысалы, кііз үйдің сыртынан жабылатын кііз жамылғылары үйді жаңбырдан, желден және Күннің ыстығынан қорғады. Сондықтан шеберлер *кііз басудың* сапасына ерекше мән берді. Кііздің өлшемдерін дұрыс жасаумен қатар оның тығыздығы мен салмағы да маңызды болды.

Кіізді қалай даярлаған және *кііз басу* деп нені айтады?

### Ізден!

Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған кііз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын.

Үйдің ішкі аумағы бірнеше шартты бөліктерге бөлінеді. Үйдің ортасында тамақ пісіретін ошағы болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұскііз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық



Кііз үйдің шанырағы



Киіз үйдің ішкі аумағының шартты бөліктерге бөлінуі

тартылады. Үйдің төріне жұкаяқ қойылып, оның үстіне көрпе-жастық т.б. жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар қойылады.

Киіз үйдің ішінде оң жақ деп қай жағын айтады?

**Ізден!**

Киіз үйдің құрылысы, оның жабдыктары мен үйдің ішкі бөліктері көшпелілердің тұрмысымен ғана емес, сонымен қатар жалпы көшпелілердің дүниетанымымен байланысты болды. Киіз үй — көшпелілер ұғымында ғаламның үлгісі. Шаңырақ — Күннің символы. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші төрт тарапты білдіреді. *Уықтарды* Күннің шашыраған нұры деп ұққан. Киіз үйдің ортасындағы ошақ та қасиетті орын саналды.

Көшпелілер өздері тұрған жерді үнемі тазалықта ұстаған. Ежелгі көшпелі тайпалар мәдениетінің мұрагері бүгінгі қазақ халқы болып табылады.

### Тапсырма

Киіз үйдің ішкі жабдыктарының орналасуына қарай отырып, оның қандай бөліктерге бөлінгенін және әрбір бөліктің қандай мақсатта қойылғанына болжамдар жасап көр. Қандай үй мүліктері сендерге таныс, қайсысы беймәлім?



### Біліміңді тексер!

Ежелгі көшпелілердің баспанасы — киіз үй неліктен ыңғайлы әмбебап тұрғын үйге айналды деп ойлайсың?

## ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

### §25. ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ

**Бүгінгі сабақта:**

ерте көшпелілердің наным-сенімдерін анықтаймыз.

Археологиялық зерттеулер барысында еліміздің аумағынан табылған түрлі бұйымдар және ежелгі аңыздар мен мифтер арқылы біз ерте көшпелілердің наным-сенімдерін біле аламыз.

#### Тірек сөздер:

- Салт-дәстүр
- Аңыздар

Біздің ежелгі ата-бабаларымыздың наным-сенімдері олардың әлем туралы, адам және оның өмірдегі орны туралы түсініктерінен туындаған. Бүгінгі таңда да қазақ халқында ерте көшпелілердің көптеген сенімдері сақталып отыр. Мысалы, ежелгі замандардағы дәстүрлердің бірі *жылқыны қастерлеу* болды. Сондай қанатты пырақтар Қазақстан Республикасының Елтаңбасында бейнеленген. Ертеде қанатты пырақтар туралы аңыздар көптеп айтылатын. Негізінен, құрбандыққа жылқы шалынатын болды. Ерте көшпелілер аспандағы жылқылар Әлем тауында өмір сүреді деп сенген. Сондықтан бүгінгі қазақ халқының дәстүрінде де жылқыны қастерлеу салты сақталған.

Ерте көшпелілер табиғат құбылыстарын күдіретті күш ретінде қабылдаған. Олардың Күнге, отқа, суға, ата-баба аруағына сиыну дәстүрлері күні бүгінге дейін сақталып отыр. Ерте көшпелілердің наным-сенімдерін археологиялық зерттеулер де көрсете алады. Қазба жұмыстары барысында түрлі бұйымдар, әсіресе құрбандық ыдыстары көптеп табылған.

Күн шеңбері тәрізді күрделі құрылымнан тұратын обалар кездеседі. Зерттеушілер

Қазақ халқының аңыздарында, жыр-дастандарында айтылатын өз иесіне сенімді серік бола білген тұлпарлар туралы не білесің?

**Ізден!**



Қазақстан Республикасының  
Елтаңбасындағы қанатты  
пырақтар



Ғұрыптық бұйымдар



Құрбандық ыдыстары

мұндай қорғандар ежелгі тұрғындардың Күнге табыну мен әлем туралы түсінігіне байланысты деп есептейді.

Көшпелілер Күнге табынумен бірге оттың киелі күшін де қастерлеген. *От ана, отбасы, жанұя* ұғымының нышаны болды. Сондықтан жанып тұрған отты бірден сөндіру немесе оттан аттау, отқа жаман, лас заттарды тастау жаман ырым саналды.

Осылайша от жанып тұратын ошақ та қасиетті орынға айналды. Қазақ халқында от культіне байланысты пайда болған тілектер, ырымдар бүгінгі күнге дейін сақталған.

### Ойлан!

“Ошағың сөнбесін”, “ошағының оты өшті” деген ұғымдарды қалай түсінесің?

Ата-баба аруағына табынудың жарқын көрінісін Батыс Қазақстан облысы, Үстірттен табылған сармат дәуіріндегі ғибадатханадан көруге болады. Мұнда жауынгер баба мүсіні қойылған және құрбандық шалатын арнайы бұйымдар орналасқан. Бұл ескерткіш батыр әрі рубасы тәрізді ата-баба рухына және от пен суға табыну культін көрсетеді. Оттың жамандықтан сақтаушы күші туралы сенім бүгінгі қазақ халқының ошақ басын қадірлеу, құрметтеу туралы сенімімен байланысты.



“Күн сәулелі” сармат обасы



Жауынгердің тасмүсіні



Берел қорымындағы мұз басқан обадан табылған жануарлардың жанғыртпасы

### Ойлан!

Ерте көшпелілердің ата-баба аруағын қастерлегенін қалай білуге болады және оның бүгінгі қазақ халқының салт-дәстүрлерінің арасында сақталған қандай нұсқаларын білесің?

Ерте көшпелілердің ұғымы бойынша адам өмірден өтсе де, оның өмірі о дүниеде жалғасады деп сенген.

Қайтыс болған адамның о дүниеде де өмір сүреді деген сеніммен оның күнделікті тұрмысына қажет бұйымдарды (ыдыстар, қару-жарақтар, тұрмыстық заттар, тамақ, киім және т.б.) бірге жерлеген. Берел қорымындағы обадан аттардың да бірге жерленгенін көруге болады. Бұл о дүниеде аттар да қажет деген түсінікке орай атқарылған болса керек. Көшпелілер адам қайтыс болғаннан кейін де аруақ бейнесінде өздерін қолдап-қорғайды деген сенімде болған.



Сарматтардың 2-Төбешік ғибадатханасы

### Тапсырма

Ерте көшпелілердің салт-дәстүрлері мен қазіргі қазақ халқының салт-дәстүрлерінің арасындағы сабақтастық туралы әңгіме жаз.

### Біліміңді тексер!

Ерте көшпелілердің салт-дәстүрлері қалай пайда болғанын түсіндіріп бер.

## §26. ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘЛЕМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІ

### Бүгінгі сабақта:

- ерте көшпелілердің әлем туралы түсінігімен танысамыз;
- олардың қоршаған ортамен байланысы қандай болғанын білеміз.

### Тірек сөздер:

- Әлем
- Дықылтас

### Көшпелілер әлемді қалай қабылдаған?

Көшпелілер ұғымындағы әлем үш қабатқа бөлінген. Олар әлемді жер асты, аспан асты және орта әлем, яғни су, жер, аспан деп қабылдаған.

Жартастарда салынған өгіздер, арқарлар, жылқылардың және т.б. бейнелері көшпелілердің әлем туралы, оның пайда болуы, табиғат құбыластары туралы түсінігінен туындаған. Мысалы, суреттерден үстінде Күн құдайы отырған арбаға жегілген өгіз бейнесі жиі кездеседі. Олар Күн құдайы күнделікті өз арбасына отырып, шығыстан батысқа қарай бет алады деп сенген. Осылайша таңертең Күн шығып, кешкісін ұясына батады деп түсінген.

**Қасиетті жануарлар.** Көшпелілер басқа халықтар тәрізді кейбір жан-жануарларды әлеммен байланысты деп сенген. Сондықтан оларда қасиетті күш бар деп сеніп, оларды қастерлеген. Мысалы, арқар мүйізімен Күн құдайын көтеріп тұратын жануар ретінде саналды. Оның дәлелі — ежелгі петроглифтерде арқар бейнесі көптеп кездеседі. Сондықтан көбінесе арқар патша билігінің белгісі ретінде саналады.

### Естесіңіз!

Қазақ хандарының мөр-жүзіктерінде көбінесе арқар бейнесі бейнеленген.



Хантау тауындағы арқар бейнелері

Көшпелілер арыстандар мен жолбарыстарды да қаснет тұтты. Оларды соғыс кезінде табыс әкеледі деп сенгендіктен, өздерінің қару-жарақтарын, сауыт-саймандарын осы жануарлардың бейнесімен безендірді.

Көшпелілер жануарлардың сүйектеріне қарап болжам жасады. Б.з.б. IV ғасырға жататын Дықылтас жерлеу-ғұрыптық кешенінен қойдың жауырыны табылды.

Қойдың жауырынына қарап болжам жасау туралы қазақ халқының ауыз әдебиетінен не білесің?

**Ізден!**

Қазіргі қазақ халқының мәдениеті ерте көшпелілер мәдениетінен бастау алады. Көшпелілердің әлем туралы түсініктерінен туындаған наным-сенімдері қазақ халқының дәстүрлерінде, қолданбалы бейнелеу өнері мен қолөнерінде сақталып отыр. Көшпелілердің әлем туралы ұғымын бүгінгі таңда халқымыздың сырмақ, тұскиіз сияқты дәстүрлі бұйымдарындағы өрнектерден көруге болады.

**Адам мен табиғат.** Адамдар түрлі табиғат құбылыстары мен апаттары ата-баба дәстүрін, жолын бұзған кезде орын алады деп сенген. Себебі олар табиғат пен адамды біртұтас дүние деп қабылдаған. Сондықтан олар табиғатқа, қоршаған ортаға зор қамқорлықпен қарады. Табиғат байлықтарын бекер шашпауға, құртпауға тырысты. Осылайша олар табиғатпен үйлесімділікте өмір сүрді. Мысалы, ағашты, тауларды қаснет тұтты. Жас ағашты кеспеу керек, сындырмау деген ұғым болды. Себебі жас ағашты себепсіз кескен адамның өмірі де солай мезгілсіз кесіледі деп сенген.

Көшпелілер тұрмыс қалдықтарын да жан-жаққа бекер тастамаған. Оларды арнайы қазылған шұңқырларға көмген.

Бүгінгі таңға дейін қазақ халқында тағам қалдықтарын, мысалы, жарамсыз болған сүт өнімдерін кез келген жерге төгуге, тастауға болмайды, оттың орнын баспайды, күлді шашуға болмайды деген ырым-тыйымдар осындай дүниетанымнан туындаған.

Күні бүгінге дейін қазақ халқында табиғатқа жамандық, қастандық жасаған адамдардың қасіретке ұшырағаны туралы аңыздар сақталған.

### Тапсырма

Халқымыздың дәстүрінде сақталған табиғатты қорғауға қатысты салт-дәстүрлерді дәптерлеріңе жаз.

### Біліміңді тексер!

Көшпелілердің әлем туралы түсінігі олардың дәстүрінде, мәдениетінде көрініс бергенін қалай көрсетуге болады?

**Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Ежелгі тарихтың қай кезеңі "темір ғасыры" деген атқа ие болды?
2. Темірді игерген соң шаруашылықта қандай өзгерістер болды?
3. "Темір ғасыры", "ерте темір ғасыры" деген ұғымдарды түсіндір.
4. Қандай маңызды өзгерістер шаруашылықтың көшпелі түріне өтуге себеп болды?
5. Ежелгі Қазақстан аумағындағы көшпелі шаруашылықтың қалыптасуының маңызды себептерін ата.
6. "Көшпелі малшаруашылығы" деген ұғымды түсіндір.
7. Жылжымалы киіз үйдің артықшылығы неде?
8. Киіз үйдің құрылымы туралы айтып бер.
9. Көшпелілердің дүниетанымы дәстүрлі баспанада қалай көрініс тапты?
10. Ерте көшпелілердің қандай археологиялық ескерткіштерін білесің?
11. Көшпелілер өркениеті қандай атауға ие?
12. Көшпелілер өркениетінің жетістіктерін атап бер.





# САҚТАР



## САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

### §27. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ САҚТАР

#### Бүгінгі сабақта:

ежелгі дәуірде еліміздің аумағын мекендеген сақ тайпалары туралы мәлімет аламыз;

сақ тайпаларының мекендеген аймақтарын білеміз.

#### Тірек сөздер:

- Азиялық скифтер
- Тиграхауда
- Парадарайя
- Хаомаварга
- Скифтер
- Турлар

Сақтар б.з.б. 1-мыңжылдықта Қазақстан аумағымен қатар одан тыс ұлан-ғайыр аумақта өмір сүрді. Олар Жетісу мен Түркістаннан Қара теңіз бойына, Алтай тауларынан Хорезмге дейінгі аймақты алып жатты.

Сақтар аса ержүрек, жауынгер және қуатты ел ретінде белгілі болды. Қазақ тарихын зерттеген ғалымдар қазақ халқының арғы тегі осы сақ тайпасы екенін анықтап отыр.

Сақтар өзін *сака*, *сақа* деп атаған. Ал ежелгі гректер “азиялық скифтер”, парсылар “жүйрік атты турлар”, “сақтар” деп атаған. Ғылыми әдебиеттерде сақтар өмір сүрген кезең “ерте темір ғасыры”, “ерте көшпелілер кезеңі”, “сақ дәуірі” деп аталады.

#### Еске түсір!

Ерте темір дәуірі қай уақыт аралығын қамтиды?

Ру-тайпалар арасындағы қарым-қатынастардың дамуының нәтижесінде Қазақстан жерінде алғашқы тайпалық одақтар құрылды. Қазақстан аумағын б.з.б. VIII—III ғасырларда мекендеген сақтар осындай тайпалық одақтардың бірі болды. Ол қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің ежелгі бастауы саналады.

#### Сақтардың тайпалық құрамы жөнінде не білеміз?

Сақтар көптеген ірі тайпадан тұрады. Бізге сақтардың *массaget*, *исседон*, *аргиттей*, *сармат*, *дай*, *аримастылар* және т.б. тайпаларының аты белгілі. Бұл тайпалар, негізінен, біздің еліміздің аумағында өмір сүрген.

Ал ежелгі парсылар сақтардың үш топқа бөлінгенін жазады. Олар:

1. *Тиграхауда* немесе “шошақ бөрікті” сақтар.
2. *Парадарайя* немесе “теңіздің арғы бетін мекендеген” сақтар.

3. *Хаомаварга* немесе “*хаомо* (*хаомо* — жүзім) *сусынын дайын-дайтын*” сақтар.

### Сақ тайпаларының орналасуы жөнінде не білеміз?

Қазақстанның оңтүстік бөлігін парсы тіліндегі жазбаларда кездесетін “*шошақ бөрікті*” *тиграхауда* сақтары мен грек жазбаларындағы *массагеттер* мен *дай* тайпалары мекендеген. Сонымен бірге тиграхауда сақтары Тянь-Шань мен Жетісу өңірін қоныстанған.

Ал “*теңіздің арғы бетін мекендеген*” *парадарайя* сақтары Арал теңізі мен Сырдарияның “арғы бетінде” өмір сүрген. Еліміздің батыс бөлігінде сарматтар қоныстанған. Олардан солтүстікке қарай Жайық өзені бойында *аргиттейлер* өмір сүрді. Қазақстанның орталық аумағында *исседондар*, солтүстік-шығыста *аримастылар* мекендеген. Ал *хаомаварга* сақтары Орта Азия аумағында болған.

### Сақтар тарихын неліктен оқып-үйренеміз?

Сақтар қазақ халқының ежелгі ата-бабасы болып табылады. Олар өз заманында озық үлгілі өркеннетке қол жеткізген. Сақтардан қалған жәдігерлер мен бүгінгі қазақ халқының материалдық мәдениетінің арасында тікелей сабақтастық бар. Ол қазақ халқының қолөнері, баспанасы, киімі, тағамдары, шаруашылығы, кейбір салт-дәстүрінен айқын көрінеді. Сондықтан тәуелсіз Қазақ елінің елтаңбасында сақ дәуірінің ескерткіштері қолданылған.

### Ойлан!

**Сақтардың моншасы.** Геродоттың айтуынша: “Сақ азаматы мәйітті жерлегеннен кейін арнайы монша жағады. Олар үш діңгекті бір-біріне түйістіріп, оның үстін жабады. Үйдің ортасына қыздырылған тастары бар мыс ыдысты қояды. Ол тасқа арнайы шөптер салынып лашықтың ішін түтінге толтырады. Түтін араласып ысыған лашықтың ішінде сақтар басын жуып, ал денесін моншаның буымен тазартады. Мұндай моншадан кейін олардың денесі жалтырап тұрады”. Осы дерекке қарап сен сақтардың мәдениеті туралы қандай қорытынды жасар едің?



Сақ қорғандарының археологиялық қазба жұмыстары

## Бұл кім?

### Анахарсис — сақ ғұламасы, данышпан

Ол б.з.д. VII—VI ғасырлар шамасында өмір сүрген, тарихта скиф Анахарсис деген атпен әлемге танылған. Оның анасы эллиндік болған. Ол Эллинде сол кездегі белгілі білім мен өнердің барлық саласын меңгерген. Анахарсис туралы Геродоттың “Тарих” кітабында да айтылады. Платон өзінің “Мемлекет” деген еңбегінде оны жеті ғұламаның бірі дейді.

Диоген Лаэртский “Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері” аталатын кітабында “Анахарсис айтты” деген афоризм келтіреді. Оның дерегі бойынша кемеңіз зекірін (якорь), шығырлы дөңгелекті Анахарсис ойлап тапқан. Анахарсис айтып, бізге жеткен кейбір сөздер мыналар: “Басқа пәле тілден”, “Татымсыз мың достан, адал бір дос артық” және т.б. Осы сөздер күні бүгінге дейін жетіп отыр. Анахарсисінің шешендігін мойындау белгісі ретінде Афинада зиялы қауым арасында “Скиф осылай сөйлейді” деген мәтел тараған.

Анахарсис алған білімін өзінің туған жеріне жұмсамақ болады. Бірақ оған қастандық ойлаушылар оның бұл мақсатын іске асырмайды.



### Тапсырма

Карта бойынша сақ тайпаларының және сақ қорғандарының қазақ даласының қандай аймағында орналасқанын дәптерге жаз.

### Біліміңді тексер!

Сақ тайпаларының атауы әртүрлі мәліметтерде неліктен әртүрлі аталған және оның себебі неде деп ойлайсың?

## §28. САҚТАР ТУРАЛЫ ЕЖЕЛГІ ГРЕК ЖӘНЕ ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

### Бүгінгі сабақта:

- сақтар туралы грек тілінде жазылған мәліметпен танысамыз;
- сақтар туралы парсы тіліндегі мәліметтерді білеміз.

Сақтар өз заманындағы ең құдіретті елдердің бірі болды. Сондықтан сақтар туралы ежелгі грек, парсы, қытай авторлары көптеген мәлімет қалдырған. Олар сақтардың орналасқан аумағы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы және басқа тайпалармен, халықтармен қарым-қатынасы туралы жазған. Сақтар туралы ежелгі грек авторларының мәліметі өте маңызды. Әсіресе Геродот, Страбон, Фукидид, Ксенофонт, Ктесийді ерекше атауға болады.

### Еске түсір!

Жазба деректер деп нені айтамыз?

**Геродот сақтар туралы қандай деректер қалдырған?**

Геродот сақтарды *азиялық скифтер* деп атаған. Геродоттың жазуынша, сақтар өте жауынгер, еркіндіксүйгіш халық болған. Геродот сақтардың құрамына кірген көптеген тайпа мен танымал тұлғалар туралы жазып қалдырған. Солардың бірі ретінде *массагет* тайпасының билеушісі болған Тұмар (Томирис) ханшаның ерлігі жөнінде мәліметтерді айтуға болады.

**Сақтар туралы парсы тіліндегі мәліметтер.** Сақтар туралы жазба деректердің бір тобы парсы тілінде жазылған. Солардың ішінде сақтар туралы алғашқы мәліметті көне “Авеста” кітабы мен парсылардың сына жазуынан аламыз.

### Еске түсір!

Ежелгі парсылар кімдер еді және қай аймақта орналасқан?

“Авеста” — зороастра дінінің қасиетті кітабы. “Авеста” кітабының мәтіні көне иран тілінде жазылған.

### Тірек сөздер:

- Геродот
- “Авеста” кітабы
- Арійлер
- Заратуштра
- Бехистун сына жазуы

### Бұл кім?



Бізге ең танымал ежелгі грек тарихшысы Геродот (б.з.б. 484 — б.з.б. 425 жж.). Геродотты “Тарихтың атасы” деп атайды. Себебі ол бірінші болып 9 кітаптан тұратын тарихты жазып қалдырды. Геродоттың “Тарих” деп аталатын осы еңбегінде біздің ата-бабамыз — сақтар туралы да мәліметтер берілген.



Геродот еңбегінің  
сақталған жұрнағы



Авеста жазбасының  
бөлігі

### Бұл кім?

Заратуштра — б.з.б. VIII—VI ғасырларда Қазақстан даласында Еділден шығысқа қарайғы жерде туған деседі. Ол зороастризм деген атпен танылған адамзаттың алғашқы діни және философиялық танымының негізін қалаушы әрі ақын болған. Ол өз ілімін уағыздап, алыс елдерге сапар шеккен.

### Есте сақта!

Зороастра — Заратуштра негізін салған көне діни және философиялық ілім. Осыдан 3000 жыл бұрын Орта Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына тараған.

Көне “Авеста” кітабынан сақтардың қоныстанған жері, олардың мәдениеті, діни наным-сенімдері, салт-дәстүрлері мен кәсібі туралы мәліметтер алуға болады.

“Авеста” кітабында біздің еліміздің аумағын мекендеген көшпелі тайпаларды “*жүйрік атты турлар*” деп атаған.

Авестада көшпелі турлардың, яғни сақтардың отырықшы *арий* тайпаларымен соғысы айтылады. Турлар мен арийлер арасындағы шым-шытырық оқиғалар Әмудария мен Сырдария, Каспий мен Арал, Еділ мен Кама өңірлерінде өрбиді. Ондағы кейіпкерлер дөңгелекті арбаға мінген. Басты қарулары садақ пен жебе, найза, айбалта болған. Негізгі кәсіптері мал өсіру (сныр, жылқы және түйе), тамағы ет пен сүт екені айтылады. Құдайға құрбандыққа жылқы, сныр, қой шалатыны баяндалған.

**Парсы тіліндегі сына жазулары сақтар туралы қандай мәліметтер береді?**

Сақтарға қатысты көне парсы тіліндегі кейбір жазбалар тасқа қашап жазылған сына жазуларында сақталған.


### Еске түсір!

Дүниежүзі тарихынан өткенімізді еске түсіре отырып, сына жазуы туралы айтып бер.

Солардың ішінде ең атақтысы — Бехистун сына жазуы. Бұл жазу парсы патшасы I Дарийдің құрметіне Бехистун жартасына қашалып жазылған. Жартаста сақтардың үш тобы туралы (парадарайя, тиграхауда, хаомаварга) жазылған.



Бехистун жартасындағы бейнелер мен жазбалар



Сына жазуы

Бехистун жартасындағы және парсы патшаларының атақты сарайы Персеполь қабрғаларында бедерлеп салынған суреттерден *тиграхсуда* сақтарының бейнесін анық көруге болады.

Бехистун жартасындағы сына жазуында I Дарий патшаның Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы сақтарға жасаған жорығы баяндалады. Ол Сырдария мен Әмударияның төменгі аралығына және сақтардың *атасиак* тайпалары мекендеген аумаққа дейін жеткен.

Көріп отырғанымыздай, жалпы ежелгі парсы тіліндегі деректерден де біз сақтардың тарихын біле аламыз. Олардың көрші елдермен қарым-қатынасы, ру-тайпалық құрамы, орналасқан жері, діни наным-сенімі, шаруашылығы, тұрмысы жайлы көптеген құнды мәлімет аламыз.

### Бұл қызық!

#### Бехистун жазбасы

Бехистун жазбасы қазіргі Иран аумағындағы биік Бехистун жартасына қашалып жазылған. Жазудың биіктігі — 7 м, ені — 22 м.

Мәтін 4 қатарға көне парсы, элам, вавилон тілдерінде берілген. Мәтіннің астында дұшпандары аяғына жығылған I Дарий патшаның бейнесі қашалған.

### Тапсырма

Грек авторларының бірі — Страбонның "География" деген еңбегінде сақтарды: "Бұл көшпелілер өте қарапайым, инабатты, кішіпейіл жандар, бұларда залымдық, қараниеттілік деген мүлде болмайды. Көп жағдайда бостандықта, еркін жүруді, тәуелсіз болуды қалайды", — деп жазған. Бұл сипаттама бүгінгі қазақ халқының ұлттық мінезімен астасып жатқанын мақал-мәтелдер арқылы дәлелде.

### Біліміңді тексер!

1. "Авеста" қандай кітап және сақтарға қатысты қандай мәлімет береді?
2. Бехистун жазбасы сақтар тарихын оқып-үйренуде несімен құнды деп ойлайсың?

## “АЛТЫН АДАМ” АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАСЫ

### §29. САҚТАР ТУРАЛЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

#### Бүгінгі сабақта:

сақтардан қалған археологиялық ескерткіштер мен олардың ерекшелігі туралы білеміз;

сақтардың археологиялық ескерткіштерін зерттеген ғалымдармен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- Оба
- Қорған
- Патша обалары
- Қорым

**Археологиялық зерттеулер сақтар туралы қандай мәліметтер береді?**

Сақтардың тарихына қатысты мәліметтерді олардың археологиялық ескерткіштерінен де біле аламыз. Еліміздің барлық аймағында сақтардың археологиялық ескерткіштері кездеседі. Олар қайтыс болған адамды жерлеген *обалар* мен *қорымдар* болып табылады.

#### Еске түсір!

Сақтардың тарихын біз археологиялық ескерткіштерден басқа қандай дереккөздер арқылы біле аламыз?

Сақ обаларын зерттеу барысында көптеген құнды мәлімет аламыз. Олар сақтарға қатысты жазба деректерді толықтырады.

Кейбір обалар “мәңгілік мұздыққа” айналған күйі сақталған. Олардан тез шіритін киіз, ағаш, сүйек, матадан жасалған бұйымдар бұзылмаған қалпында табылды. Мұндай тамаша ескерткіш Шығыс Қазақстандағы Берел қорымынан шықты.

#### Есте сақта!

*Оба* дегеніміз — қайтыс болған адамды жерлеген орын. Обаны кейде “қорған” деп те атайды. Сақтар қайтыс болған адамды белгілі бір жерге жерлеген. Осындай белгілі бір ру-тайпа өкілдері жерленген обалар орналасқан жер “қорым” деп аталады.

Обалардан шыққан ыдыс-аяқтар, қару-жарақтар, ат әбзелдері, әшекей бұйымдар, жан-жануарлар сүйегі — сақтардың өмірі, тұрмысы, шаруашылығы туралы мәлімет беретін құнды жәдігерлер.



Сақ қорымдарындағы обалардың көлемі әртүрлі болып келеді. Олар жерленген адамның қоғамдағы орны мен беделіне байланысты болған. Сондықтан елімізде сақтар дәуірінен қалған ұсақ обалармен қатар “патша” обалары (“патша” қорғандары) деп аталатын өте үлкен ескерткіштер табылған. Олар жер астына жасырған құпияларымен бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Сақтардан қалған мұра әлемдік өркениеттегі көшпелі халықтардың қайталанбас орны бар екенін көрсетті.



Бесшатыр қорымындағы сақ обасы

### Сақ ескерткіштерін қай ғалымдар зерттеген?

Сақтар дәуіріндегі археологиялық ескерткіштер адамдарға ерте заманнан белгілі болды. Оларды бірінші болып алтын, байлық іздеушілер қазған. Осылайша сақтардан қалған құнды жәдігерлер тоналып кетті.

Қазақстан жеріндегі сақтардың археологиялық ескерткіштерін зерттеу XX ғасырда жан-жақты қолға алынды. 1930 жылы М.П.Грязнов, А.Н.Бернштам сияқты ғалымдар арнайы ғылыми экспедиция құрып, зерттеулер жүргізді.

Орталық Қазақстан аумағын белгілі ғалым Ә.Марғұлан, кейін оның шәкірті М.Қадырбаев, Шығыс Қазақстанды С.С.Черников



Есік қорымындағы сақ обасы



Алматы қаласы, Шілікті қорымындағы “Алтын қорған” обасы

зерттеді. С.С.Черников 1960 жылы Шығыс Қазақстанның Шілікті қорымынан “Алтын қорған” деп аталатын бір обаны қазған. Бұл жерден аса шеберлікпен алтыннан жасалған қабылан, бүркіт, қабан, балық және т.б. бейнелер табылды. Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан аумағын З.Самашев, Ә.Төлеубаев бастаған ғалымдар зерттеуде.

Еліміздің Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерін К.Ақышев, Е.И.Агеева, К.Кушаев және т.б. ғалымдар зерттеді. Жетісудан сақтардың атақты Есік, Бесшатыр қорымдары зерттелді. Есіктен табылған сақтардың мәдениетінен, наным-сенімінен, шаруашылығынан, салт-дәстүрінен мәлімет беретін “Алтын адам” бүкіл әлемге танымал болды. Сақтар тарихына қатысты тамаша археологиялық жаңалықтар күні бүгінге дейін ашылуда.



### Тапсырма

Суреттерге қарап, сақтардың обаны қалай жасағаны туралы әңгіме құрастырып, дәптерге қысқаша жаз.



### Біліміңді тексер!

Археологиялық ескерткіштердің жазба мәліметтермен салыстырғандағы ерекшелігі неде деп ойлайсың және олар сақтар туралы қандай мәліметтер береді?

## §30. ЕСІК ОБАСЫ. “АЛТЫН АДАМ”

### Бүгінгі сабақта:

сақтардың Жетісу жерінде сақталған тамаша археологиялық ескерткіші — Есік қорымы туралы оқимыз;

Есік обасынан табылған *Алтын адамның* кім екенін білеміз.

Сақтардың Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағынан табылған обалары ерекше болып келеді. Мұндағы сақ обалары көлемі мен биіктігі жағынан бірінші орынға ие.

### Еске түсір!

*Қорым, қорған, оба, патша обалары* дегеніміз не?

Сақтардан қалған көлемі аса зор обаларды Ежелгі Мысыр перғауындарының пирамидаларымен салыстыруға болады. Тек алып пирамидалар тастан салынса, сақ обалары топырақтан үйілген. Сондықтан жыл өткен сайын обаларды жауын шайып, жел ұшырып, биіктігі аласара берген.

### Еске түсір!

Мысыр пирамидалары деген не және олар туралы не білесің?

**Есік обасы.** Сақтардың Жетісу жерінен табылған ең атақты археологиялық ескерткіштерінің бірі — Есік қорымы.

Есік қорымындағы 40-тан аса обаның ішіндегі ең үлкені — Есік обасы. Оның диаметрі — 60 м, биіктігі — 6 м. Үйінді астында екі қабір болған. Бірінші қабірді ертеде тонап кеткен. Екінші қабір бүйірде орналасқандықтан байқалмай қалған.

Бұл қабірді 1969 жылы атақты қазақстандық археолог-ғалым К.Ақышев ашты. Едені мен қабырғалары бөренеден қаланған қабірдің ішіне ұсақ алтын қапсырмалары бар мата төселген екен. Осы мата үстіне тамаша сәнді киім кигізілген, бес қаруын түгел асынған адам денесі қойылған.

### Тірек сөздер:

- Есік қорымы
- “Алтын адам”
- Сақ жазуы
- Ақпақ
- Алтын қапсырмалар



Есік обасынан табылған “Алтын адамның” жаңғыртпасы

Еденде тамақ салынған және ғұрыптық ыдыстар қойылған. Осы жерден жазуы бар күміс тостаған және алтынмен апталған қола тегене табылған. Қыш және ағаш ыдыстар бөлек қойылған. Ағаш ыдыстар, төрт табақша, ожау алдыңғы қатарда тұрған.

### Бұл маңызды!

Күміс тостағаннан табылған жазу 26 әріптен тұрады. Бұл ғылымда “Есік жазуы” деп аталды. Есік жазуы еліміздің аумағын мекендеген ежелгі тайпалардың жоғарғы өркениет өкілдері екендігін дәлелдейді.

### Алтын адам кім?

Есік обасынан табылған бұл адамды ғылымда “Алтын адам” деп атайды. Себебі оның басынан аяғына дейін алтынмен апталған сәнді киімі болған. Осы жерден аң стилінде жасалған 4000-ға жуық алтын қапсырмалар табылған.



Есік обасынан табылған жазуы бар күміс табақ



“Алтын адам” баскиімінің әшекейлері

Антропологтердің зерттеуінше, табылған адам 17-18 жас шамасында болған. Сақ ханзадасы шамамен б.з.б. IV—III ғасырларда өмір сүрген. Басына алтын қапсырмамен қапталған шошақ бөрікті сәнді баскиім киген. Оның бөркінің биіктігі — 70 см. Баскиімі жылқы, барыс, таутеке, құс бейнеленген 150-дей алтын қапсырмамен, тоғамен сәнделген. Ханзаданың мойнында ұшы жолбарыстың басы сияқты жасалған алтын алқасы болған. Үстіне мата көйлек киген. Оның өңірі мен жеңі алтын қапсырмалар мен тізбелер араластырылып, әшекейлеп кестеленген.

Көйлектің сыртынан қызыл бояумен боялған былғары бешпент киген. Бешпент жолбарыс бейнеленген алтын тоғалармен әсемделген. Бешпенттің сыртынан 16-көлемді қапсырмалар орнатылған құрама белдік тағылған. Шалбары тігіс бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген. Балақтары бешпенттегідей алтын қапсырмалармен шегеленген саптама етікке сұғылған. Саусағына екі алтын жүзік таққан. Оның біреуі — сәнді баскиім киіп, қырын қарап тұрған адам бейнесі бар алтын жүзік-мөр.

Оң жағында ағаш қыны бар темір семсер жатыр. Қару ілетін аспалы белдікке алтын қапсырмалар мен жолбарыс басының

бедерлі бейнесі бар өткерме шегеленген. Белдіктің сол жағына бұлан мен ат пішінінде жасалған екі алтын әшекей жапсырылған. Белдікке қайыспен қапталған кыны бар темір ақинақ ілінген.

### Есте сақта!

Алтын адам сақ елінде өз заманына сай жоғарғы өркениеттің болғанына айқын дәлел бола алады. Сондықтан еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі — Елтаңбадағы қанатты, мүйізді пырақтар осы сақ ханзадасының баскиіміндегі бейнеден алынған. Сонымен қатар Алматы қаласында орналасқан “Тәуелсіздік” монументінде нақ осы сақ ханзадасының мүсіні бейнеленген.


Сол жағында алтын ұшты жебе, сабы алтын таспамен оралған қамшы, ішіне қола айна мен қызыл бояу салынған шағын жібек қоржын қойылған екен.

Осындай сән-салтанатына қарап ғалымдар бұл жас жігіт еліміздің Жетісу өлкесін мекендеген *тиграханда* немесе “шошақ бөрікті” сақтардың билеуші әулетінен шыққан деп болжап отыр.

Бүгінде “Алтын адамның” көшірмелері Қазақстанның көптеген қалаларындағы мұражайларға қойылған.



Алматы қаласындағы “Тәуелсіздік” монументі



### Тапсырма

Суретке қарап, Есік обасынан табылған “Алтын адам” баскиімінің суретін дәптерге сал.

### Біліміңді тексер!

Есік обасынан табылған “Алтын адам” ескерткішінің мәліметтерін пайдалана отырып, сақтардың ел билеу ісі, наным-сенімі мен киім-кешегі туралы қандай ой түюге болатынын айтып бер.

## ШІЛІКТІ ЖӘНЕ БЕСШАТЫР ПАТША ҚОРҒАНДАРЫ

### §31. ШІЛІКТІ АЛҚАБЫНЫҢ ПАТША ОБАЛАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

еліміздің шығыс аумағындағы Шілікті жазығындағы сақтардың “патша” обаларымен танысамыз;

“Шіліктіден табылған үшінші “Алтын адам” сақтардың ең алғашқы билеушісі болуы мүмкін бе?” деген сұраққа жауап іздейміз.

#### Тірек сөздер:

- Шілікті қорымы
- “Патша” обалары
- Эрмитаж
- Бәйгетөбе обасы

Еліміздің шығыс бөлігінде де сақтар кезеңінен қалған тамаша археологиялық ескерткіштер табылды. Солардың ішіндегі ең танымалы — Шілікті, Берел қорымдары.

Шілікті — Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінде орналасқан тамаша ескерткіш. Ол 51 обадан тұрады. Сақ дәуіріндегі басқа ескерткіштермен салыстырғанда мұнда ұсақ обалар жоқ. Ең үлкен обалар диаметрі 100 м, биіктігі 8—10 м болып келеді. Басқа “патша” обалары сияқты Шілікті обалары да ертеректе тоналған.

#### Еске түсір!

Қазақстан аумағында сақ дәуірінің басқа қандай обалары бар және қай жерде орналасқан?



Қабірхананың жерасты дәлізі

Шілікті — жүздеген жылдар бойы тайпалар мен ру көсемдері жерленген үлкен зират. Сондықтан Шілікті “сақ патшаларының обалары” деп аталды. 1949 жылдан бастап Шіліктіде профессор С.С.Черников 13 обаны қазып зерттеген. С.С.Черниковтің тапқан алтын бұйымдары Ресейде Эрмитажда сақталып тұр. Шілікті қорымын 2003 жылдан бастап қазақстандық зерттеуші Ә.Төлеубаев зерттеп келеді. Ә.Төлеубаев

“Бәйгетөбе” деп аталатын үлкен обадан тамаша жәдігерлер тапты.

**Шілікті қорымындағы обалардың құрылысы.** Шілікті қорымындағы обалардың құрылысын білу үшін Бәйгетөбе обасының құрылымын сипаттайық.

Бәйгетөбе обасының тастан жабылған сыртқы қабатын қазған кезде шығыс жағынан кішкене бір ойыс көрінген. Әрі қарай қазғанда көлденең бөренелер шыққан. Сол бөренелер арқылы шығысқа кететін жерасты дәлізі анықталды. Бұл жерасты дәліз арқылы патшаның жақын туыскандары қабірханаға жерленіп отырған. Қабірхананы бөренеден киюластырып жасаған. Ортасындағы ашық тесіктерге тас толтырылған екен. Ірі бөренелердің ұзындығы 12-13 м-ді құрайды. Еденінің көлемі 18 м<sup>2</sup>-ге жуық. Ғимараттың ішінде бірқалыпты температура сақталған.

Ескерткіштің ірі көлемді болуы онда жерленген адамның өте жоғары мәртебеге ие болғанын дәлелдейді. Оны тұрғызуға көптеген адамның еңбегі пайдаланылған. Обаға қажетті тас одан 15 км жердегі таудан алынған. Ал бөренелер 40 км жердегі қарағайлы орманнан әкелінген.

### Үшінші “Алтын адам” кім?

Бәйгетөбе обасынан табылған сақ билеушісінің денесі елімізден табылған сақ дәуіріндегі үшінші “Алтын адам” ретінде белгілі.

### Еске түсірі!

Бірінші “Алтын адам” кім еді және қай жерден табылған?

Шіліктіден табылған бұл “Алтын адамның” жанынан асқан шеберлікпен жасалған алтын әшекей бұйымдар табылды.

Бәйгетөбе обасынан барлығы 4303 дана алтын заттар жинап алынды. Оның көпшілігі мәлінің маскасы, бүркіт-самұрық, бұғы, қасқыр (аю) бейнесінде жасалған. Бір бес жұлдыз бейнесіндегі түйме-қапсырма, бір арқар түрінде жасалған қапсырма бар. Сонымен қатар



Үшінші “Алтын адам”



Арқар және бес жұлдыз түріндегі алтын әшекейлер

көпшіл ігі қонырауша, кенірдекше, алтын тілікше, алтын сым түрінде де кездеседі. Әсіресе жартышар сияқты салпыншақтар мен басқа да түрлері көптеп табылған. Ғалымдардың болжауынша, үшінші “Алтын адам” сақтардың ең алғашқы патшаларының бірі болуы мүмкін.

### Тапсырма

“Бәйгетөбе” обасынан алынған төмендегі археологиялық жәдігерлерге назар аударып, қандай бейнелер екенін болжа. Оларға түсінік бере отырып, сақ өркениеті туралы мәтін құрастыр.



### Біліміңді тексер!

Шілікті қорымдары неліктен “патша” обалары деп аталады және оның Есік қорымымен ұқсастығы мен айырмашылығы неде деп ойлайсың?

## §32. БЕСШАТЫР — ҚАСИЕТТІ, ҒҰРЫПТЫҚ МЕКЕН

### Бүгінгі сабақта:

Жетісу жерінен табылған Бесшатыр қорымының сақтарға қатысты қандай мәліметтер беретінін білеміз;

атақты “Сақ пирамидаларымен” танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Бесшатыр қорымы
- Ғұрыптық кешен
- “Сақ пирамидалары”

Жетісу жерін мекендеген сақ тайпаларының тағы бір атақты ескерткіші — Бесшатыр қорымы. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында, Шылбыр қойнауында орналасқан. Қорымдағы 31 обаны көлеміне қарай үлкен, орташа және кіші обалар деп бөледі. 1957—1958 жылдары К.Ақышев бастаған археолог-ғалымдар зерттеген.

Жетісу өлкесіне қандай аймақтар кіреді?

**Ізден!**

**Бесшатыр ескерткіші бізге қандай мәліметтер береді?**

Таспен жабылған 21 обаның алтауында шағын тастармен қоршалған ұзын тізбектер бар. Тізбектер кейбір обаны түгел орап жатса, кейбіреуінің тек шығыс немесе оңтүстік-батыс жағын ғана қоршап тұр. Осындай ұзын тізбекті тас қоршаулар Бесшатырдан басқа бірнеше зираттын





Бесшатыр қорымындағы оба және тас қоршаулар

маңайында да бар. Оның біреуі Бесшатырдан батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. Тізбектердегі көптеген тас плитаның беттеріне таутеке, қабан, қасқыр сияқты аңдардың суреті салынған.

**Бесшатыр қорымы** — сактардың ерекше ғұрыптық қасиетті орны. Бесшатыр қорымы жалпы 2 км<sup>2</sup> жерді алып жатыр. Ол Іле аңғарын мекендеген Жетісу сактарының киелі орны болған. “Патша” обалары орналасқан бұл жерге сактар ғасырлар бойы арнайы келіп құрбандықтар шалып, діни жоралғылар жасаған. Діни салтанаттар өткізілетін орындарды *қойтастар* және тас бағандармен (*менгир*) қоршаған.

### Есте сақта!

Тас бағандарды ғылымда *менгир* деп атайды. Менгирлер — ұзындау, жалпақтастарды қарабайыр жолмен өңдеп, тігінен орнатқан ескерткіштер.

Үлкен Бесшатыр обасының маңындағы кейбір қоршау тастарға түрлі таңба іспеттес суреттер түсірілген. Олардың арасында “Күн” рәмізіне жақын тұрған немесе қазақтың “көз” таңбасына ұқсас дөңгелек бейнелер кездеседі. Бұл тізбектер қорымның тек жерлеу орны ғана емес, сондай-ақ діни салт-жоралғылар шерулерін өткізетін ерекше салтанат орны болғанын да көрсетеді.

Ерекше жағдайдың бірі — үлкен обалардың астынан арнайы қазылған жерасты жолдарының табылуы. Олар жерлеу, ас беру, құлшылық ету, құрбан шалу ғұрпына байланысты діни жоралғылар өткізу мақсатында жасалған.



Бесшатыр обасының астынан табылған бөренелерден тұрғызылған жерлеу құрылысының макеті



**Бұл қызық!**

I Бесшатыр обасының диаметрі — 52 м, биіктігі — 7,6 м. Обаның төбесі жалпақ. Үйінді үш қабаттан тұрады. Ең үлкені — екінші қабаты топырақ пен қиыршықтастан тұрады. Үйіндінің түп жағына тас неғұрлым тығыз қаланған. Төменгі қабатының астында тяньшань шыршасының өңделген тұтас бөренелерінен салынған үлкен ағаш құрылыс табылды.

**“Сақ пирамидалары” деп нені айтамыз?**

Обалардың сыртқы көлеміне қарай үшке бөлінуі олардың астындағы қабірлердің түрімен де сәйкес келеді. Үлкен обалардан аса ірі ағаш қабірлер табылды.

Бесшатыр қорымының үлкен обалары көне дәуір архитектурасының сирек кездесетін айрықша ескерткіштері қатарына жатады. Себебі бөренелерден тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары жақсы сақталған. Бұны ғалымдар “Сақ пирамидалары” деп атады. Олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері болып табылады.

**Тапсырма**

Мысыр пирамидалары мен “Сақ пирамидаларының” қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар? Олардың құрылысын дәптерге сыз.

**Білімді тексер!**

1. Бесшатыр қорымы қай жерде орналасқан?
2. Бесшатыр қорымынан біз сақтардың өміріне қатысты қандай мәліметтер аламыз?
3. Бесшатыр қорымы неліктен сақтардың ғасырлар бойы табынып, сансыз көп құрбандық шалған киелі мекеніне айналды деп ойлайсың?

## БЕРЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ

### §33. БЕРЕЛ — “МӘНГІЛІК МҰЗДЫҚТА” САҚТАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

#### Бүгінгі сабақта:

Берел қорымы және оның ерекшелігі жайында білеміз;

Берел қорымындағы жәдігерлердің күні бүгінге дейін бүлінбей сақталу құпиясын ашамыз.

Берел қорымы — ерте көшпелілердің тамаша, бірегей ескерткіші. Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданында, Бұқтырма өзенінің оң жағалауында, Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7-8 км жерде орналасқан. Берел қорымы 72 обадан тұрады, оның ішінде 30-ы ірі обалар.


1999 жылы З.Самашев бастаған зерттеушілер №11 ең үлкен Берел обасын қазып, ғажап жаңалық ашты. Мұнда тоң басқан кабірлер табылған еді. Берел обаларының тоң басып жатуы ерекше мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Берел қорымын тұрғызған сақтар обаны

#### Тірек сөздер:

- Берел қорымы
- “Мәңгілік мұздық”
- Тон



Берел қорымы. Шығыс Қазақстан облысы



“Мәңгілік мұздық” сызбасы

тұрғызуға “мәңгілік мұздық” жасау әдісін пайдаланған. “Мәңгілік мұздық” астында сақталған адам мүрдесі, киім, ат әбзелдері, ағаш бұйымдар, ер-тоқым, тері мен киізден жасалған заттар шірмей сақталған.

Берел обасы үлкен тас құрылыстан тұрады. Қабір орналасқан шұңқыр 4 м тереңдікте орналасты. Балқарағайдың тұтас дінінен ойып

жасалған табыттан ер адам мен әйел денесі табылды. Олар сақ патшасы мен оның жұбайы еді.

### Ойлан!

Кескіндеме суретке қарап, сақтардың “мәңгілік мұздықты” қалай жасағандары туралы болжам жаса.

Табыттың беті балқарағайдан даярланған қаппақпен жабылған. Шірмей сақталуы үшін ол арнайы қоспамен майланған. Әр қаппақтың төрт жағында қоладан құйылып, алтынмен апталған аңыздағы самұрық құстың мүсіні қойылған.



Патшамен бірге жерленген  
13 жылқы

Солтүстік жағынан қайың қабығымен жабылған 13 жылқының сүйектері табылды. Олардың барлығы — жирен жылқылар. Тек біреуі ғана ерекше алтын түстес. Барлық жылқының әбзелдері жақсы жабдықталған.

Берел қорымынан табылған заттарды зерттеуде алғаш рет жаратылыстану ғылымдарының әдістері пайдаланылды. Мұздықтың нәтижесінде жылқылардың жеген шөптерінің қалдығы да жақсы сақталып қалған. Сондықтан ғалымдарға Берел даласын мекендеген жанжануарлар мен өсімдіктер дүниесі туралы құнды мәліметтер алуға мүмкіндік туды. Ғалымдар ерте көшпелілердің ДНК-сын анықтау мүмкіндігіне ие болды.

**Еске түсір!**

Қазақстан аумағындағы ең көне ағаш құрылыс қай жерден табылған еді?

**Берел қорымынан табылған жәдігерлер.** Ағаш пен сүйектен, алтын мен қоладан, былғарыдан, аң терісінен және киізден жасалған қолданбалы өнер туындылары өте көркем. Бұл заттар аса талғампаз шеберлікпен жасалған. Заттардың барлығы *аң стилінде* бейнеленген. Шеберлер ат әбзелдерін, қару-жарақтарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды, әшекей бұйымдарды және т.б. заттарды көркемдегенде аңдар шайқасын, жыртқыш аңдардың шабуылын бейнелеген. Сонымен қатар олар түрлі аңыздардың мазмұнына негізделген бейнелерді де жасаған. Соның бірі — маска кигізілген қанатты тұлпардың кестеленген бейнесі.

Берел қорымынан табылған жәдігерлер Ұлы Даланы мекендеген көшпелілердің жаужүрек салт атты жауынгерлер ғана емес, аса талантты шеберлер болғандығын да көрсетеді.



Маскалы тұлпар

**Тапсырма**

Берел қорымынан табылған жылқының жаңғыртпасына қарап, сақтардың мәдениеті туралы әңгіме құрастыр.

**Біліміңді тексер!**

Берел обасын “ғасыр жаңалығы” деп атауға болады деп ойлайсың ба? Өз ойыңды Берелден табылған жәдігерлердің ерекшелігі арқылы дәлелде.

## §34. САҚТАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. АҢ СТИЛІ

### Бүгінгі сабақта:

сақтардың бейнелеу өнерінің ең биік шыңы — *аң стилінің* ерекшелігін оқып білеміз; сақтардың қолданбалы бейнелеу өнерінің одан әрі дамуы мен ою-өрнек түрлерімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Бейнелеу өнері
- Аң стилі
- Зергерлік
- Полихромды стиль



“Алтын адамның”  
аң стиліндегі әшекейлері



Қабылан түріндегі  
казан әшекейі

Сақтардың археологиялық ескерткіштерінен олардың жоғарғы мәдениетін, соның ішінде бейнелеу өнерінің ерекше болғанын білеміз. Сақтар заманында зергерлік бұйымдар ерекше шеберлікпен жасалған.

### “Аң стилі” дегеніміз не?

Сақтардың бейнелеу өнері *аң стилі* деген атауға ие болды. Сақтардың түрлі бұйымы мен әшекейінде әртүрлі аң бейнелері бедерлеген.

### Есте сақта!

*Аң стилі* деп бұйымдар жасауда және оларды әшекейлеуде әртүрлі аң бейнелерін бедерлеуді айтады. Онда түрлі аңдарды және аңыздардағы ғажайып жануарларды бейнелеген.

Сақтар аң бейнесімен көбінесе атақты адамдардың қару-жарағын, тұтыну бұйымын, әшекейін, сән-салтанатты бағалы дүниесін безендірген. Мысалы, Есік қорымындағы “Алтын адамның” баскиіміндегі арқардың мүсіні, алдыңғы екі аяқтарын көтеріп тұрған екі жышқы, тау үстіндегі барыс, қанаты және мүйізді *пырақтар*, қамзолының өңіріндегі тістерін ақситып тұрған жыртықш аңдар аң стилінде жасалған.

Аң стилінің дамуын үш кезеңге бөлеміз:

1. Көне кезең.
2. Гүлденген кезеңі.
3. Құлдырау кезеңі.

*Бірінші кезеңде* аңдар ешбір қозғалыссыз, бір орында жеке, тік тұрған қалпында бейнеленген.

Екінші кезеңде аңдар мен жан-жануарлар қимыл-әрекет кезінде немесе бір әрекетті жасауға ынғайланып тұрған, ширыққан калпында берілген. Бұл кезең аң стилінің дамыған кезеңі болды. Көбінесе жыртқыш аңдардың өзара шайқасы, олардың басқа аң-құстарға шабуылы бейнеленді.

Үшінші кезеңде аң стилі ою-өрнекке ауыса бастайды. Аңдар мен жан-жануарлар бейнесі нақты емес, олардың сұлбасы ғана бейнеленетін болды. Бірте-бірте олар асыл тастармен көмкеріп, беттеріне арнайы жіңішке алтыннан, күмістен зер салып, оюлап, өрнектеп сәндеуге көше бастады. Зергерлік өнердегі бұл тәсіл *полихромды стиль* деп атала бастады.

Аң стилі мазмұны жағынан сақтардың діни түсінігімен байланысты болды. Бейнеленген нақты жан-жануарлар сақ тайпаларының рулық тотемдерімен байланысты еді. Сақтар аңдардың шшеленісті, тартысты күресі арқылы рулар мен тайпалар арасындағы күресті, ерлік данқы мен жаулап алу кезіндегі қатыгездік сезімдерін бейнелеуге ұмтылды.

### Ою-өрнек дегеніміз не?

Сақтардың қолданбалы өнерінің келесі маңызды түрі *ою-өрнек* болды. Ол *аң стилімен* бірге байланыста дамыды. Сақтардың ою-өрнек түрлері бізге аз жетті. Себебі киіз, тері, ағаш, матаға түсірілген ою-өрнектер ұзақ сақталмайтын еді. Бірақ мәңгілік мұз болып сақталып қалған Пазырық, Берел қорымдарынан шыққан заттардан біз сақтардың ою-өрнектерінің түрін көре аламыз.

### Есте сақта!

Ою-өрнектердің геометриялық, өсімдік тектес, жануар тектес, рәміздік түрлері болды.

**Жартастағы бейнелер.** Жартастарға сурет салу сақ заманында да дамыды. Алматы облысындағы Таңбалытас, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қойбағар ескерткіштері сақтар дәуірінен қалған петроглифтерге толы.



Жыртқыштың шабуылы бейнеленген әшекей



Грифон пішінді қапсырма



Мысық тұқымдас жыртқыш түріндегі алтын қапсырма



Тауешкі сұлбасы бедерленген әшекей



Пазырық қорымынан табылған жәдігерлер

### Еске түсір!

*Петроглифтер* дегеніміз не және қандай петроглифтерді білесің?

Мұнда тұяқтарының ұшымен тұрған, аяқтарын бүгіп жатқан бұғылар, жабайы қабандар, түйелердің шайнаскан көрінісі, аю мен басқа да жыртқыштар бейнеленген. Сонымен қатар бұл петроглифтерде аң аулап жүрген адамдар, желіп келе жатқан түйелер, соғыс және жүк арбалары тасқа қашалып бейнеленген.

Жалпы сақ заманынан қалған қолданбалы бейнелеу өнерінің туындылары адамзат өркеннетіне қосылған асыл мұра болып табылады.



#### Түгіскен обаларынан табылған аң стилінде бейнеленген заттар.

Арыстанды бейнелеу Арал маңы сақтарында жиі кездеседі. Оңтүстік Түгіскеннің 45-обасындағы б.з.б. VII—VI ғасырларға жататын кешеннен отырған арыстанның бейнесі салынған тартпаның екі тоғасы, басы артына қарай бұрулы отырған арыстандарды ойып салған төрт алтын тілік табылды. Аңның басы арыстанның басына онша ұқсамайды, шеберге бұл бейне таныс болмаса керек.

31-обадан арыстан мүсіні бедерленген алтын қапсырма табылды. Арыстанның құйрығы ширатылған, бірақ аяқтары шынайы тұрғыда берілген, мысық көзді және жалы бар. 53-обадан табылған жүріп келе жатқан арыстандардың мүсіндері осындай үлгіге еліктеп жасалғаны анық. Бірақ аң мүсінін орналастыруда өзгеріс бар. Көздерін дөңгелек етіп жасаған, жалы жоқ. Арыстан бейнеленген тағы бір нұсқа — Түгіскендегі 53-обадан табылған қорамсақтың қарсы ілгек-қапсырмасында тұмсығын аяғының үстіне салып жатқан жыртқыштың бейнесі өте шынайы түрде берілген.

### Тапсырма

Жоғарыда көрсетілген Пазырық қорымынан табылған жәдігерлердегі ою-өрнектердің түрін анықтап, олардың суретін дәптеріңе сал.

### Біліміңді тексер!

Сақтардың қолданбалы бейнелеу өнерінің ерекше түрі неліктен аң стилі деп аталды және ол арқылы сақтар нені білдіргісі келді деп ойлайсың?



## ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

### §35. САҚТАРДЫҢ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ МЕН ҒҰРЫПТАРЫ

**Бүгінгі сабақта:**

- сақтардың діни наным-сенімімен танысамыз;
- сақтардың діни ғұрыптары туралы білеміз.

#### Сақтар неге табынған?

Сақтардың археологиялық ескерткіштерімен танысу барысында біз олардың отқа, жылқыға, Күнге және басқа да аспан денелеріне табынғанын білеміз. Сонымен бірге ежелгі авторлар сақтардың Күн құдайына табынғанын жазған. Сақтар Күн құдайына арнап құрбандыққа жылқы шалған. Күн құдайын қанатты пырақ бейнесімен, отпен байланыстырған.

Жыртқыш қырандар бейнесі де Күн құдайының нышаны болған. Қиялға жайып ертегілерінде Күн құдайы аспанда төрт пырақ немесе төрт бүркіт жегілген қос дөңгелекті арбамен жүретін болған.

Сақтар барлық жаман заттан тазартатын құдіретті күш деп отқа сыйнған. Сондықтан үйдегі от жағатын ошақ қасиетті орын саналған.

#### Есте сақта!

Сақтардың отқа байланысты сенімінің сарқыншағы бүгінгі күнге дейін қазақтардың арасында отпен аластау, жаңа келген келінге отқа май құйғызу, жаман түс көргенде басынан тұз айналдырып отқа тастау түрінде сақталып қалған.

Сақтар ежелгі тайпалардан келе жатқан дәстүр бойынша аң-құстарға да табынды. Мұндай сенім түрін ғылымда *тотемизм* деп атайды. Кейбір ру-тайпалардың арасында өздерінің шығу тегі, арғы ата-бабасының бір киелі аң немесе құстан тарағаны туралы аңыздар сақталған. Осы аңыздарға орай сол аң-құстарды киелі санап, олардың бейнесінен *бойтұмар* жасаған. Сақтар түрлі бойтұмарлар бізді жаманшылықтан сақтайды деп ойлаған. Шайқастарда желеп-жебейді деген оймен осы аң-құстардың бейнесімен қару-жарақтарын, аттың жүгенін безендірген.

#### Тірек сөздер:

- Күн құдайы
- Құрбандық
- Аластау
- Тотемизм
- Анимизм
- Бойтұмар



### Аққу — киелі құс

Көшпелілер аққуды жоғары бағалаған. Аққуды тазалықтың, сұлулықтың, махаббаттың нышаны ретінде көрген. Пазырық қорғанынан ақ киізден тігіп, ішіне бұғының жүні салынған аққу табылды. Ол шатырды тіреп тұрған төрт діңгектің төбесіне қондырылған.

Төбесін тұскиізбен жапқан мұндай шатырды сақтар белгілі діни рәсім өткізу үшін қолданған. Ғалымдардың пайымдауынша, олар мұндай рәсім кезінде тәңірмен тілдесеміз деп ұғынған.

Сақтар аң-құстардың түрлі қасиетіне байланысты аңыздар шығарып, оларды киелі санаған.

Сонымен бірге олар әрбір заттың жаны, рухы бар деп те сенген. Сенімнің мұндай түрін ғылымда *анимизм* деп атайды.

Қазақтағы тотемизм мен анимизмнің қандай белгілері болған? Қазақта бойтұмар туралы қандай наным-сенімдер бар?

**Ізден!**



### Алтын қорыған самұрық

Алтын қорыған самұрық — аңызға айналған тайпаның аты. Алғаш рет бұл атау грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде кездеседі. Аңыз бойынша самұрықтар елі алтынға бай болған. Олар осы алтынды қорғау үшін жылқы кейпінде бейнеленген аримаспылармен соғыс жүргізген. Жартылай аңыздан туған самұрықтар — алтынға бай Арқа, Алтай тауларын мекендеген көшпелі тайпалардың туысы.

Жалпы самұрық құс ежелгі көшпелілердің ғана емес, кейінгі дәуірдегі қазақтардың әдебиетінде де кездеседі. Сондықтан Астана қаласындағы “Қазақ елі” монументінде самұрық бейнеленген.

### Тапсырма

Сақтардың наным-сенімдері туралы кестені толтыр.

№	Сақтардың наным-сенімі	Ерекшелігін, себебін сипаттап жаз

### Біліміңді тексер!

Сақтардың отқа, Күнге, ата-баба аруағына табынғаны туралы мәліметтерді қайдан білуге болады?

## §36. ТАСМОЛА МӘДЕНИЕТІ. “МҰРТТЫ ОБАЛАР” КҮНІЯСЫ

### Бүгінгі сабақта:

Еліміздің орталық аймағынан табылған сақтардың Тасмола мәдениетімен танысамыз; Тасмола мәдениетіне ғана тән “Мұртты обалардың” ерекшелігін және олардың неліктен мұндай атауға ие болғанын білеміз.

Еліміздің орталық аумақтарын мекендеген сақ тайпаларының археологиялық мәдениеті *Тасмола мәдениеті* деп аталды. Тасмола деген атау кең көлемді археологиялық зерттеулер жүргізілген жер — Тасмола қойнауының атына сәйкес қойылған.

Тасмола мәдениетін қалдырған сақ тайпалары Орталық Қазақстан аумағын мекендеген *исседондар* болуы керек.

### Тірек сөздер:

- Тасмола мәдениеті
- “Мұртты обалар”
- Күнге табыну

### Еске түсір!

Қазақ даласында арба қай уақытта пайда болған еді?

Тасмола мәдениетін зерттеуді 1946 жылдан бастап белгілі қазақстандық зерттеуші Ә.Марғұлан және оның шәкірті М.Қадырбаев жүргізді. Тасмола мәдениетінің басты ерекшелігі — “Мұртты обалардың” болуы.


### “Мұртты обалар” дегеніміз не?

“Мұртты обалар” — Сарыарқаның ерте темір дәуіріндегі Тасмола мәдениетінің ғұрыптық ескерткіштері. “Мұртты обалар” деп аталған себебі — обалардың сыртынан шығысқа қарай тартылған мұрт сияқты екі доғал тастар тізбегінің болуынан.

“Мұртты обалардың” өзіндік ерекшелігі — ол екі обадан тұратын кешенді құрайды. Кешен адам жерленген үлкен обадан, оның шығысында орналасқан ғұрыптық қосалқы кіші обадан тұрады. Қосалқы обадан шығысқа қарай тартылған екі жарты доға тәрізді иілген “мұрттары” болады.



“Мұртты оба”



Қосалқы обадан ғана тұратын “Мұртты оба” түрі

Кей жағдайда кешенде қосалқы оба ғана болады. Қосалқы обада адам жерленбейді, тек жылқы сүйектері мен қыш ыдыстар қойылады.

**“Мұртты обалар” неліктен салынды?**

Ғалымдар обалардың “мұртты” болуын осы ескерткіштерді қалдырған сақ тайпаларының діни наным-сенімімен байланыстырады. Бұл Күн (от) тәңіріне табынудан шыққан. Обалардағы “мұрттың” шығысқа қарай тартылғаны

да сол себептен. Ежелгі ата-баба рухын кастерлеу сияқты дәстүрлерімен де байланысты. “Мұртты обалар” кешенінде қайтыс болған ардақты тұлғаларды еске алу, қоштасу, олардың биік рухын мәңгілікке аттандыру салтанаты өткізілген.

**Күнге табынудан шыққан діни ғұрыптардың мәні неде?**

Жерлеу салтанатына қатысқан түрлі топтардың өкілі қосалқы обадан шығысқа қарай доғал тас тізбектерін салған. Негізгі обада жерленген ақсүйек, бекзада адамның рухы қосалқы обадағы атқа мініп, әр топтан жиналған жұртпен дәм татысып (қыш ыдыс) қоштасады. Содан соң “отты көпір” арқылы күншығысқа, яғни Тәңір мекеніне аттанады деп сенген.

**Тапсырма**

Кестені дәптеріңе сыз және бос ұяшықтарды толтыр.

**Сақтардың археологиялық ескерткіштері**

Сақтардың археологиялық ескерткіштерінің атауы	Табылған аймағы	Ерекшелігі	Зерттеген ғалымдар	Сақтардың тарихы мен мәдениетіне қатысты қандай мәліметтер береді?
Есік қорымы				
Бесшатыр қорымы				
Шілікті қорымы				
Берел қорымы				
Тасмола мәдениеті				

**Біліміңді тексер!**

“Мұртты обалардың” құрылысындағы “мұрттардың” болуы нені білдіреді және “Мұртты обалар” кешенінде ежелгі сақтар өткізген діни ғұрыптардың мәні неде деп ойлайсың?

## САҚ ПАТШАЙЫМЫ ТОМИРИС

### §37. САҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

#### Бүгінгі сабақта:

сақтардың туыстық қатынастарының сипаты мен оның бірте-бірте қалай өзгергенін оқып-үйренеміз;

сақтардың ел билеу ісінің ерекшелігін біле аламыз.

Сақтар дәуірінде адамдардың қола дәуіріндегі рулық қатынастары ыдырай бастады. Осындай жағдайда жаңа әлеуметтік қатынастар қалыптасты. Алғашқы кезде сақтарда туыстық қатынастар ірі *патриархалды отбасыларға* негізделді. Бірақ бірте-бірте шағын отбасылар окшауланып өмір сүре бастады.

#### Тірек сөздер:

- Тайпа кеңесі
- Ел билеу
- Қолбасшы
- Батыр

#### Еске түсір!

*Аналық рулық қауым* дегеніміз не және патриархалды отбасы қай дәуірде пайда болған еді?

Сондықтан сақтар қоғамы бір-біріне туыс еркін адамдардың одағы болды. Археологиялық деректер бойынша сақтарда жеке адамдардың, кейінірек отбасының жекеменшік заттары болғанын білуге болады. Біз мұны қола немесе қыштан жасалған ыдыстарға салынған таңбалардан көреміз.

#### Есте сақта!

*Патриархалды отбасы* ең жақын туыстардың бірнеше ұрпағынан тұрады. Олар бірлесе шаруашылық жүргізеді. Мұндай отбасында ер адам отағасы ретінде барлық билікті өз қолына алады.

Сақтар қоғамындағы адамдардың тұрмыс деңгейі де өзгере бастады. Адамдардың қолында артық мал, артық өнім, қымбат заттар шоғырлана бастады. Жерді адамдар қауым болып пайдаланды. Ал мал отбасының меншігінде болды.

**Сақтардың қоғамдық құрылымының кестесі.** Сақтар қоғамын кесте түрінде төмендегідей көрсетуге болады.



Кесте бойынша сақ тайпаларының ең басында тұрған шағын отбасы өздері бөлініп шыққан үлкен әулеттің есімімен аталды.

Ал тайпалар туыс адамдардан тұрды. Әр тайпаның аты, өз жері болды. Тайпа мүшелерінің діни ғұрыптары ортақ болды. Олар ортақ істерді шешу үшін тайпа кеңесін шақырды. Әр тайпаның өз көсемі мен әскери қолбасшысы болды.

**Сақтардың ел билеу ісі.** Сақтарда алғашқы кезде елді билеу әскери демократияға негізделді. Әскери-демократиялық қоғамда ел басқару тізгіні тайпа көсемдерімен қатар қолбасшылардың, батырлардың қолында болды.

Тайпа кеңесі өте маңызды рөл атқарды. Оған барлық ер-азамат қатысуға міндетті болды. Ер адамдардың орны олардың ру-тайпасының мәртебесіне қарай анықталды. Себебі сақ тайпаларының дәрежесі

### Бұл қызық!

Ктесий — б.з.б. IV ғасырда өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы әрі дәрігер. Ол өзінің “Парсы тарихы” деген еңбегінде сақ әйелдері туралы: “Ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмектеседі”, — деп баяндаған.

әртүрлі болды. Мысалы, біреулері қарапайым көшпелілерден құралған тайпа болса, екіншілері қарапайым егінші, үшіншілері патша тұқымдары сайланатын билеуші тайпа болды. Халықтың көбін қарапайым көшпелілер құрады. Ежелгі деректерге қарағанда, сақтар қоғамында әйелдер де ерекше құрметке ие болған. Олар да ерлермен бірге ел басқару ісіне қатысқан. Геродот “Тарих” атты еңбегінде сақтардың билеушісі *Тұмар ханша* (Томірис) жөнінде маңызды мәлімет қалдырған.

Бірте-бірте сақтар қоғамында теңсіздік күшейе берді. Соғыс кезінде қолға түскен олжаны басында жауынгерлер тең бөлген. Кейін тайпа көсемдері, қолбасшылар, батырлар үлесті өздеріне көбірек ала бастады. Осылайша мүлік теңсіздігі пайда болды. Қоғамда бай, кедей топтар қалыптаса бастады. Ендігі жерде қоғам мүшелерінің меншігін қорғайтын, әлеуметтік қайшылықтарды шешетін, өндіріс пен соғысты, қорғанысты ұйымдастыратын апарат — мемлекет пайда болды.

### Тапсырма

Сақтардың ел билеу ісі, адамдардың қоғамдағы орны туралы әңгіме жаз, өзара пікірталас жаса.

### Біліміңді тексер!

Сақтар қоғамындағы патриархалды отбасын сипаттай отырып, олардағы жекеменшік және жерді пайдалану ерекшеліктерін сипаттап бер.

## §38. ТҰМАР (ТОМИРИС) ХАНША

### Бүгінгі сабақта:

- сақтардың көрші елдермен байланыстары туралы білеміз;
- сақтардың атақты билеушісі Тұмар ханшаның ерлігімен танысамыз;
- сақтардың өз елінің тәуелсіздігі жолындағы күресімен танысамыз.

Б.з.б. VI ғасырда парсы патшасы II Кир Мидия мен Ассирияны біріктіріп, Ахеменидтер державасын құрды. Осы кезеннен бастап парсылар мен сақтардың қарым-қатынасы бірде бейбіт, бірде соғыс жағдайында болған.

II Кир патша өзінің жауларына қарсы соғыс ашқанда жауынгер сақтармен әскери одақ құрып, олардан көмек сұрады. Мысалы, Лидия патшасы Крезбен соғысқан кезде сақтармен одақ жасап, олардан әскери көмек алған болатын. Парсы елінің билеушісі атақты II Кир әскері “женілуді білмейді” деген данқа не болады. Өзге елдерді толық жаулап алғысы келген II Кир патша сақтарды да бағындырмақшы болады.

### Тірек сөздер:

- Массagetтер
- Томирис
- Парсы патшалығы
- II Кир патша

### Еске түсір!

Тұмар ханшаның ерлігі туралы жазба қалдырған грек тарихшысы кім?

Бұл кезде сақтардың билеушісі әйгілі Томирис, яғни Тұмар ханша болды. Тұмар ханша жары қайтыс болған соң ел басқаруды өз қолына алады.



Сақтар. Суретші А.Дүзелханов

“Патшалардың патшасы” деген атына желіккен II Кир патша Тұмар ханшаға елші жіберіп, өзіне тұрмысқа шығуын сұрады. Тұмар ханша патша ұсынысын қабыл алмады. Себебі ол патшаның өзіне емес, ең алдымен, оның елі мен жеріне көз тіккенін жақсы түсінді. Ханшаның бас тартқан жауабын сылтауратқан II Кир патша тез арада әскерін жинап, сақтарға аттанады. Ханша халқымен ақылдасып, парсы әскеріне ешбір қантөгіссіз кері қайтуды ұсынды. Оған келіспесе, ұрыс болатын жерді таңдауына мүмкіндік беретіндігін айтады.

### Ойлан!

Сақтар мен парсылар арасындағы келіссөздер не үшін нәтижелі болмады?

Әскерінің күшіне сеніп масаттанған II Кир патша сақтардың шағын жасағына кенеттен шабуыл жасайды. Осы шабуыл барысында жау қолына Тұмар ханшаның ұлы Спаргапис тұтқынға түседі. Ханша II Кир патшаға елші жіберіп, ұлын босатуды сұрайды. Парсылар ханзаданы босатпай, бейбіт келісім жасаудан бас тартады.

Тұмар ханша жау әскеріне қарсы шабуылға шықты. Шайқаста бұрын жеңілуді білмеген II Кир патшаның әскері б.з.б. 530 жылы тас-талқан болып жеңіледі. Патшаның өзі тұтқынға түсіп, сақтардың қолынан қаза табады.

Тұмар ханша өмірінің соңына дейін елін әділдікпен басқарып, бейбіт өмірді сақтап қалды.



### Тапсырма

Тұмар ханша ретінде салынған суретке қарай отырып, сақ қоғамындағы адамдардың орны туралы қандай ой қорытуға болады? Суретке мұқият қара және одан адамның әлеуметтік орны, мәдениеті туралы қандай болжамдар жасауға болады деп ойлайсың? Ойыңды сыныптастарыңмен бірлесе отырып талда.

### Біліміңді тексер!

Сақтардың атақты патшайымы Тұмар ханша неліктен II Кир патшаның ұсынысын қабыл алмады және II Кир патша неліктен жеңілді деп ойлайсың?



## ШЫРАҚТЫҢ ЕРЛІГІ

### §39. САҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

#### Бүгінгі сабақта:

- сақ қоғамы қандай әлеуметтік топтарға жіктелгенін анықтаймыз;
- сақтардың билеуші әулеттері, патшалары туралы мәліметтерді аламыз.

#### Әлеуметтік құрылым дегеніміз не?

Әлеуметтік құрылым — қоғамның ішкі құрылымы. Қоғамда еңбек бөлінісі орын алады және соған орай әлеуметтік топтар қалыптасады. Әрбір топтың өзінің ерекше қажеттіліктері мен мүдделері пайда болады. Осыған орай, қоғамдағы ережелер мен адамдардың орны, олардың өзіне тән өмір салты қалыптасады.

#### Тірек сөздер:

- Әлеуметтік топ
- Жауынгерлер
- Абыздар
- Қауым мүшелері
- Билеуші әулет

#### Есте сақта!

*Әлеуметтік топ* дегеніміз — белгілі бір іспен айналысатын, тұрмысы ұқсас, қоғамда өзіндік орны бар адамдар тобы.

Сақтар қоғамындағы адамдардың түрлі әлеуметтік топтарға жіктелгенін біз археологиялық қазбалардың нәтижесінде біліп отырмыз. Сақтар заманынан қалған обалардың көлемі, олардан табылған заттар әртүрлі. Бір обалар өте үлкен, қайтыс болған адамның киімі ерекше, қасынан қымбат бағалы заттар көптеп кездеседі. Келесі бір обалардағы адам сүйегінің қасынан қарапайым қыш ыдыстар, күнделікті тұрмысқа қажетті азғана заттар табылды. Жазба мәліметтерде де сақтардың түрлі топтары болғаны жазылған.

#### Еске түсір!

Сақтар туралы қандай жазба деректерді атап бере аласың?

#### Сақтар қоғамында қандай әлеуметтік топтар болды?

Сақтар қоғамында негізгі үш әлеуметтік топ болды. Бірінші топқа қолбасшылар мен батырлар кірді. Екінші топта абыздар, сәуегейлер, бақсылар, емшілер болды. Бұлар да сақ қоғамының сыйлы адамдары қатарына жатты.



Қазба жұмысы барысындағы үлкен көлемді оба

Сақтардың үшінші тобы қоғамның еркін мүшелері болған. Олар мемлекеттің көпшілік халқын құрады. Қауым мүшелерінің әрқайсысының жекеменшік малы, жеке үй-жайы, шаруашылығы болды. Олар мал бағып, егін егіп, өз шаруашылығымен айналысты. Соғыс кезінде елін қорғады.

Сақтардың патшалары мен ханшалары негізгі үш әлеуметтік топ өкілдерінен де ерекше жоғары дәрежеге ие болды.

Ежелгі сақтар патшаны құдайдың қалауын жерде жүзеге асырушы деп қабылдады. Сақ патшалары соғыс пен бейбітшілік мәселесін шешті, басқа елдерге елші тағайындады, сырт елдермен одақ құру мәселесіне басшылық жасады, әскерді басқарды. Мұрагерлік дәстүр бойынша патшадан кейін оның орнына інісі сайланған. Мемлекет тағдырына қатысты ірі мәселелерді шешуде патша бүкіл елді *құрылтайға* жинаған. Патша өзіне қарайтын елдерді, тайпаларды өз өкілі арқылы басқарды.

#### Тапсырма

“Сақтардың құрылтайы” деген тақырыпта әңгіме құрастыр.

#### Біліміңді тексер!

1. Сақтар қоғамындағы әлеуметтік топтарды ата және олар немен айналысқан?
2. Сақ қоғамында, қауым мүшелерімен салыстырғанда, патшаның, жауынгерлердің, абыздардың орны мен рөлі неліктен жоғары болды деп ойлайсың?

## §40. ШЫРАҚТЫҢ ЕРЛІГІ

### Бүгінгі сабақта:

сақ жауынгері Шырақ пен оның елі мен жерін қорғап қалу жолындағы ерлігі туралы оқып білеміз;

грек авторы Полиэннің кім екенін білеміз.

Сақтармен соғыста қаза тапқан II Кир патшаның орнына билікке келген I Дарий патша б.з.б. 518 жылы сақтарға қарсы аттанды. Ол аз уақытқа сақтардың кейбір бөліктерін бағындыруға қол жеткізеді. Осылайша хаомаварға сақтарының бір бөлігі — қаспий тайпалары парсы патшасына амалсыз алым төлеуге мәжбүр болды. Кейбір сақ жауынгерлері парсы патшасының әскерінде қызмет атқарды. Олардың бір бөлігі парсы патшасының “өлмейтін он мың” деп аталатын жеке жасағының құрамында болды.

Сақ жауынгері Шырақтың ерлігі туралы грек авторы Полиэннің еңбегінен білеміз.

Полиэн деген кім және оның қандай еңбегі бар?

**Ізден!**

I Дарий патша сақтарды басып алу үшін қулық жасайды. Ол өз әскерінің бір бөлігін сақтарша киіндіріп, оларға аттандырды. Мұндай қулықты күтпеген сақтардың көсемі Сқунха қолға түседі.

### Еске түсір!

Сқунха патшаның бейнесі қашалған Бехистун ескерткіші туралы не білесің?

Аман қалған сақ әскерін жау қуады. Осы кезде сақтардың құрамында болған Шырақ есімді жас жігіт нағыз ерлерге тән тәсілмен елін қорғап қалады. Ол өз денесін жарақаттап, шығады. Өз туыстарынан қорлық көргенін, парсылардың алдынан келетінін айтады. Сөйтіп, Шырақ парсылардың сеніміне кірген. Ол: “Төңіректегі құдықтар түгел уланған, шөбі өртелген. Бұл жерлерде су жоқ. Біз келе жатқан жол — жалғыз жол”, — деп оларды шөл даланың енді кек қайтарғысы

### Тірек сөздер:

- Шырақ
- I Дарий патша
- Сқунха
- Полиэн
- Ерлік



Бехистун жартасындағы Сқунха патшаның бейнесі



Ержүрек Шырақтың парсыларды алдап шөлге апаруы

шалғай түкпіріне бастай жөнеледі. Олар осылай жеті күн, жеті түн жүреді. I Дарий патшаның сарбаздары шөл мен аптап ыстықтан қаза бола бастағанда ғана алданғанын түсінеді. Шырақтың тәсілі арқасында жау өз әскерінің тең жартысынан айырылады. Сөйтіп, жеңіс іздеп келген жау әскері сақ жерінде жеңіліс табады.

### Бұл қызық!

“Өлмейтін он мың” — I Дарий патша әскерінің ең үздік тобы. “Өлмейтін” деген атаққа не болу себебі — әскер саны тұрақты түрде он мыңнан кемімеген деген пікір бар. Оның қатары ең мықты жауынгерлер есебінен толықтырылып отырған.

### Еске түсір!

I Дарийге дейін парсылардың қай билеушісі сақтардан жеңілген еді?

### Ойлан!

Қазақ еліндегі “Ер ел үшін туады, ел үшін өледі” деген мақал осы сақтар дәуірінен сақталып келе жатыр дегенге қалай қарайсың?

### Біліміңді тексер!

1. I Дарий патша сақтарды басып алу үшін қандай қулық жасады?
2. Шырақтың ерлігінің маңызы неде?
3. Шырақтың ерлігі туралы жазып қалдырған грек авторы кім?

## САҚТАРДЫҢ АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ ӘСКЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІ

### §41. САҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ КӨРШІ ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

**Бүгінгі сабақта:**

- сақтардың көрші халықтармен байланыстарын оқып-үйренеміз;
- сақтардың сауда байланыстарын талдаймыз.

Еуразия аумағын мекендеген сақ тайпалары өзге тайпалар, халықтар және мемлекеттермен түрлі байланыста болды. Олар өзара бір-бірімен жауласып, кейде бейбітшілік орнатып, саяси, мәдени, экономикалық байланыстар жасады.

Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар Орта Азияны, Алтайды, Хакасияның, Тува мен Солтүстік Моңғолияның туыстас халықтарымен өзара қарым-қатынастар жасады.

Сақ тайпалары сол кезеңдегі ең мықты патшалықтармен де тығыз байланыста болды. Олар көне замандарда өмір сүрген Ассирия, Мидия патшалығымен байланыс орнатты. Осыған байланысты Персеполь сарайындағы бедерлі суретте мидиялық пен сақ жауынгерінің қол ұстасқан бейнесі жасалған.

#### Тірек сөздер:

- Саяси байланыстар
- Экономикалық байланыстар
- “Дала жолы”

Персеполь сарайы туралы айтып бер.

**Ізден!**

Б.з.б. VI ғасырдың ортасында Ахеменидтер мемлекеті құрылған кезеңнен бастап парсылармен қарым-қатынасы күшейді.

#### Еске түсір!

Сақтардың парсы билеушілері II Кир және I Дарийдің қарым-қатынасы қандай болады?

Сақтар өз заманындағы халықаралық ірі оқиғаларға да араласты. Сақтар б.з.б. VI ғасыр-



Мидиялық пен сақ

дың аяғы мен V ғасырдың басында грек-парсы соғыстарына қатысқан.

**Сауда байланыстары.** Сактар көрші халықтармен сауда қатынастарын орнатты. Олар өз заманында Алтай, Сібір, Шығыс және Еуропа халықтарымен сауда байланысын жасады. Б.з.б. 1-мыңжылдықта Еуразия далаларында дәстүрлі жәрменке өткізіліп тұрған.

Еуразия далаларын сактар билеген кезде батыс пен шығысты, Жерорта теңізі мен Қытайды байланыстырған халықаралық сауда басталды. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың орта кезінде “Дала жолы” деп аталған сауда жолы пайда болады. Геродоттың жазуына қарағанда, “Дала жолы” Қара теңіз өңірімен жүріп, Дон жағалауына барады. Содан кейін Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтар жерінен Ертіс бойына, одан әрі Алтайдағы аргиппейлер еліне жеткен.

### Еске түсір!

Аргиппейлер кімдер еді және қай аймақты мекендеген?

Одан әрі Моңғолия мен Қытайға қарай кететін болған. Осы жолдың бір бөлігі Қазақстан жерімен өтті. Сактар бұл жолмен өздері өндіретін бұйымдарды саудалаған. Олар өз заманындағы барлық қуатты мемлекеттермен тығыз байланыста болды. Сактар кең-байтақ жері мен орасан зор байлығына көз тіккен шетелдік басқыншыларға тойтарыс беріп, өздерінің тәуелсіздігін сақтап отырды.

**Сақтардың киім-кешегі.** Сактардың көрші елдермен қатынасының арқасында біз олардың киім-кешегі туралы біле аламыз. Жазба деректерде сактардың киім үлгілері, баскиімі, аяқкиімі сипатталған. Мысалы, Геродот сактардың бір тобының тығыз киізден жасалған шошақ бөрік киетіндері туралы жазған.

Парсы патшасы Ксеркс сарайындағы, I Дарий патшаның мазарындағы суреттерде сактардың киім үлгісі бейнеленген. Мұндағы суреттерде биік шошақ бөрік, тізесіне дейін жеткен бешпент кигені байқалады. Беліне белбеу буынған, шалбар және өкшесіз аяқкиім киген. Белбеуінің оң жағына қанжар, сол жағына садақ іліп алған.

Оңтүстік Қазақстан аумағынан табылған сактың қола мүсінінде тік жағалы қысқа бешпент, қырлы дулыға киген адам бейнеленген. Жетісу жерінен табылған алтын тоғаларда шекпен киген салт атты адам көрсетілген.

Таулы Алтайдағы тон болып қатып қалған сақ қорғандарынан олардың киімі сол күйінде бұзылмай бүгінге дейін жеткен. Осы обалардан тігісіне қызыл бау жүргізіп әшекейленген ақ матадан тігілген көйлектер, ақ жұқа киізден, бұлғын терісінен жасалған бешпент табылды. Сондай-ақ киіз күрте шелер, ерлер мен әйелдердің киіз



Ксеркс сарайындағы тиграхауда сақтарының бейнесі



Шілікті обасы, Аржан қорымы материалдары бойынша сақтардың жаңғыртылған киімі

ұйықтары, әйелдердің жеңі кестеленген бешпенттері, етіктері, әйелдер мен балалардың кеудешелері де бар.

Сақтардың киімі көбінесе алтыннан жасалған бұйымдармен әшекейленген. Билеуші әулет өкілдері бешпенттерін түрлі аң мен жануар бейнеленген алтын қапсырмалармен қаптаған. Әйелдер алтыннан жасалып, асыл тастармен көмкерілген түрлі әшекей бұйымдарды таққан.

### Тапсырма

Кестені дәптерге сызып, бағаналарды толтыр.

#### Сақтардың көрші халықтармен байланыстары

Қандай елдермен байланыс орнатты?	Байланыстарының сипаты	Бұл байланыстар туралы қандай деректерден білеміз?

### Біліміңді тексер!

Контур картаны пайдалана отырып, сақтар заманындағы "Дала жолының" бағыттарын картадан белгіле.

## §42. АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙДІҢ САҚТАРҒА ЖОРЫҒЫ

### Бүгінгі сабақта:

Александр Македонскийдің сақтарға жасаған жорығымен танысамыз;  
Александр Македонский туралы мәліметтерді оқып білеміз.

### Тірек сөздер:

- Ахемениттер
- Ескендір Зұлқарнайын
- Қазығұрт
- “Дала жолы”

Б.з.б. VI ғасырдың аяғында Ежелгі Шығыста саяси жағдай өзгерді. Үлкен держава құрған парсылар мен гректердің арасында соғыс басталды. Осы соғыста сақ жауынгерлері парсылардың одақтасы ретінде жалдамалы әскердің құрамында гректерге қарсы соғысты.

Грек-парсы соғысында парсылар жеңіліс тапты. Жеңіске жеткен гректерді көп ұзамай

Македония сияқты кішкентай елдің билеушісі болған Александр басып алды. Ол ежелгі гректер мен парсылар елін қосып жаулап алып, өзінің қуатты державасын құрды. Атақты билеуші, дарынды қолбасшы Александр Македонский де сақтарды бағындыруды армандаған.

Ешбір жеңілуді білмеген данқты қолбасшы Ұлы Александрдың жауынгерлері әскери жағынан жақсы даярланған еді. Олар көптеген елді бағындыра отырып сақтардың жеріне жетеді. Осы оқиғаларды

баяндайтын мәліметтерге қарағанда, ұлы қолбасшы қазіргі Қазақстан аумағынан кері қайтқан. Оның әскері Келес өңірі, қасиетті Қазығұрттың маңынан кері шегінген. Осы

### Бұл кім?



Шығыс халықтарының арасында “Александр Македонскийдің қос мүйізі бар екен” деген лақап тарап кеткен. Сондықтан ол “Зуль-Карнайн” немесе “Қос мүйізді” аталыпты. Александр Македонскийді қазақтар “Ескендір Зұлқарнайын” деп атайды.

Неліктен Александр Македонский аз уақытта қуатты мемлекет болған гректер мен парсыларды жаулап алды?

**Ізден!**



Александр Македонскийдің жауынгерлері



жерлерде қазіргі таңға дейін “Ескендір төбесі”, “Ескендір көпірі” деген жер атаулары сақталып қалған. Сөйтіп, Александр Македонский сақ тайпаларын бағындыру үшін жасаған жорығы сәтсіз аяқталды. Сақтар оның шығысқа қарай жүр етін жолын бөгеп тастады.

### Есте сақта!

Қазығұрт — діни аңыздың қазақы нұсқасы бойынша дүниежүзін топан су тасқыны басқан кезде Нұх пайғамбар кемесі қайырлаған қасиетті тау, адамзат пен жан-жануар атауы тараған киелі жер.

Сақтар өзінің кең-байтақ жері мен орасан зор байлығына көз тіккен шетелдік басқыншыларға тойтарыс беріп, өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалды.

### Есте сақта!

Абай Құнанбайұлының “Ескендір” поэмасы Александр Македонскийдің жаулаушылық жорықтарының залалын көрсетуге арналған.

Абайдың “Ескендір” поэмасы Александр Македонскийге арналған. Ақын Ескендірдің өмірін баяндап, оның дүниежүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық саясатын сынайды. Поэмада Ескендірдің ұстазы, тәрбиешісі болған ұлы философ-гуманист Аристотель жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін көрсете келіп, әділдік, даналықты оған қарсы қояды.

“Бұл — адам көз сүйегі”, — деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мын-мын санға?  
Жеміт көз жержүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр, көзге құм құйылғанда.  
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні,  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ұстазының даналық сөзі қанағатсыз Ескендірге ой салады, ол алған бетінен қайтады. Сөйтіп, ақын Аристотельге Ескендірді бағындырып, жауыздықты әділетке жеңізеді.

Сақтардың жауынгерлік рухы, еркіндіксүйгіш және әрқашан бейбітшілік пен ынтымақты сақтауға ұмтылған дәстүрлері өзге салттардан үстем болды. Бұл дәстүрлер әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

### Біліміңді тексер!

Сақтар өз еркіндігі мен бостандығы үшін кімдермен күресуге мәжбүр болды және неліктен басқа билеушілер сақтарды бағындыруға құмар болды деп ойлайсың?

**Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Сақтар дегеніміз кімдер?
2. Сақтар қандай тайпалардан тұрады?
3. Сақтар туралы мәліметтер қай тілдерде жазылған?
4. Бехустин жазбасында сақтар туралы қандай мәліметтер бар?
5. Тұмар ханша кім?
6. Шырақтың ерлігінің маңызы неде?
7. Сақтардан қалған археологиялық ескерткіштер қалай аталды?
8. Археологиялық мәліметтердің жазба мәліметтерден ерекшелігі қандай?
9. Археологиялық ескерткіштер бізге сақтар туралы қандай мәліметтер береді?
10. Александр Македонский туралы не білесің?
11. Сақтар қоғамының құрылымын айтып бер.
12. Сақтар қоғамында адамдар қандай әлеуметтік топтарға бөлінген?
13. Сақтардың қолданбалы бейнелеу өнерінің ерекше стилі қалай аталды?
14. Сақтар кезіндегі жартастардағы суреттерде нелер бейнеленді?
15. "Патша" обалары дегеніміз не?
16. Есік обасынан табылған адам неліктен "Алтын адам" деп аталған?
17. Бесшатыр қорымының үлкен обалары неліктен "Сақ пирамидалары" деп аталған?
18. Шіліктіден табылған үшінші "Алтын адам" кім?
19. Берел обасы неліктен "ғасыр жаңалығы" деп аталды?
20. Тасмола мәдениеті еліміздің қай аймағынан табылған?
21. "Мұртты обалар" құрылысының ерекшелігі қандай?



# IV

## ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАР



# ҮЙСІНДЕР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

## §43. ЕЖЕЛГІ ҮЙСІНДЕР КІМДЕР ЕДІ?

### Бүгінгі сабақта:

Ежелгі Үйсін мемлекеті туралы білеміз;

үйсіндердің шаруашылығы мен саяси-әлеуметтік құрылымынан хабардар боламыз.

### Тірек сөздер:

- Үйсін
- Күнби
- Тянь-Шань тауы

мекендеді. Одан кейін көшіп-қона отырып, Жетісуға, Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай тауларына дейін жетті. Олардың негізгі аумағы Іле жазығы болды. Батыс шегарасы Шу және Талас өзендері



Үйсіндер заманындағы  
төрт жапырақ тәрізді  
алтын қапсырма



Үйсіндердің алтын  
аспа салпыншағы

Үйсіндер Қазақстан аумағын ежелгі қоныстанушылар болып табылады. Олар б.з.д. IV—III ғасырларда жеке мемлекет болып өмір сүрді. Үйсіндер Орталық Азиядан қоныс аударды. Алғашында олар Қытайдың солтүстік-батысындағы Лобнорды, Тянь-Шань тауларын арқылы өтіп, қаңлылармен шектесті. Солтүстік бөлігі Балқашқа жетті. Осылайша үйсіндер мекендеген аумақ шығысында Қытаймен шектесті. Батысында Шу мен Талас өзендерінің жағалауларындағы Ферғанамен, солтүстігінде Тарбағатайға дейін көшіп барып жүрген қаңлылармен шегаралас болды.

Б.з.д. III ғасырда Қазақстан аумағын мекендеген тайпаларда мемлекеттіліктің белгілері болды. Үйсіндердің астанасы Чигучен (“Қызыл жазық қаласы”, “Қызыл қорған” немесе “Қызыл аңғар”) Ыстықкөлдің жағасында орналасты.

Үйсіндер түркілердің ата-бабалары болған деген болжам бар. Қазірдің өзінде ірі казак руларының бірі “үйсін” деп аталады.

Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуының алғышарттары. Қазіргі Орталық Азия аймағындағы ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің б.з. I-мыңжылдығында қалыптаса бастағандығы белгілі.

**Бұл маңызды!**

Адамдар табиғаттың қауіп-қатеріне қарсы тұру үшін, жыртқыш аңдардан және басқа аймақтардағы бөтен адамдардан бірігіп қорғану, күнкөріске қажетті шаруашылықты өркендету үшін бірігуге мәжбүр болған. Бірлестіктің туыстық негізде болуы оны барынша берік ете түсті.

Мұндай бірлестіктер алғаш ру түрінде болды. Біртіндеп адамдар санының өсіп көбеюіне байланысты тайпалар және тайпалық одақтар пайда болды. Адамдардың тайпалық одағы өздері мекендейтін жері мен малын басқа тайпалық одақтардан қорғауы аса қажет болды. Малының саны көп, жайылымы мал өсіруге қолайлы болса, сол ру-тайпа жақсы өмір сүрді. Осыған байланысты тұрмыстары төмен тайпалар өздеріне жақын маңдағы көршілерінің жерін және малын тартып алып, ал олардың өзін басыбайлы бақташыларға айналдырмақ болды. Мұның өзі адамдардың жақсы және молшылықта өмір сүруге ұмтылысы болатын. Орталық Азия аймағындағы өзара көрші орналасқан үйсін, ғұн және қаңлы тайпалық одақтары алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді құрды. Олар бірде жауласып, бірде татуласып, күрделі жағдайда өмір сүрді.

**Үйсіндердің шаруашылығы.** Қытай жазбаларында үйсіндер шаруашылығы жөнінде былай дейді: “Олар егіншілікпен де, бау-бақша өсірумен де айналыспайды. Олар тек өз малдарымен шөбі мен суы мол



Үйсін, қаңлы және ғұн тайпалық одақтарының орналасуы



Жетісу өлкесінен табылған бұғы мүсіні



Үйсіндер заманында жасалған арқарлар бейнеленген белдік ұштамасы

### Ойлан!

Өткен сабақтарды еске түсіре отырып, адам бірлестіктерінің даму са-тысын анықта.

жерлерге көшіп-қонып жүреді” деп сипаттайды. Үйсіндер жартылай көшпелі халықтар қатарына жатады. Өйткені үйсіндер мал бағумен ғана емес, егіншілікпен де айналысты. Өзен жағасын мекендегендер егін салып, аздаған бау-бақша дақылдарын да өсірді. Үйсіндерде негізгі байлық мал санымен өлшенді. Жайылым барлық көшпелілер тәрізді рулар мен тайпалардың ортақ пайдалануында болса, мал белгілі бір кісілердің жекеменшігі болып есептелінді. Кімнің жылқысы көп болса, сол қоғамда үстем рөл атқарды.



Жетісу өлкесінен табылған құрамалы белдік тоғасы

### Еске түсір!

Жартылай көшпелі деп қандай шаруашылық-ты айтамыз?

**Үйсіндердің саяси және әлеуметтік құрылымы.** Ел билігін қолында ұстаған хан *күнби* аталды.

### Есте сақта!

Күнді бәрінен де жоғары санап, оны тәңір тұтып табынатындықтан, үйсіндер өздерінің билеушісін де *күнби* деп құрметтеді.




Жалаулы көмбесінен табылған қос бұғы пішініндегі тоға

Күнби елді үшке бөліп басқарды. Оның оң қанаты мен сол қанатын қолбасылар басқарса, орталық бөлігі күнбидің өзіне бағынды. Ал рулар мен тайпалар өз ортасынан шыққан бектерге бағынатын.

Үйсіндер қоғамында әлеуметтік және мүлік теңсіздігі болған. Қоғам ру мен тайпадан құралды. Оларды бай адамдар басқарды және оларды киіміне қарап ажыратуға болатын. Өйткені олар жібек пен жүннен тоқылған киімдер киді. Бай үйсіндердің жылқылары 5000-ға жететін. Олар малдарына ен-таңба салатын. Бұған кейінгі жасалған қазбалар дәлел бола алады. Үйсін молаларынан алтын, қола, саздан жасалған мөр табылды.

Қоғам әртүрлі топтардан құралды: рубасы, дәулетті, бай адамдар, жауынгерлер, абыздар, қарапайым малшылар мен егіншілер. Ең үлкен топ малшылар мен егіншілер болды. Соғыс кезінде тұтқынға түскендерді құлдарға айналдырды. Құлдар еңбегін үй шаруашылығында пайдаланды. Үлкен обаларға бай адамдар жерленген. Оның жанына бағалы заттар, қару-жарақ пен ыдыстар қойылды. Қарапайым малшылардың бейіттері жұпыны болды. Оған адамның өзі пайдаланған заттарын ғана қойды.



Жетісудан табылған үйсіндердің қыш ыдыстарының түрлері

### Тапсырма

Үйсін елінің байырғы және кейінгі атақоныстарын картаға сызып көрсет.

### Біліміңді тексер!

1. Адамдардың алғашқы тайпалық бірлестіктерінің қалай құрылғанын айттық. Ал оларға мемлекеттік бірлестіктерге бірігу неге қажет болды? Біздің жеріміздегі алғашқы мемлекеттер қашан қалыптаса бастады?

2. Руға, тайпаға бірігу көшпелілерде ұзақ уақыт сақталды. Оның себебі неде деп ойлайсың?

## §44. ҮЙСІНДЕР ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІ

Бүгінгі сабақта:

■ үйсіндер туралы қытай деректерімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- “Хань әулеті” кітабы
- Қызыл қорған
- Жан Чянь
- “Батысқа саяхат” кітабы

Қытай деректерінде ежелгі үйсіндер “Усунь-го”, яғни “Үйсін мемлекеті” деп аталды.

Ғұндардың билеушісі Мөденің Қытай императорына б.з.д. 176 жылы жазған хатында үйсіндер бірінші рет кездеседі. 1996 жылы Пекинде “Хань әулеті мен ғұндардың 300 жылдық соғысы” деген атпен басылып шыққан кітапта былай деп жазылады: “Біз бірінші

қанаттың уәзіріне батыс юечжилерді жаулап алуды тапсырдық. Бізге аспанның рақымы түсті. Әскер басшысы әскери шеберлік, ерлік көрсетіп, атты әскер жел тәрізді асқан жылдамдықпен юечжилерді талқандады. Ол ғұндарға лоуландарды, үйсіндерді, юечжилерді және тағы да 26 көршілес халықтарды толық бағындырды. Садакпен ататын халықтар (көшпелілер) осылайша бірікті”.

“Хань әулеті” кітабы дегеніміз не?

**Ізден!**

Қытайдың “Хань әулеті” кітабында да төмендегідей деректер келтірілген: “Ұлы қағанның астанасы Қызыл қорған деп аталады. Онда 120 мың ошақ (шанырақ), 630 мың адам, 188 800 жауынгер бар... Кең-байтақ жер құнарлы, тауларында шыршалар, карағайлар мен қайындар өседі. Тұрмыс-салттары ғұндарға ұқсайды. Бұл халықтарда жылқылар көп, байларында 4-5 мың бас жылқы бар. Өте ержүрек, жауынгер халық, батырлары да көп. Сатқындарды қатал жазалайды. Қуатты мемлекет. Бұрынырақ ғұндардың ықпалында болған. Нығайып алғаннан кейін тәуелділіктен құтылып, азаттығын алды”.

Үйсіндер мемлекеті шығысында ғұндармен, ал солтүстік-шығысында қанлылардың көшпелі тайпаларымен, батысы Ферғанамен шектесіп жатты.

### Есте сақта!

“Хань әулеті” кітабы үйсіндердің тарихы туралы мәлімет беретін аса құнды дерек көзі болып табылады.

Ежелгі қытай ғалымдары “Жылнамалар кітабында”: “Осы уақытқа дейін үйсіндердің билеушісі әкесінің кегін қуу үшін өсті. Көк аспанның қолдауымен ол батысқа аттанды. Бұлардың қысымына төтеп бере алмаған юечжилер Тохаристанға қарай жылжыды. Үйсін билеушісі



өз халқын және юечжилердің қол астында болған халықтарды, оған қоса Есік көлінің жағасындағы тайпаларды біріктіріп, өзі сол жерде тұрақтап қалды”.

Міне, осы сияқты дереккөздерге сүйеніп, Үйсін мемлекетінің жылнамасы жасалды. Үйсіндер ежелгі заманнан Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрді, сол жерде өз астанасын салды.

Қытай тарихшысы Сыма Цянь үйсіндердің шығу тегі жөнінде деректер келтіреді.

Ежелгі қытай саяхатшысы Жан Чянь (б.з.д. 139—126 жж.) “Батысқа саяхат” кітабын жазды. Онда ол былай деп жазады: “Үйсіндердің ханы Куньмо, оны Елжау би деп атайды, оның әкесінің аты Нажды би. Олардың мемлекеті Члиянь мен Дунханның арасында орналасқан”.

**Үйсіндердің көршілес тайпалармен қарым-қатынастары.** Хань әулеті туралы қытай кітабында б.з.б. 107 жылы үйсіндер күнбіі қытай ханшасына (императордың қызына) үйленіп, қытай билеушісімен туыстық қарым-қатынас орнатқаны жөнінде дерек келтіріледі.

Қытай тарихшысы Сыма Цяньның айтуынша, үйсіндер қытаймен тең экономикалық және сауда қатынастарын жасаған.

Үйсіндердің көршілерімен бейбіт қарым-қатынасы кейде әскери қақтығыстармен алмасып отырды. Ол кезде жер үшін жауласу жиі болып тұратын дау еді. Саяхатшы Жан Чянь былай деп жазады: “Үйсіндер Ұлы Юечжимен көрші болды. Юечжилер Нажды биді өлтіріп, оның жерін өз билігіне алды. Үйсіндер ғұндарға қашып тығылды”.

### Ойлан!

Үйсіндерді бүгінгі қазақ халқымен байланыстыратын қандай мәліметтерді білесің?

Үйсін мемлекеті өз дамуының шарықтау шегіне б.з.д. I ғасырда жетті. Қытай мен үйсін билеушілерінің қыз алысу дәстүрі де сақталып тұрды. Бұл, әрине, Қытай мен Орта Азия, Батыс Азия мен Еуропа арасындағы сауда қатынастарына тиімді әсер етті. Б.з.д. II ғасырда қалыптасқан Ұлы Жібек жолы, негізінен, осы үйсіндердің бақылауында болды. Қытай деректерінде үйсіндер б.з. III ғасырына дейін ғана айтылады.

### Тапсырма

Қытай елшісі Сыма Цянь мен Жан Чяньның айтқанына сүйеніп, Қытай мен Үйсін ұлысы арасындағы қарым-қатынастарды әңгімелеп бер.

### Біліміңді тексер!

Ежелгі Үйсін еліне Қытай тәрізді үлкен мемлекеттің және т.б. көршілері баса назар аударуының себебі неде деп ойлайсың?

## ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

### §45. ЕЖЕЛГІ ҚАҢЛЫЛАР КІМДЕР ЕДІ?

#### Бүгінгі сабақта:

ежелгі қаңлылар және олардың мемлекеті туралы мәліметтер аламыз;  
ежелгі қаңлылардың тұрмысымен және шаруашылығымен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- Қаңлы
- Сыр бойы
- Астана
- Қалалар

Бүгінгі қазақ халқын құраған ірі тайпалар қатарында қаңлылардың орны ерекше. Көрші елдер кезінде оларды бірде *қанх* деп атаса, бірде *қан* деп атады. Бұл атаудың шығуын бізге жеткен аңыздар кәдімгі арба атауымен байланыстырады. Оның мазмұны мынадай: “Оғыз хан жорықтан қайтып келе жатқанда

оның әскерлерінің соғыстан түсірген олжасы аса мол болып, оны қалай алып жүруді білмей дағдарады. Сондайда әскер арасындағы шеберлердің бірі дөңгелектері бар арба жасап шығарады. Жүк тиелген арба жүрген кезде үздіксіз қаңқылдаған дыбыстар шығарып, бүкіл даланы басына көтереді. Содан осы арбаны жасаған шебер мен оның ұрпағы *қаңлы* аталып кетіпті”.

**Қаңлылардың шаруашылығы және тұрмысы.** Қаңлылардың бір бөлігі көшпелі малшаруашылығымен айналысқан. Келесі бөлігі отырықшы егінші болған. Қытай деректері олардың жылқы, түйе, қашыр, есек, сиыр өсіргенін жазады. Оларда негізгі малдардың бірі қой болған. Жылқылары көршілер тарапынан өте жақсы бағаланған. Қаңлылар мекендеген аймақ малшаруашылығына да, егіншілікке де қолайлы болған. Олар мекендеген аймақта, әдетте, ауа райы жылы болып, өзендері мол сулы болғандықтан, дәнді дақылдар өсіруге мүмкіншіліктер болды.



Ежелгі қаңлылардың  
жанғыртпа мүсіндері

#### Еске түсір!

Қазақ даласында арба қай уақытта пайда болған еді?

Қытай деректері қаңлылардың жерінен алтын, күміс, асыл тастар, хош

істі жұпар шайлар, кілем-кілемшелер, кымбат аң терілері сауда-саттыққа шығарылатынын жазады. Кейінгі кездегі ғалымдар жүргізген археологиялық қазба жұмыстары осы айтылғандарды растап отыр. Олар отырықшы қыстақтарды, қала қорғандарының жұртын, жер суландыру құрылыстарын — тоғандарды, арықтарды, егіс алаңдарын, бау-бақшаларды анықтады. Қаңлылардың диканшылықта қолданған кетпен, қолорақ, қолдирмен, астық сақтайтын ыдыстары, ұралар мен қамбалар және астық қалдықтары да көптеп табылды.

### Еске түсір!

Қазақ даласында жылқы өсіру қай уақытта басталған еді?

### Ойлан!

Қаңлылардың шаруашылығындағы ерекшеліктері қандай?

Қаңлылар күнделікті тұрмыста теріден әртүрлі киім үлгілерін тігіп, жүн маталарды өрмекпен тоқыған. Алуан түрлі қыш ыдыстарды жасап, оларды күнделікті тұрмысында пайдаланған. Қаңлылардың қоладан және темірден жасаған өндірістік құрал-саймандары мен қару-жарақтары қазба жұмыстарында кездесіп отырады.

Көптеген музыка аспаптарының, мысалы, қос ішекті және бес ішекті музыка аспаптарының, дабылдың, сыбызғы, сырнайлардың қаңлыларда кеңінен қолданылғаны туралы қытай жылнамаларында айтылады. Қаңлы бишілерінің және би өнерінің көршілеріне кеңінен таралғаны да деректерден белгілі. Қаңлыларда жазу болған және кітапты пайдаланған.

Қаңлылардың әдет-ғұрпы олардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасты. Қаңлылардың әдет-ғұрпы ежелгі замандағы оларға көрші үйсін және сармат елдеріне ұқсайды. Бұл ғасырдан-ғасырға созылып, кейінгі түркі тілдес халықтардың рухани-әлеуметтік дамуына көп ықпал жасады.



Қаңлылардың астық сақтайтын ыдысы



Ежелгі қаңлы әйелдерінің киімі



Ежелгі қаңлылардың аумағы

**Есте сақта!**

Қаңлы елінің аймағы солтүстікте Балқаш көліне, батыста Арал теңізіне, оңтүстікте Әмудария өзенінің солтүстік алабына дейінгі жерлерді қамтыды.

**Тапсырма**

Ежелгі қаңлылардың орналасқан тарихи аймағын қазіргі Қазақстанның картасымен салыстырып, қаңлыларға Қазақстаннан тыс қандай аймақтардың бағынғанын анықта.

**Біліміңді тексер!**

1. "Қаңлы" атауы қандай мағынаны білдіреді?
2. Байырғы қаңлылардың шаруашылығы туралы не білесің?

**§46. ЕЖЕЛГІ ҚАҢЛЫЛАРДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ****Бүгінгі сабақта:**

ежелгі қаңлылар және олардың мемлекеті туралы мәліметтер аламыз;  
Қаңлы мемлекеті және оның қалалары туралы хабардар боламыз.

**Тірек сөздер:**

- Ежелгі қоныс
- Қала мәдениеті
- Ұлы Жібек жолы
- "Дала жолы"

**Қаңлылардың ежелгі қоныстары.** Байырғы қаңлылар көшпелі болған. Малға жайлы жайылымдар іздеп, қазіргі Сыр бойынан Алтай тауының оңтүстігіне, Тарбағатай тауларына дейін барған. Дегенмен көптеген көшпелі халықтар жайылымдар мен жаңа қоныстар іздеп батысқа қарай жылжығанда қаңлылар атамекенге қарай оралады. Олар Шу өзенінен батысқа қарай және Сыр өзені бойына орныққан.

Осында б.з.б. II—I ғасырларда қаңлылар қала мәдениетіне сүйенген мықты мемлекет құрды. Бұл мемлекеттің шығыстағы көршісі үйсіндер болса, батыстағы көршілері аорстар, яғни сарматтар болды.

### Есте сақта!

Қаңлы елінің аймағы солтүстікте Балқаш көліне, батыста Арал теңізіне, оңтүстікте Әмудария өзенінің солтүстік алабына дейінгі жерлерді қамтып жатты.

Қаңлы елінде жаздық және қыстық екі астана болды. Жаздық астана — Бетен қаласы қазіргі Балқаш көлі мен Арал теңізі аралығында, Ұлытауға жақын маңайға орналасты. Ал қысқы орда немесе астана Сыр бойында болды. Екі астананың қашықтығы айтарлықтай үлкен болды. Қысқы астанадан шыққан түйелі керуен жазғы астанаға жеті күнде жететін. Қаңлының қол астына бай қала-мемлекеттердің қарауы және Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарының осы қаңлы қалалары арқылы өтуі Парфия, Дадун, Ұлы Нүкіс, Копен, Үйсін тәрізді көрші мемлекеттердің оған деген қызығушылығын арттырды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы Қаңлы елінің қалалары. Қаңлы елінің оңтүстік аймақтары бау-бақша көмкерген, сауда-саттық қызу жүріп жатқан қалалардан құралды. Мұның өзі көшпелілікпен қатар қала мәдениетінің дамуының нәтижесі еді.

Қаңлының мемлекеттік құрылысы қалалармен тығыз байланысты болды. Егер Қаңлы елін Ұлы хан басқарса, ал оған қала-мемлекеттер тәуелді болды. Қаңлыға бағынатын мұндай иеліктер бесеу еді. Олардың



Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының басты бағыттары



Ежелгі қаңлылар дәуіріндегі шүмегі мен тұтқасы бар қыш ыдыс



Ежелгі қаңлылар дәуіріндегі қыш ыдыс



Ежелгі қаңлылар дәуіріндегі қыш құмыра

бірінің орталығы Сағай хан басқарған Сағай қаласында болса, ал екіншісі Бомық хан басқарған Кашания аймағындағы Бомық қаласында, үшіншісі Раунық хан басқарған Ташкент аймағында, төртіншісі Гехан басқарған Бұқар қаласы аймағында, бесіншісі Оған хан басқарған Үргеніш айналасында орналасты.

Егіншіліктің және сауда-саттықтың ірі орталығына айналған бұл қалалар Ұлы Жібек жолы бойындағы елді мекендердің өркендеп, жана қалалардың бой көтеруіне үлкен ықпал жасады. Батыстағы Месопотамиядан шыққан сауда керуендері әртүрлі темірден жасалған әсем әшекей бұйымдарын, қыштан жасалған керемет сәнді ыдыс-аяқтарын осы қалалар арқылы шығысқа, Қытай аймағына жөнелтіп отырды. Өз кезегінде шығыстан қымбат маталарды, фарфордан жасалған ыдыстарды, сәнді киім-кешектерді аркалаған түйе керуендері тағы да осы қалалар арқылы батысқа аттанатын еді. Сонымен қатар бұл қалалар жазғы жайлауларынан оралған көшпелі қаңлылардың қыста қоныстанатын және жаугершілік жағдайларда қорғанатын бекіністеріне айналды.

Қаңлылар Сырдариядан, Орал, Волгадан басталып, Кавказ және Қара теңізге дейін созылатын сауда жолдарын бақылап отырды. Мардан қорғандарынан табылған ақшалар мұнда Шығыс Түркістан арқылы Қытайдан әкелінді. Талас өзенінің сағасындағы Шон Ханн қорғанынан кушандар мен сасанилердің мыс және күміс бақырлары табылды. Сырдария өзенінің төменгі ағысынан Сириядан әкелінген шыны моншақтар алынды.

### Тапсырма

Қаңлы жері арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының тармақтарын картаға сызып көрсет.

### Біліміңді тексер!

Ежелгі Қаңлы мемлекетінің қала-мемлекеттері туралы айтып бер.

## ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

### §47. ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН САЯСИ ӨМІРІ

**Бүгінгі сабақта:**

Қаңлы мемлекетінің билеушілері жайлы түсініктер аламыз;  
қаңлылардың көрші елдермен қарым-қатынастарын айқындаймыз.

**Қаңлы елін басқарушылар.** Қаңлылар қалалы отырықшы әрі мал бағумен айналысатын қауымдастықтан құралған. Мемлекет рулар мен тайпалар одағынан құралды. Қала мәдениетінің өркендеуіне байланысты Қаңлы мемлекетінің аймақтарын *хандар* басқарды. Хандардың әрқайсысының ел басқаруды жүргізетін уәзірлері болды. Ал бұлар бәрі *Ұлы ханға* бағынды. Ұлы хандарының есіміне *би* деген лауазымды қосып айтатын болған. Тарихи деректерден қаңлылардың Най би, Даш би деген билеушілері белгілі.

#### Тірек сөздер:

- Ұлы хан
- Тәңірқұт
- Хан
- Би

Қаңлыларда тәртіп мәселесі де аса маңызды болған. Олардың заңы хан сарайында сақталып, осы заң бойынша қылмыстылар жазаланған. Мұндайда өлім жазасы ең жоғары жаза ретінде қолданылды. Мұның өзі елде мемлекеттік тәртіпті нығайтуда үлкен рөл атқарды.

#### Есте сақта!

Қаңлылардың қылмысты жазалауы қазіргі заманда қатыгездік болып көрінеді. Дегенмен ежелгі дәуірде мұндай тәртіп ұлысты нығайтуға көп көмек көрсететін қажеттілік болған.

**Қаңлылардың басқа елдермен қарым-қатынастары.** Қытай мемлекеті қаңлыларды өздеріне қаратуды көздеген. Алайда олардың бұл әрекетіне ғұндар кедергі келтірді. Алғаш қаңлылар көрші ғұндармен бейбіт қарым-қатынастар орнатуды көздеген. Қаңлы ханы ғұн тәңірқұты Тезекке қызын ұзатып, жегжаттық қатынастар орнатуға тырысты. Қаңлының өзін қолдайтын әскерін қосып алған ғұн тәңірқұты үйсіндерге шабуылдай бастады. Ғұн билеушісі қазіргі Тараз қаласына жақын маңда Тәңірқұт қаласын тұрғызды.

Қаңлы ханына ғұн тәңірқұты үнемі қысым көрсетумен болды. Қаңлылар тыныштық іздеп, ғұн тәңірқұты Тезекке бағынуға көшті. Осындайда ғұндарды Ұлы Жібек жолынан және Қаңлы, Үйсін мемлекеттеріне ықпал етуден ығыстыруды көздеген қытайлықтар Тәңірқұт қаласына әскери жорық ұйымдастырды. Қытай әскеріне жолшыбай еріксіз бағынған үйсіндер қосылды. Ал қаңлылар амалсыздан ғұн тәңірқұты жағында болды. Соғыста ауыр жарақаттанған ғұн тәңірқұты Тезек қайтыс болып, қала қытайлықтарға берілді. Қытай қолбасшысы 15 ханға бұрын олардан тонап алынған заттарды қайтарып берді. Олардың арасында Қаңлы елінің билеушілері де бар еді.

Үйсіндер мен ғұндарға қарсы күресте қаңлылар Қытайдың қолдауына сүйенуге тырысты. Олар Қытайға баратын сауда жолдарында басымдыққа ие болуды да көздеген еді. Алайда Қытай қаңлыға көмек берген жоқ. Сондықтан қаңлылардың солтүстіктегі және батыстағы елдермен қарым-қатынасы да аса күрделі болды.

Арал бойындағы және Каспий теңізі жағалауындағы сарматтар мен аландар (аорстар) Қаңлы еліне бағынышты болды. Оңтүстікте парсы тілдес малшы тайпалар да қаңлылармен жақындасып, оларға қарайтын қалаларда әртүрлі сауда-саттықтармен айналысты. Соғды тәрізді қаңлыға тәуелді елдерде асылтұқымды жылқылар болды. Әртүрлі жеміс-жидектер, жүзім өсіру де кең таралды.

Көрші мемлекеттермен және қала-мемлекеттермен Ұлы Жібек жолына үстемдік жасау үшін жүргізілген соғыстар V ғасырға қарай Қаңлы мемлекетін әлсіретті. Ақырында ол оңтүстіктен баса-көктеп кірген *эфталиттердің* ықпалындағы шағын иеліктердің біріне айналды.

### Есте сақта!

Ғұндар мен аландар I—V ғасырларда батысқа қарай жылжығанда өздерімен бірге қаңлылардың біраз көшпелі тайпаларын ертіп кетті. Бұлар Еділ өзені бойына дейін барғанда *печенег* тайпалары деп аталды. Дегенмен де қаңлылардың қала мәдениетімен байланысты негізгі бөлігі бұрынғы Талас өзенінен батысқа қарайғы Шу және Сыр өзендері бойындағы атақоныстарында қалып қойды.

### Тапсырма

Талас өзені бойына қоныстанған ғұн тәңірқұтының қаңлы мен қытайға байланысты саясаты туралы әңгіме жаз.

### Біліміңді тексер!

1. Қаңлылар мен ғұндардың қарым-қатынастары қалай болды?
2. ғұн тәңірқұты Тезектің саясатын әңгімеле.
3. ғұндар мен аландардың батысқа жылжуы қаңлылар тағдырына қалай әсер етті?



## §48. СЫМА ЦЯНЬ МЕН ЖАН ЧЯНЬНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

Сыма Цянь мен Жан Чяньның деректерімен танысамыз;  
қытайдың ежелгі тарихшыларының еңбектерінің біздің тарихымызды зерттеудегі маңызын түсінеміз.

**Сыма Цянь.** Сыма Цяньның “Тарихи жазбалар” деп аталатын еңбегінде Қытайдың және оған көрші елдердің 3000 жыл бұрынғы тарихы баяндалған. Ол Қытайдың сол кездегі астанасы Чаң-анда патша сарайында 30 жылдай тұрып, тарих жазумен айналысқан. Сыма Цянь осындағы байырғы қолжазба деректермен және қытай арасына қоныстануға мәжбүр болған ғұндар мен үйсіндердің әдет-ғұрыптарымен, аңыз-әңгімелерімен танысады. Сондай-ақ осы елдерге жорықтар жасаған қытай әскерінің арасында болып, олардың естелігін жинап шынайы тарих жазған. Сыма Цяньның өзі елден естіген Қаңлы елі туралы естелігі қытай жылнамаларындағы басқа деректерге толық сәйкес келеді.

### Тірек сөздер:

- Сыма Цянь
- Тарихи жазбалар
- Жан Чянь

Сыма Цянь өзінің жазбаларында өзі бұрын көрмеген Қаңлы елін Хуанди елі деп атап, былай деп жазады: “Мен құрметті ақсақалдардың Хуанди жайлы айтқан әңгімелерін тыңдадым... Әрине, олардың сенім-ұғымы әртүрлі болғанмен, айтқан әңгімелері көне жазбалардағы деректерден алыс емес және шындыққа жақын.

...Оларда Хуанди және олардың қасындағы бес әміршінің қайырымды істері мен шежіресі жақсы жазылған. Мен оны терең зерттемесем де, онда айтылғандар мен көрсетілгендер құр ойдан шығарылған емес”.

Мұнда Сыма Цянь қаңлының ұлы ханына бағынатын бес елдің әміршілері туралы қытай жылнамаларындағы әңгімені айтып отырғаны байқалып тұр. Ол өзі патша сарайында тұрғанына карамастан, өзінің тарихи жазбаларында үйсіндер, ғұндар және олардың көршілері туралы тек шындықты айтуға тырысқан. Еңбегінде қытайлықтардың осы елдерге басқыншы жорықтарын айыптаған. Батысындағы елдерге жорыққа барып, көп жыл бойы сонда қалған және Қытайда сатқын

### Бұл кім?



Сыма Цянь Шығыстың алғашқы ұлы тарихшысы ретінде белгілі тұлға. Ол шамамен б.з.б. 145 жылы дүниеге келген. Өз жазбаларында ежелгі үйсіндер, қаңлылар және ғұндар мен олардың көршілері туралы құнды деректер жазып қалдырған.

ретінде жазықсыз айыпталған қытайдың белгілі қолбасшысын ақтап алуға ұмтылғаны үшін өзі зынданға тасталады. Бірақ кейінгі патша оны зынданнан шығарып, тарих жазуына мүмкіндік берді.

Сыма Цянь өзінің “Тарихи жазбалар” атты еңбегін 16 жыл бойы жазып, б.з.б. 91 жылы бітірді. Бұл еңбек қытайлықтарды батысындағы елдердің мәдениетімен және салт-дәстүрімен таныстырып қана қоймай, халықтар арасында бейбітшілік орнатуға, тату өмір сүруге шақырды.

Сыма Цяньның Батыс елдері туралы жазуына Қытай елінен батысқа патша тапсырмасымен тұңғыш рет елші болып барған Жан Чяньның саяхат жазбалары негіз болды. *Жан Чяньның* б.з.б. 139 жылы басталған сапарының мақсаты — қытайдың қауіпті жауы саналған ғұндарға қарсы одақтас елдер іздестіру болды. Алайда жолда ғұндардың қолына тұтқын болып түсіп, онда көп жыл тұрады. Кейін Қытайға батыстағы көрші елдер туралы құнды мәліметтермен оралды.

Ғұндарды жеңе алмаған қытай патшасы оны жанына 300 адам қосып көптеген тарту-таралғылармен, Үйсін елімен ғұндарға қарсы күресу туралы келісім жасауға аттандырды. Үйсін күнбіімен байланыс орнатқан ол мұнымен шектелмей, өзінің серіктерін осы маңдағы Қаңлы, Бактрия, Алан тәрізді елдерге де келісімдер жасауға аттандырды. Бірақ оның Қытай еліне одақтас іздестіру әрекеті сәтсіз аяқталды. Араға біраз жылдар салып ол Қытайға екі серігімен қайтып оралды. Оның үйсін, ғұн, қаңлы тәрізді Батыс елдері туралы жолжазбалары мен естеліктері бүгінгі қазақ тарихын зерттеу ісінде аса құнды болып табылады.

### Тапсырма

Ежелгі қытай зерттеушілерінің еңбектеріндегі мәліметтер нақты деп ойлайсың ба? Қандай себептер олардың мәліметтерді бұрмалауына, қате жазуына әкелуі мүмкін деп ойлайсың? Өз ойыңша төрт түрлі себептерін жаз.

### Біліміңді тексер!

Алғашқы қытай тарихшыларының байырғы замандағы елдер туралы жазғандарын оқығанда өткен тарих көз алдымызға келді. Әсіресе біздің өткен тарихымыз туралы Сыма Цяньның жазғандары аса маңызды. Олай болса, осы тарихи тұлға туралы кеңірек ойлан: Сыма Цянь туралы не білесің? Оның еңбегі неліктен құнды? Сыма Цянь өзінің еңбегін қалай жазды? Ол өзінің еңбегінде Батыс елдерін қалай сипаттады?

# ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

## §49. ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

- үйсіндердің қолөнер мәдениетінің өзіндік ерекшелігін білеміз;
- үйсіндер мен қаңлылардың рухани дүниетанымынан хабардар боламыз.

### Үйсіндер мен қаңлылардың тілі мен жазуы.

Үйсін мен Қаңлы және Ғұн мемлекеттері өмір сүрген кезең олар мекендейтін аймақтарға әртүрлі тілдерде сөйлейтін басқа халықтардың қоныс аудару кезеңі болды. Оңтүстіктен ирандықтарға жақын тохар және соғды тілдестер осында ұмтылса, ал ғұндардың шығысынан тұңғыс және манчжур тілдестер батысқа жылжыды. Осыған байланысты кейінгі зерттеушілер шатасып, қаңлылар мен үйсіндердің байырғы дәуірден-ақ түркітілдестер болғанын атап көрсетуден бас тарта бастады. Шын мәнінде, ғұндардың және үйсіндердің батысқа, ал қаңлылардың солтүстік-шығысқа жылжуына байланысты бұл тайпалардың түркіленуі күшейген. Сондықтан олардың арасындағы тілдік ерекшеліктер жойылып, өзара жақындаса түсті. Аталған тайпаларда тіл ғана емес, жазу да қатынас құралы болды.

Үйсіндер мекендейтін аймақтағы Есік өзені маңынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің жанындағы күміс тостағанда жазулар жазылған. Мұнымен қатар кейініректегі Талас өзені бойынан табылған сына жазулар үйсіндер мен олардың көршілерінде жазу мәдениеті дамығанын растайды.

Қытай деректері ежелгі қаңлы жазуларының көлденең жазылғанын, тіптен қаңлыларда өздері жазған кітаптар болғанын да растап отыр.

### Тірек сөздер:

- Қолөнер мәдениеті
- Тіл мен жазу



Үйсіндер дәуіріндегі түйе мүсінді сақина



Үйсіндер дәуіріндегі канатты таутеке бейнеленген қапсырма

### Еске түсір!

Оба дегеніміз не?

**Бұл қызық!**

Үйсіндер мен қаңлылар өздері баққан мал “пелерін” *Шопаната* (қой), *Қамбарата* (жылқы), *Зеңгібаба* (сыыр), *Ойсылқара* (түйе) деп атап, оларды кие тұтты. Өздерінің билеушілері қайтыс болғанда оларға арнап құрбандыққа шалынған жылқыны қоса көмді. Үйсіндер мен қаңлылар жауға шапқанда ата-баба аруағына сиынып, оны ұранға айналдырған. Сондай-ақ магиялық, яғни сиқыршылық негізінде айналадағы заттарға әсер ете білу қасиеттеріне сену де ерекше болды.



Үйсіндер дәуіріндегі алқа

**Үйсіндер мен қаңлылардың діни наным-сенімдері.** Үйсіндердің, оларға көрші қаңлы, алан, ғұн тәрізді халықтардың діни және рухани дүниетанымы олардың мәдени өміріне шешуші ықпал жасады. Үйсіндер мен қаңлыларда дүниетаным табиғатпен тығыз байланысты болған. Олар адам таңғаларлықтай қасиеттері бар (емші әрі сиқыршы, көріпкел, аспаннан жаңбыр жаудыратын, соғыста жеңіске дем беретін әмбебап) бақсыларға сенді. Оттың үстімен жалаңаяқ жүретін, жоқтан бар жасайтын небір кереметтерді көрсететін бақсылар ел билеушілердің де ең жақын адамдарына айналды. Төзімділігі мен кейбір қасиеттері ерекше болып келетін жан-жануарлар да үйсіндер, қаңлылар үшін тәңірінің жердегі пелері болып саналды.

Осыған байланысты оларды арнайы тотем (кпелі белгі) ретінде тану ежелгі көшпелілерде жиі көрініс берді. Мысалы, олар көк бөріні, аққуды, елікті және т.б. жануарларды осындай тотемдерге айналдырды. Үйсіндерде кең тараған жетім, жұртта қалған күнбидің перзентін көк бөрінің емізіп асырағаны туралы аңыз осындай сенімнің көрінісі.

**Ойлан!**

Бүгінгі қазақ халқында *көк бөрі, аққу, елікке* қатысты қандай наным-сенімдер сақталған?

Ежелгі көшпелілер адамды дүниеге әкелетін ананы ерекше құрметтеп, оның тәңірмен байланыстылығына сенді. Осылайша байырғы сақтар заманынан бері қарай әйелдер мен балалардың жебеушісі болып саналатын *Ұмай анаға* табыну кең таралды. Табиғатқа барынша жақын болған үйсіндер мен қаңлылар қара жерді қадір тұтып, анаға теңеп, *Жер-Ана* деп атады. Сонымен бірге айналадағы табиғатқа жан бітіруші және қамқоршы Көк аспанды да Жаратушы тәңірге теңеп, **Көк тәңірі** деп атады. Оған қиналған сәттерінде жалынып-жалбарынумен болды. Көк аспандағы Күнге, Айға және жұлдыздарға табыну да үйсіндердің, ғұндардың және қаңлылардың ортақ сенімі. Олар өздерінің патшаларын тәңірге теңеп *тәңірқұт* немесе Күнге теңеп *күнби* деп атады.

Сақтар мен үйсіндер өздерінің көсемдеріне арнап үлкен топырақ оба үйіп, оны Күн тәрізді дөңгелектеп қоятын. Мұндай жансыз табиғат денесіне спыну ғылымда **фетишизм** деп аталады. Күнге табыну өз кезегінде осы Күннің жердегі бөлшегі саналатын отты қасиет тұтуға алып келді. Оттың керемет күші, жанға жайлы жылуы, жолындағының бәрін жайпап өтер жалыны оған деген құрметті күшейтті. Отты, жаңа туған Айды қастерлейтін, олардан жақсы тілектер тілейтін дәстүр бүгінгі күнге дейін келіп жетті.

Қаңлылар отырықшы әрі көшпелі өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, қаңлылардың діни сенімі де әртүрлі болды. Олардың бір бөлігі отқа, Айға, Күнге табынса, екінші бір бөлігі будда дініне сенген. Тағы бір бөлігі ата-баба аруағына спынған.

### Тапсырма

Үйсіндер заманындағы алтын тәтіде жасалған бейнелерге қарай отырып көркем шығарма жаз.



### Біліміңді тексер!

Барлық көшпелі халықтар тәрізді үйсіндер мен қаңлылардың қолөнер мәдениеті материалдық дамуға ғана емес, рухани өркендеуге де көп ықпал жасады. Археологтер әсіресе үйсіндердің әшекей бұйымдарын көптеп тапты. Осыған байланысты мынадай сауалдарға жауап ізде: Үйсіндердің қолөнер мәдениетінің қандай үлгілерін білесің? Үйсіндер мен қаңлылардың наным-сенімі олардың қолөнеріне қалай әсер етті?

## §50. ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

ежелгі үйсіндерге қатысты археологиялық ескерткіштермен танысамыз;  
ежелгі қаңлылардың материалдық мәдениетін білеміз.

### Тірек сөздер:

- Шығу қаласы
- Отырар-Қаратау мәдениеті

**Үйсіндердің археологиялық ескерткіштері.** Зерттеуші археолог-ғалымдар үйсіндердің б.з.б. III—II ғасырлардан бастап Жетісу аймағына қоныстанғандарын айтады. Оны Іле, Шу және Талас өзендері аймағындағы үйсін обаларына қазба жұмыстарын жүргізу арқылы

анықтап отыр. Бұдан бұрын олардың Қытайдың солтүстік-батысындағы Хыши дәлізі деп аталатын аймағын мекендегені деректерден белгілі. Осы Қытай аймағындағы қазіргі кезде Моңғолкүре, Күнес, Текес деп аталатын аудандарда да қытай археологтері ежелгі үйсін обаларын зерттеген. Көптеген аса құнды деректік заттар тапты. Үйсін обалары өзен бойларында, су ала алмайтын биік жерлерде орналасқан.



Ежелгі үйсіндер заманындағы сырға

### Еске түсір!

Үйсін обалары қандай аймақтарда таралған?

Археологтер үйсіндердің тастан салынған үй-тұрақтарының орындарын тауып, оларға қазба жұмыстарын жүргізді. Байырғы Үйсін астанасы Чигучен (Шығу) қаласының орнынан сарайлар мен көп бөлмелі тұрғын үйлердің орны топырақтан аршылып алынды. Олардан егіншілікке және көшпелі тұрмысқа қажетті

көптеген құрал-сайманы мен түрлі тұрмысқа қажетті бұйым табылды. Олар байырғы үйсіндердің дәстүрлі малшаруашылығымен қатар егіншілікпен, бау-бақша дақылдарын өсірумен де айналысқанын көрсетіп берді. Үйсіндерде зергерлік өнер өте жақсы дамыған. Сондықтан үйсіндер заманына тән өте шебер жасалған алтын бұйымдар табылған.

**Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері.** Үйсіндердің батысындағы оларға туыстас қаңлылар да көптеген археологиялық ескерткіш қалдырған. Қазіргі қазақ жеріндегі Талас және Шу өзендерінен батысқа қарайғы Сыр өзені аймағына дейінгі үлкен кеңістікте Тараз, Түркістан, Отырар, Испиджаб (Сайрам) тәрізді қалалар пайда болған. Оған қаңлылар заманында қалыптасқан қала салу мәдениеті үлкен ықпал жасады. Өйткені кезінде қаңлыларға Ташкент, Үргеніш және Самарқанд тәрізді қалалы аймақтар бағынған және олар арқылы

өтетін Ұлы Жібек жолы қала мәдениетін көрші аймақтарға кеңінен таратқан. Қанлы археологиялық ескерткіштеріне Ташкент және Шардара суқоймасы аймақтарында табылған Қауыншы мәдениеті, Сырдарияның төменгі ағысындағы, Арал бойындағы Жетіасар мәдениеті деген атпен белгілі байырғы мекендері жатады. Сондай-ақ Қаратаудың айналасынан батыстағы Отырар мен Сырдың орта ағысына дейін созылып жатқан *Отырар-Қаратау мәдениеті* деген атпен әйгілі ежелгі қаңлылардың тұрақтары да бар.



Үйсіндер заманында жасалған бұйым

### Ойлан!

Сақтар, үйсіндер өздерінің дара тұлғаларына, көсемдеріне едәуір биік және көлемі үлкен обалар тұрғызған. Сақтар тәрізді үйсіндерде де беделді тұлғаны жерлегенде онымен бірге ыдыс-аяқтарды, қару-жарақтарды, әртүрлі әшекей бұйымдарын және оған арнап құрбандыққа шалынған жылқыларды қоса көму дәстүрлері болған. Осыған қарап сен қандай болжам жасар едің?



Үйсіндер заманында жасалған бұйым

### Тапсырма

Сақ-үйсін обаларының құрылысын суреттеп баянда. Оның қандай материалдардан және қалай жасалғанын болжап айт.



### Біліміңді тексер!

Ғұндар таза көшпелі болғандықтан, олардан қалған археологиялық ескерткіштер аз. Ал енді үйсіндер мен қаңлылардың обалары мен қабірлері едәуір зерттелген. Мына сауалдар осы ескерткіштер туралы тереңірек ойлануға итермелейді: Үйсіндер мен қаңлылардың археологиялық ескерткіштері қандай аймақтарда сақталған? Сақтар мен үйсіндердің археологиялық ескерткіштерінде қандай ұқсастықтар бар? Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері туралы не білесің?

**Бекіту сұрақтары**

1. Ежелгі үйсіндер туралы не білесің?
2. Үйсіндердің шаруашылығы туралы не білесің?
3. Үйсіндердің күшеюіне не себеп болды?
4. Үйсіндер мен ғұндардың қарым-қатынастары неге нашарлады?
5. "Қаңлы" атауы қандай мағынаны білдіреді?
6. Байырғы қаңлылардың шаруашылығы туралы не білесің?
7. Қаңлы мемлекеті қайда орналасты?
8. Қаңлылардың көршілері кімдер болды?
9. Қаңлылардың басқа көшпелі елдерден қандай айырмашылығы болды?
10. Қаңлыларда қалалар мен көшпелі малшаруашылығының қатар дамуын қалай түсіндіресің?
11. Қаңлылар мен ғұндардың қарым-қатынасы қалай қалыптасты?
12. Қаңлы мемлекеті неліктен әлсіреді?
13. Үйсіндердің қолөнер мәдениетінің қандай үлгілерін білесің?
14. Үйсіндер мен қаңлылардың археологиялық ескерткіштері қандай аймақтарда сақталған?
15. Сақтар мен үйсіндердің археологиялық ескерткіштерінде қандай ұқсастықтар бар?
16. Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері туралы не білесің?





**V**

**ҒҰНДАР**



# ҒҰҢ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ БІРІГУІ

## §51. ҒҰҢДАР КІМДЕР ЕДІ?

### Бүгінгі сабақта:

Ғұндар туралы және олардың көрші Қытаймен қарым-қатынастары туралы нақты деректерден хабардар боламыз;

Түмен тәңірқұт туралы оқып білеміз.

### Тірек сөздер:

- Ғұндар
- Мөде
- Ұлы Қытай қорғаны

### Ғұндар кімдер еді?

Ғұндар — алғашқыда Орталық Азия аймағын мекендеп, кейіннен батысқа жылжып, Еуропа аймағына кеңінен танылған түркі тілдес көшпелі халық. Ғұндар көшпелі халық болғандықтан, Орта Азияда өмір сүрген уақытына қатысты материалдық мәдениетін көрсететін ескерткіштер өте аз. Ал ғұндардың Еуропадағы кезеңіне қатысты бұйымдары олардың мәдениетінен ақпарат береді.

Ғұндарды әр халық *сюнну*, *хунну*, *гун* деп әртүрлі атады. Оңтүстіктегі олардың ең жақын көршісі болған қытайлар оларды *гулар* немесе *хулар* дейтін. Ғұндарды құраған тайпалар б.з.б. IV—III ғасырларда бір орталыққа біріге бастады. Ғұн билеушісін тәңірқұт деп атаған. Тәңірқұтты *шаньюй* деп те айтады.

Ғұндар мен Қытайдың қарым-қатынастарының шиеленісуі. Ғұндар мен қытайлар әрқашан қақтығыста өмір сүрген. Екіншілікке жана



Ғұн жауынгері. Суретті салған Қ.Ахметжанов

жер ер іздестірген отырықшы қытайлықтар ғұндарды Сарыөзеннің оңтүстігінен ығыстырып шығарады. Олар солтүстік ғұндары аталды. Ғұн тайпаларының қытайлар өздеріне қаратқан бөлігі оңтүстік ғұндар аталды. Қытайлықтар енді осында отырықшы елді мекендер мен солтүстік ғұндарының шабуылынан қорғанатын камал-қалалар сала бастады. Мұндайда қытайлықтар шегаралық аймақтағы ғұндарға қарсы жорықты да тоқтата қойған жоқ. Бауырлары қытайлықтардың қол астында қалып, Сарыөзен маңындағы шұрайлы жайылымдарынан айырылған ғұндар ортақ жауға қарсы күресу үшін Түмен атты тәңірқұттың тәңірегіне бірігеді. Түмен тәңірқұттың тұсында қытай патшаларымен ғұндардың қарым-қатынастары шиеленісе түсті. Б.з.б. 215 жылы қытайдың Чин патшалығының әскері ғұндар мекеніне баса-көктеп кірді. Қысымға шыдай алмаған Түмен тәңірқұт Сарыөзеннің оңтүстігіндегі атамекенді тастап, солтүстікке көшті. Алайда Түмен тәңірқұт шегаралық аймақта қорғаныс әлсіреген тұста Сарыөзеннің оңтүстігіне оқтын-оқтын жорықтар жасаумен болды.

Ғұндардың бір бөлігі Қытайдың қысымына шыдамай батысқа — Ұлы Дала аумағына қоныс аударған соң, олар үлкен аумақты жайлағандықтан Батыс және Шығыс ғұндары деп те аталды. Батыс ғұндарына батысқа жылжыған ғұндар жатса, ал шығыс ғұндарына Орталық Азия өңірінде қалып қойған көшпелі тайпалар жатты. Жалпы бір ескеретін нәрсе, Қытай билеушілері Орталық Азиядағы барлық көшпелі халықтарды ұнатпай, “жабайылар” немесе “ғулар” деп атағаны белгілі. Әдетте, түркі тілдес ғұндардан шығыста орналасқан манчжур және тұңғыс тілдес көшпелі халықтар Шығыс ғулары деп аталса, ал ғұндардың өздері Батыс ғулары деп те аталды.

### Тапсырма

Көне қытай суретіндегі ғұн жауынгерінің бейнесіне қарап, ғұндардың өнері, қару-жарағы, киімі, ер-тұрманы жөнінде әңгіме құрастыр.



### Біліміңді тексер!

Ғұн тайпалары туралы не білесің?

## §52. МӨДЕ ТӘНІРҚҰТТЫҢ ЕЛ БАСҚАРУ СЯСАТЫ

### Бүгінгі сабақта:

Мөде тәңірқұт басқарған тұста күшейген Ғұн мемлекеті тарихынан хабардар боламыз.

#### Тірек сөздер:

- Мөде
- Әскери реформа

Мөде (тағы бір есімі — Бактұғ) тәңірқұт — Ғұн мемлекетінің көсемі. Түмен тәңірқұттың Мөде деген мұрагер ұлы болды. Кейініректе оның тағы бір ұлы өмірге келді. Түмен тәңірқұт енді үлкен ұлын емес, кіші ұлын өзінің тақ мұрагері жасағысы келді. Сондықтан да ол Мөдені октын-октын жауласып отыратын көрші Юечжи еліне аманат ретінде тапсырды. Мөде барғаннан кейін Түмен тәңірқұт юечжилерге шабуыл жасайды. Оның бейбіт келісімді бұзғанына ашуланған юечжиліктер аманат болып келген Мөдені жазаламақ болды. Алайда Мөде ебін тауып өз еліне қашып келеді. Мөденің батырлығын бағалаған әкесі оның қарауына он мың әскер беріп, қолбасшы етіп тағайындады. Інісінің тәңірқұт тағына мұрагер болуы Мөденің ренішін туғызады. Таққа отыру, яғни билікке қол жеткізу ол заманда тәңірқұт тұқымы үшін ең басты мәселе еді. Мөде б.з.б. 209 жылы жеңіске жетіп, ғұндарға тәңірқұт болды.

Алайда Мөденің бұл әрекетін мойындағысы келмеген шығыс ғұндарының көсемі онымен жанжалдасуға сылтау іздеп, Мөденің жақсы көретін тұлпарын өзіне беруді талап етті. Уәзірлерінің қарсылығына қарамастан Мөде бұл талапты орындады. Енді шығыс ғұндарының



“Мөде қаған”. Суретші А.Дүзелханов

көсем і Мөденің әйелін өзіне беруін сұрады. Мөде шығыс ғұндарының ханына өзінің әйелін беріп жіберді. Сұрағанының бәрі орындалған шығыс ғұндарының ханы Мөдені мүлде басынды. Енді ол батысқа қарай елдің шегарасын кеңейтуді көздеп, екі елдің арасында бос жатқан көлемді жерді өздерінің алатындарын мәлімдеді. Осы мәселені өзінің уәзірлерінің кеңесінде талқылағанда Мөденің кейбір уәзірлері сұрағандарға жерді беруді жақтады. Бұған қатты ашуланған Мөде: “Жер — елдіктің негізі. Оны қалайша береміз?!” — деп, “жерді берейік” дегендерді қатаң жазалайды. Осыдан соң ол шығыс ғұндарына қарсы жорыққа аттануға жарлық шығарды. Бұйрыққа бағынбай, жорықтан бас тартқандар да жазаланатын болды. Осылайша қалың қол жинаған ол шығыс ғұндарына күтпеген жерден басып кірді. Алаңсыз жатқан олардың ханы қапы қалды. Жауларын жеңген Мөде енді батысқа бағыт ұстап, ондағы көршілері — нүкістерді атамекендерінен қуды. Әбден күшейіп алған ол енді Сарыөзеннің оңтүстігіндегі қытайлықтарға бағынышты аймақтарға басып кірді. Бұл аймақ ғұндардың бұрынғы атамекендері еді. Осындағы көптеген қамалдарды басып алған Мөденің қолы 300 мыңнан асатын садақ тартушы әскери қолға жетті. Мөденің күш-қуатының артқаны сондай, ол б.з.б. 200 жылы Бакден тауында қытайлықтардың 320 мың адамдық қалың әскерін өзінің 400 мың сарбаздарымен қыспаққа алып, жеті тәулік бойы қоршауда ұстады. Әбден ашыққан қытайлықтар жасырын түрде Мөденің әйелімен байланысып, мол тарту берді. Ол Мөде тәніркұтты: “Екі әмірші бірін-бірі қыспаққа алмас болар. Бүгін Хань әулетінің жерін алғаныңызбен, оны бәрібір мекен тұтып тұра алмайсыз. Оны былай қойғанда, Хань билеушісінің жебеуші қнесі бар”, — деп үгіттеді. Қытайлықтарға көмек келуі мүмкін екендігін ескерген Мөде тәніркұт ханымның тілін алып, қоршаудың бір шетін ашты. Осылайша қытай әскерлері қоршаудан босатылады. Осы оқиға Қытай патшасын ғұндарды сыйлауға мәжбүрлеп, олармен тең жағдайда бейбіт келіс-сөздер жүргізуге ұмтылдырды. Осылайша Мөденің басшылығымен әбден күшейіп алған ғұндар енді Қытай тәрізді қуатты империямен тізе қағыстырып қатар тұра алатын қуатты елге айналды.

**Мөденің әскери реформасы.** Ғұндарды күшейткен Мөденің әскери реформасы еді.



Ғұн жауынгері бейнеленген қыш тақта



Ғұн жауынгері. Қытай суреті



Ғұндардың мекендеген және өздеріне бағындырған аймақтары

Мөде өзіне ысқырып ұшатын сарнама садақ жібесін жасатқызды. Қалың әскер тәңірқұттың сарнама жібесі қалай қарай ұшса, солай қарай жібелерін жіберетін болып әбден машықтанды.

#### Бұл маңызды!

Мемлекеттің негізгі әскери қолы түмендерден құралды. Әр түменде 10 000 әскер болды. Ғұн мемлекетін құраған 24 ру осынша түмен жасақтады. Түменбасылар тәңірқұттың мемлекетті басқарудағы негізгі тірегі болды. Түмен өз кезегінде мыңдықтарға, олар жүздіктерге, ал олар ондықтарға бөлінді. Әскери істен жалтарғандарды және тәртіп бұзғандарды ауыр жаза күтіп тұрды.

Тәртіп пен жагтығулар ғұн әскерін жеңілмейтін әскери жасаққа айналдырды. Осының арқасында ғұндар қытайлықтарды салық төлеуге мәжбүрледі. Үйсіндерді жеңіп, солтүстіктегі орман тайпаларын бағындырады. Осылайша Байкал көлінен оңтүстіктегі Тибетке, батыста Шығыс Түркістан аймағынан шығыстағы Сарыөзеннің (Хуанхэнің) орта ағысына дейінгі жерлерге иелік етті.

#### Тапсырма

Мөденің тұлпарын, әйелін және жерін иемденуді көздеген Шығыс ғұн көсемінің саясатын түсіндіріп бер.

#### Біліміңді тексер!

Ғұндар билеушілері туралы айтылғанда, ең алдымен, әңгіме болатыны — Мөде. Оған тарих неге ерекше көңіл бөледі деп ойлайсың?

## ҒҰНДАРДЫҢ КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

### §53. ҒҰНДАР ЖӘНЕ ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ

#### Бүгінгі сабақта:

Ұлы Қытай қорғанымен танысамыз;

Қытайдың ғұндармен қарым-қатынасын оқып білеміз.

Ғұндар Қытай аймағына үздіксіз шабуылдар жасап, оқтын-оқтын Сарыөзеннің оңтүстігіндегі аймақтарды тонап отырды. Бұл Қытай патшаларын көшпелілермен арадағы шегараны нақтылайтын және атты ғұндардың өтулеріне кедергі жасайтын қорған жасауға мәжбүрледі.

Б.з.б. III ғасырда жанталасқан Қытай императорлары ұзындығы 5 000 шақырымға жететін Ұлы Қытай қорғанын тұрғызды. Бұл қорғандар тастан қаланып, кейбір жерлерде 10 м биіктікке дейін жетті. Оның ені қос салт атты еркін жүре алатындай 5-6 м кеңдікте болды.

Қорған тізбектері таулы, биік қыратты жерлерді де қамтып, онсыз да атты әскердің өтуіне қиын аймақтарды алынбас камалға айналдырды. Қорған үстінде әскер жасақтары тынығатын және ұрысқа дайындалатын карауыл бекеттері болды. Қорғанда төмендегі жау әскерін жоғарыдан садақпен атуға оңтайлы орындар жасалды.

Алайда бұл қорған қалың салт аттының бірден лап қойып шабуылдауына кедергі жасағанмен, оларды біржолата тоқтата алмады. Ғұндар қорған қақпаларын басып алу арқылы жиі-жиі ішке еніп кететін еді. Алайда тастан салынған берік камалдың өзін ешкім қирата алмады. Күні бүгінге дейін сақталып қалған осы Ұлы Қытай қорғаны адамзаттың құрылыс өнерінің кереметі және ескі тарихтың куәсі ретінде адамдарды таңдандыруда.

Қытайдың ғұндармен құдандалы қарым-қатынастары. Қытайлықтар Ұлы Қытай қорғанын тек қорғаныс бекінісі ретінде ғана бағаламай, көшпелі Ғұн мемлекетімен арадағы мемлекеттік шегараға айналдыруға тырысты.

#### Тірек сөздер:

- Ұлы Қытай қорғаны
- Хань әулеті

#### Бұл қызық!

Ұлы Қытай қорғанының ішкі, кейде сыртқы жағынан дабыл мұнаралары салынған. Ол мұнараларда күндіз түтін түтетіп, түнде алау жағу арқылы бір-біріне сақшылар белгі беріп отыратын болған. Осы тәсілмен бір сағаттың ішінде 500 шақырым алыс жерге әскери дабыл беріп, қауіп-қатерді хабарлай алған.



Ғұндардан қорғану үшін салынған  
Ұлы Қытай қорғаны

Осы жолда олар әртүрлі айла-амалға барып, тіптен ғұндармен туыстық-жегжаттық қатынастарды да орнықтырмақ болды. Мысалы, б.з.б. 198 жылы қытайдың Хань әулетінің патшасы Мөдеге өзінің елшісін жіберіп, онымен құдандалы қатынастар орнатқысы келетінін мәлімдеді. Бұл шарт бойынша Қытай билеушісі жыл сайын өзінің бойжеткен ханшаларын ғұн тәніркүтына беретінін және мол тарту-таралғы жасайтынын айтып сендірді. Қытайлықтар мұның өзі екі елді жақындастырып, тату және бейбіт өмірді орнықтырады деп ойлады. Қытай билеушілері ғұн көсеміне Ұлы Қытай қорғанынан солтүстіктегі халықтар ғұндардың

қол астында болсын. Ал осы қорғаннан оңтүстіктегі халықтарға Хань патшасы пелік етсін деген ұсыныс жасады. Ғұндар әдеттегідей бұл талапты қабыл алды. Алайда олардың қытай жеріне жорықтары бәрібір тоқтамады. Сонымен бірге көшпелілермен сауда-саттық байланыстар орнатуға мүдделі қытайлықтар шегара аймақтарында базарлар ашуды да ұсынды. Ғұндар бұл ұсынысты да қабылдады. Бірақ сауда қатынастарын жандандыру да ғұндар тарапынан болып тұратын жорықтарға кедергі бола қойған жоқ. Соғыс бәрібір тоқтамады.

### Тапсырма

Суретте бейнеленген Ұлы Қытай қорғанын сипаттап айтып бер.

### Біліміңді тексер!

Ұлы Қытай қорғаны — адамзатты ғасырлар бойы таңдандырып келе жатқан кереметтердің бірі. Сондықтан да мынадай сауалға жауап ізде: Ұлы Қытай қорғанының тұрғызылуына не себеп болды? Ұлы Қытай қорғаны неліктен адамзат құрылыс өнерінің ұлы ғажайып туындысы ретінде бағаланады?



## §54. ҒҰН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН МӘДЕНІЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

- ғұндардағы саяси билік дәстүрлерін айқындаймыз;
- ғұндардың тұрмыс-салтын, шаруашылығын оқып білеміз.

Мөдеге дейін тәңірқұтты әр тайпадан жиналған ақсақалдар кеңесі сайлады. Мөде билікті күшпен басып алған соң, бұл тәртіпті өзгертіп, тәңірқұтқа *мұрагер* бекітуді енгізді. Яғни, тәңірқұт елді өмірінің соңына дейін басқарды. Ал одан кейін оның орнына баласы отырды. Егер ол жас болған жағдайда, есейгенше інісі таққа отыратын болды. Мемлекет орта, сол және оң қанаттарға бөлінді. Орталықта тәңірқұттың өзі билік жасаса, сол және оң қанатта тәңірқұттан кейінгі билік иесі — Білге хандар отырды. Білге хан лауазымына тәңірқұттың жақын бауырлары немесе балалары тағайындалды. Ғұндар өз билеушілерін ерекше құрметтеді.

### Тірек сөздер:

- Білге хан
- Күн
- Тәңірқұт

### Есте сақта!

Ғұндардың ең жоғарғы билеушісі жоғарыдағы тәңірдің жердегі өкілі болып есептелетін тәңірқұт болды.

**Ғұндардың шаруашылығы.** Ғұндар мекендеген аймақ егіншілікке қолайсыз өңір еді. Сондықтан да олар ежелден-ақ малшаруашылығын атакәсіп етті. Малға қажетті шөбі шүйгін жайылымдарға көшіп-қонып жүрді. Олар жылқы, сиыр және қой ұстады. Сонымен бірге оларда



“Ғұндар”. Суретші А.Дүзелханов



Ғұн киімі мен қару-жарағының жаңғыртпасы

жылына бір рет, мамыр айында Ұлубалық деген жерде бас қосқан. Онда ата-бабалар аруағына сиынып, жер-көкке табынып, *тасаттық* беретін. Тасаттық бергенде ғұндар орман, ағаш киесіне табынып, оны үш қайтара атпен айнала шабатын. Егер ағаш жоқ болса, қара жерге бұта қадап, соны айналатын болған.



Ағаш бұйым.  
II Пазырық қорғаны

есек, қашыр да кездесетін. Олардың екінші кәсібі аң аулау еді. Балалар кішкене кезінен бастап мал бағуды және садақ тартып, аң аулауды үйренді. Алғаш садақпен құс атуға машыктанатын олар біртіндеп есейе келе қоян, түлкі тәрізді аңдарды аулауды кәсіп қылды. Осылайша ғұндар аң аулау арқылы әскери жаттығулардан өтіп, даланың бесаспап жауынгеріне айналды. Мал және аң етімен қоректенген ғұндар тері мен жүннен киім тігіп, әртүрлі құрал-жабдықтар, тұрмысқа қажет бұйымдар жасады. Олардың баспанасы да, негізінен, осы материалдардан өңделіп жасалатын. Осылайша табиғат аясында өсіп-өнген ғұндар төзімді және аса епті де икемді болған.

**Ғұндардың мәдениеті.** Ғұндар Көктегі тәңірге және ата-баба аруақтарына табынды. Олар о дүниеде өмір сүреді деп санаған. Күннің, Айдың күдіретіне қатты сенді. Кейбір зерттеушілер сондықтан да “ғұн” деген атаудың өзі “Күн” деген мағынаны аңғартады деген пікірде. Оларда тәңірқұттың өзі бастап таңертең Күнді қарсы алып, оған сиынып, жаңа күннен жақсылық тілеген.

Ғұндар аспандағы Айдың да киесіне сенетін. Олар, әдетте, тек ай толғанда ғана ұрысқа аттанып, ал Ай қораланғанда кейін шегініп кететін. Ғұндардың ақсақалдары, рубасылары

Ғұндар *тәңірқұтты* тәңірдің жердегі өкілі ретінде таныған. Жиынға жиналғанда беделді кісілер оның кастерлі болып есептелетін сол жағына отырды. Олар міндетті түрде өздері қасиетті деп санайтын солтүстікке жүздерін қаратып орналасатын. Әр айдың 5-6 күндері қайырлы күн болып есептелгендіктен, маңызды шаруалар осы күндері қолға алынатын болған.

**Ғұндардың зергерлік өнері.** Көшпелі ғұндардың археологиялық ескерткіштері аз болғанмен, олардың мәдениетін білдіретін өнер туындылары кездеседі. Зергерлер өз бұйымдарын алтыннан



Ғұндар заманындағы  
қола білезік



Ғұндар заманындағы  
құрама белдік  
капсырмасы



Ғұндар заманындағы  
әшекей. Ақтасты обасы,  
Жетісу. III—IV ғғ.

жасады. Олардың өнер туындылары бүгінгі күнгі шеберлерді де таңғалдырады. Аса қарапайым құралдардың көмегімен ғұн зергерлері өз өнерін ең жоғарғы техникалық деңгейге дейін дамытты. Б.з.д. V—III ғасырларда Ұлы Даланың көшпелі тайпаларының зергерлік өнерінде өзінің техникалық ерекшеліктері бар *полихромды әдіс* қалыптасты. Полихромды әдіс негізінде бұйымдарды безендіру мен жиектеп көмкеру жатты. Неғұрлым жиі пайдаланылған тәсілдер *домалақ алтын шарларды бұйымға бекіту, әшекейлеу, көмкеру, өру әдісі, змальды құю* және басқалар еді.

Полихромды әдіс скифтер мен сактарда кездесетін аң стилін ығыстырып шығарды. Ғұндар халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезінде өздеріне көптеген тайпаны бағындырып, олардан осы әдістерді алды.

Күрделі және нәзік өнердің бұл түрі көптеген жылдар бойы жетілдірілді және б.з.д. V—IV ғасырларда өзінің ең жоғары гүлдену шегіне жетті. Қазақтардың өз ата-бабаларынан мұраға алған зергерлік өнер стилі ретінде ол бүгінгі күндері де өз жалғасын табуда. Ғұн қоныстарынан табылған алқалар мен сақиналар жоғары өнер туындылары болып табылады. Әшекей заттарды жасауда алтын мен күміс пайдаланылды. Тастардың түсі көбінесе қызыл, бірақ олардың пішіні әртүрлі болды. Тастарды алтынмен бекітіп, оларды айналдыра әшекейледі. Алқалардың шеттерін алтын жіптермен әдіптейді.

#### Тапсырма

Ғұндардың зергерлік өнері туралы шығарма жаз.

#### Біліміңді тексер!

Әрқашан табиғи ортаға тәуелді болғандықтан, ғұндар өздерінің күнкөріс әрекеттерін, шаруашылықтарын да табиғи ортаға бейімдеп өркендетті. Осыған байланысты мынаны айқында: ғұндар шаруашылығына табиғи орта қалай әсер етті?

## ҒҰНДАРДЫҢ БАТЫСҚА ҚОНЫС АУДАРУЫ

### §55. ҒҰНДАР ЖӘНЕ “ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ КӨШІ”

#### Бүгінгі сабақта:

Ғұн мемлекетінің әлсіреу себептерін айқындаймыз;

Ғұндардың батысқа ығысуының басқа халықтарға ықпалын білеміз.

#### Тірек сөздер:

- Дешті құм
- Талас
- Дунай

Мөде тәңірқұттың б.з.б. 174 жылы қайтыс болуы Ғұн мемлекетінің әлсірей бастауына әкелді. Оның орнына таққа отырған ұлы Лаушаң әке жолын жалғастырса да, ішкі-сыртқы жаулар оған қарсы әрекеттерін күшейтті. Әсіресе солтүстік пен шығыстағы

күшпен бағындырған тайпалар көтеріліс жасап, ғұндарға бағынудан бас тартты. Ол бұл көтерілістерді басып-жаныштаса да, ғұн қоғамы біртіндеп ыдырай бастады. Осыны байқаған қытайдың Хань әулеті оңтүстік ғұндарын өздеріне қаратудың жолдарын іздестіре бастады. Олар б.з.б. 72 жылы үйсіндермен бірігіп ғұндарға ауыр соққы берді. Мұнан соң да қытай әскерлері Дешті құмының (Гоби шөлінің) солтүстігіндегі ғұндарға оқтын-оқтын жорықтар жасап, олардың мазасын алды. Бұған шыдамаған оңтүстік ғұндарды құрайтын тайпалар біртіндеп қытай билігін мойындайтындарын мәлімдей бастады. Нәтижесінде б.з. 48 жылы ғұндар Солтүстік және Оңтүстік ғұндар болып екіге бөлініп кетті. Оңтүстіктегілер Қытайға бағынса, солтүстіктегілер жан-жақтан қаумалаған жаулардың қысымына төтеп бере алмай, батысқа қарай ығысты.

Шөже тәңірқұт (ол Тезек деп те аталады) басқарған олар қандылармен келіссөз жүргізіп, Талас өзенінің шығыс жағында көшіп-қонып жүруге мүмкіндік алды. Алайда қытайлықтар ғұндарға мұнда да тыныштық бере қоймады. Осында астана орнатпақ болған олардың әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Солтүстік ғұндарының Қытаймен текетіресі және төңірегіндегі басқа көрші тайпалармен жауласуы олардың батысқа бағытталған екінші үлкен көшіне негіз болды.

Мұндай жағдай жергілікті тайпалардың келбетінің өзгерістерге ұшырауына да ықпалын тигізді. Енді Қазақстан аймағы түркі тілдес тайпалардың басын қосқан, көшпелілер мен отырықшылардың жақындаса түсуіне жол ашылған аймаққа айнала бастады.



Ғұндардың ықпалымен болған “Халықтардың ұлы көші”

Батысқа қоныс аударған ғұндар Алтай тауы мен Іле өзені алқабына, Жетісу өңірі мен Сырдария өзені бойына келіп, Ұлы Дала аймағына қоныстанып, жергілікті тайпалармен араласты. Осы ғұндардың бір бөлігі ежелгі қазақ тайпаларының бабаларымен бірігіп, оларға сіңіп кетті. Батысқа көшу барысында ғұндардың бір бөлігі жеткен жерінде қалып отырды. Осылайша батысқа қарай босқан ғұндар алдымен үйсін жеріне келіп, сонан соң Қанлы елінің аймағына ауды.

### Есте сақта!

Б.з. I ғасырында басталған ғұндардың қоныс аударуы Арал, Каспий теңіздері аймақтарындағы тайпаларды қозғалысқа келтіріп, олардың да батысқа ығысуын туғызды. Батысқа бағытталған ғұндардың осы қоныс аудару қарқыны Шығыс Еуропа жерлерін көктеп өтіп, Дунай өзені арқылы Испанияға дейін жетті. Ғұндардың батысқа көші Қазақстан аумағындағы қаңлы, үйсін, сақ және т.б. түркі тілдес тайпаларды қозғалысқа келтірді.

Орталық Азия аумағында батысқа көшпей қалған ғұндар кейіннен тәуелсіздігін қалпына келтіргенмен, олардың ыдырау үдерісі одан әрі жалғаса берді. Б.з. 93 жылы ғұндар екінші рет Батыс және Шығыс ғұндарына бөлініп, олардың тағы бір үлкен бөлігі батысқа қоныс аудару бастады.

Мұның өзі Ұлы Дала аумағындағы түркітілдестердің осында шоғырлана түсуін туғызды. Осылайша бірнеше ғасыр бойы Қытай мемлекетін үнемі алаңдатып ұстаған ғұндардың дәуірі аяқталды. Ғұндар шығыстан үміт үзіп, батысқа басты. Сондықтан да Қазақстан тарихында

II–V ғасырлар “Халықтардың ұлы көші” орын алған кезең деп айтылады. Бұрын шығыста хун немесе хунну аталған ғұн тайпалары жолында кездескен бір тайпаларды ығыстыру, екіншісін өздеріне қосып алу арқылы жалпылама “ғұн” атауымен Шығыс Еуропаға дейін халықтарды қозғалысқа келтірді.

Енді ғұндардың жорықтары Еуропа елдерін шошындырды. V ғасырда Еділ (Аттила) патша басқарған Ғұн мемлекеті Батыс және Шығыс Рим империяларын өздеріне салық төлеуге мәжбүрледі.

### **“Халықтардың ұлы көші” дегеніміз не?**

“Халықтардың ұлы көші” ұғымын Еуропаның тарихшылары өздерінің ғылыми зерттеулерінде қолданды. IV—VII ғасырларда германдықтар, славяндар, сарматтар және т.б. тайпалар Шығыс Еуропадан батысқа жылжып, Рим империясының аймағына қоныстанған. Мұндай Еуропа халықтарының батысқа жылжуына шығыстағы Ғұн мемлекетінің ыдырап, олардың Ұлы Дала арқылы батысқа қоныс аударулары ықпал жасаған болатын. Еуропа халықтарының батысқа жылжуы, яғни “Халықтардың ұлы көші” деп аталатын бұл қозғалыс акырында Рим империясының күйреуіне алып келді.

“Халықтардың ұлы көші” деген қозғалыс Ұлы Дала аймағындағы түркі халықтарының тағдырына кері әсер ете қойған жоқ. Сондықтан Ұлы Даладағы түркі тілдес халықтардың тарихын әңгімелегенде “Халықтардың ұлы көші” деген ұғым оларға қолданылмайды.

### **Ойлан!**

Көшпелілердің бір орталыққа бағынған мықты мемлекетін құру тәжірибесін Мәде тәңірқұт тұсында жинақтаған ғұндар әлсіремеуі керек еді. Олай болса, Мәде тәңірқұттың кезінде тығыз топтасқан ғұн қоғамы одан кейін неліктен ыдырай бастады?

### **Біліміңді тексер!**

Ғұндардың батысқа жылжуы Еуразия кеңістігіндегі басқа халықтардың қозғалуына түрткі болды дегенге қалай қарайсың? “Халықтардың ұлы көші” деген ұғым Орталық Азияның барлық халқын батысқа көшірді деп ойлауға негіз бола ала ма? Ғұндардың батысқа жылжуы басқа тайпаларға қалай ықпал етті?

## АТТИЛА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚ ЖОРЫҚТАРЫ

### §56. АТТИЛА (ЕДІЛ) ЖӘНЕ ОНЫҢ БАТЫСҚА ЖОРЫҚТАРЫ

**Бүгінгі сабақта:**

Атилланың ғұндарға қалай көсем болғанын білеміз;

Атилла бастаған ғұндардың Еуропадағы жаулау жорығымен танысамыз.

**Атилла** — ғұндар көсемі. Орталық Азиядан батысқа жылжыған ғұндар 377 жылы ол кезде Паннония деп аталған қазіргі Венгрия аймағын басып алды. Олар алғашқы кездері біршама тыныш болған. Ал билікке Атилла келген соң оқтын-оқтын Рим империясының аймақтарына жорық жасай бастады.

**Атилланың Еуропаға жорықтары.** Ғұндардың жолына еуропалық елдер тосқауыл қоя алмады. Атилла шығыста Солтүстік Кавказдан бастап, батыста Рейн өзеніне дейін, солтүстікте дат аралдарынан оңтүстіктегі Дунай өзенінің оңтүстік жағалауларына дейінгі аймақтарды басып алды. 447 жылы ғұндар Византия империясының астанасы Константинопольге келіп жетті. Император қаланы сақтап қалу үшін Атиллаға сый-сияпат көрсетіп, көп салық төлеп аман қалды. Жеңілуді білмейтін ғұн қолбасшысынан қатты үрейленген римдік христиандар оны “Тәңірдің қамшысы” деп атады. 451 жылы Атилла өзінің басты жауы деп есептеген готтарды бағындырамын деп Рейн арқылы Оңтүстік Галлия жеріне келді. Готтар Рим империясынан көмек сұрайды. Римнің қалың әскерін Аэций деген дарынды қолбасшы басқарған еді. Атилла қарсыласымен соғысу үшін Каталаун жазығын таңдады.

Соғыста екі жақ та аянып қалған жоқ. Шайқаста готтардың королі Теодорих қайтыс болды. Екі қанаттан қатты соққы алған

#### Тірек сөздер:

- Атилла
- Венгрия
- Рим

#### Бұл кім?



Атилла (Еділ) — батысқа жылжыған ғұндардың ұлы қолбасшысы және билеушісі. Ол шамамен 400 жылдары Қара теңіздің солтүстігіндегі ғұн тайпаларының бірінде дүниеге келді. Ол 434—453 жылдары Батыс ғұндары қағының көсемі болды. Атилла туа біткен дарынды қолбасшы әрі көріпкелдік қасиеті бар тұлға болған.



Аттила бедерленген монета

Аттила әскері де шегінді. Оларға әскерінің жартысынан айырылған римдіктер келесі күні қайта шабуыл жасауға бата алмады. Алайда бұл жауынгерлік рухы түспеген ғұндар үшін жеңіліс емес еді. Өйткені келесі жылы олар қайтадан қалың қолмен Апеннин жеріне басып кірді. Ғұндар енді бұрын соғыс болған аймақтарға аяқ басуды жөн көрмей, жаңа жерлерді басып алуға ұмтылған еді. 452 жылы көктемде Аттила Милан аймағына дейінгі жерлерді басып алып, өзінің Римге баратынын мәлімдеді. Мұны естіп үрейленген император III Валентиниан бассауғалап қаладан қашып

кетті. Қаланы сақтап қалуды Рим епископы Ұлы I Леон қолға алды. Ол Римнің делегациясын бастап барып ғұндар көсемімен кездеседі. I Леон оны Римге шабуыл жасаудан бас тартуға үгіттеді. Сол үшін сый-сияпат көрсетіп, салықтар төлеп, ақсүйектердің қыздарының бірін Аттилаға тұрмысқа береді. Аттила мен I Леонның кездесуі Ватикандағы Рафаэл фрескасында (1514 ж.) бейнеленген.

Осыдан соң Аттила Шығыс Рим империясының жерін жаулауды көзdedі. Алайда осы жорыққа дайындық барысында ол кенеттен қайтыс болды. Аттила ұлы Эллахты өзіне мұрагер етіп белгілеген. Алайда Аттиладай ерен тұлғаны ешкім ауыстыра алмады. Сондықтан



Аттила мен I Леонның кездесуі.  
Ватикандағы Рафаэл фрескасында (1514 ж.)





Аттила бастаған ғұндардың жорықтары

да Аттиладан соң оның империясы ыдырай бастады. Олар осында VIII ғасырдың соңына дейін өмір сүрген Уархун (Арғын) деген қағанат құрды. Бұл мемлекет кейіннен Хунгария (Венгрия) деген атауға ие болды.

Аттила адамзат тарихындағы ең ұлы қолбасшылардың бірі болды. Оны әлем тарихшылары “Этцель”, “Этли”, “Аттылы”, “Атыра”, “Атыл” деген сияқты түрліше есімдермен атайды. Көбінесе тарихта оның “Аттила” деген есімі қолданылғанмен, қазақ зерттеушілері Еділ деп те атайды. Оның бұл есімі Еділ өзенінің атауымен байланыстырылады.

Аттиланың еуропалық елдер арасында даңқты болғандығы соншалықты, оның атындағы ескерткіш бұйымдар ғасырлар бойы жасалып отырған және түрлі аңыздар шығарылған. Ұлы қолбасшының құрметіне 2009 жылы Қазақстан Ұлттық Банкі де “Аттила” атындағы монета шығарды. Аттиланың өмірі мен істері жөнінде жазылған туындылар көптеген елдерде жарық көрген.

#### Тапсырма

Аттиланың Еуропадағы жорықтары туралы шығарма жаз.

#### Біліміңді тексер!

Еуропаны жаулаған ғұндар туралы әңгіме болғанда алдымен еске түсетіні — олардың көсемі Аттиланың есімі. Олай болса, мынадай сауалдарға жауап іздеген жөн: Аттила туралы не білесің? Римдіктер неге Аттиланы “Тәңірдің қамшысы” деп атады?

## Бекіту сұрақтары

1. Ғұн тайпалары туралы не білесің?
2. Ғұндар мен қытайлықтардың қарым-қатынасы неге шиеленісті?
3. Түмен тәңірқұт туралы не білесің?
4. Мөде туралы қандай деректерді білесің?
5. Ұлы Қытай қорғанының тұрғызылуына не себеп болды?
6. Екі халықтың арасындағы соғыс неге тоқтамады?
7. Мөденің жерге байланысты ұстанымын қалай түсіндіресің?
8. Ғұндар билеушілері неліктен тәңірқұт деп аталды?
9. Ғұндар ата-баба рухына қалай сиынды?
10. Ғұндар шаруашылығына табиғи орта қалай әсер етті?
11. Ғұндардың әлсіреуіне Қытайдың ықпалы қандай болды?
12. Ғұндардың батысқа жылжуы басқа тайпаларға қалай ықпал етті?
13. Аттила туралы не білесің?
14. Римдіктер Аттиладан қалай қорғанды?



# VI

## САРМАТТАР



## САРМАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІ

### §57. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ САРМАТТАР

#### Бүгінгі сабақта:

- сарматтардың кімдер екенін анықтаймыз;
- сарматтардың әскери-демократиялық басқару жүйесін оқып білеміз;
- сарматтардың қоғамдық құрылысымен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- Сармат
- Скиф
- Аорс
- Гот



Сармат обаларында кездесетін қыш ыдыстар

әскерлер саны. Ал енді “телегей-теңіз” деп Каспий теңізін айтып отырса керек. Қытай деректері аорстардың кейіннен алаң аталғандарын да айта кетеді. Дегенмен де ежелгі грек авторлары бұл тайпаларды *сарматтар* деп атап, олар туралы нақты жазғандықтан, олар тарихқа осындай атаумен енді.

#### Сарматтар қай жерді мекендеді?

Қазіргі Батыс Қазақстанның Арал теңізінің солтүстігіндегі аймақтарын және Тобыл өзенінен батысқа қарайғы өлкелерді б.з.б. IV ғасырлардан б.з. IV ғасырына дейін сармат деп аталатын көшпелі тайпалар мекендеді. Олардың мекендері Қара теңіздің солтүстігіндегі скифтерге дейін созылып жатты.

Қытай жылнамаларында осыған байланысты мынадай жолдар бар: “Қаңлының солтүстік-батысында шамамен 2 мың ли қашықтықта аорс (абзой) елі тұрады. Бұл елдің 100 мыңнан аса окшысы бар. Әдет-ғұрпы қаңлылармен ұқсас. Бұл ел жағасы жайдақ телегей-теңізге тақау орналасқан. Солтүстік теңіз деген сол болар”. Бұл жерде аорстардың кейде абзой деп те аталғанын байқауға болады. “100 мыңнан аса окшысы” дегені — садақпен қаруланған

#### Бұл маңызды!

“Сармат” атауы ежелгі грек жазбаларынан алынған және Еуразия кеңістігін мекендейтін бірқатар тайпалардың жалпылама ортақ атауы болып табылады. Шығыстағы қытай жылнамаларында сарматтар басқаша — *аорстар* немесе *аландар* деп аталады. Бұлар кезінде ежелгі қаңлылардың батыстағы көршілері болды және Қаңлы мемлекеті күшейген тұста оларға бағынды.

**Сарматтардың қоғамдық құрылысы.** Сарматтарда көп мағы барлар қоғамда беделді болды. Жерге қоғамдық-рулық меншік үстемдік етті. Рулар кез келген маңызды мәселені шешуде рубасы ақсақалдардың шешіміне қарады. Соғыс жағдайында шешуші билік батырлар мен қолбасшылар қолына көшті. Мұндайда әскери-демократиялық басқару жүйесі алға шықты. Рулық негізде құрылған әскери жасақтар ғұндардан, қанлылардан және т.б. көрші елдерден қабылданған қағидаларды берік сақтады. Әскери жасақтары салт атты болды.



Сармат жауынгерінің қалпына келтірілген келбеті

Сарматтардың аймағы Арал теңізінің солтүстігінен Дунай өзеніне дейін баратын кең-байтақ жерді қамтыған. Батыстағы көршілері отырықшы елдер болғандықтан, олардың қоғамдық құрылысы да күрделі өзгерістерге түсіп отырды. Тобыл, Жайық және Еділ өзендері аймақтарында көшпелілерге тән рулық-тайпалық ел басқару үстем болды. Оларда билік ру ақсақалдарының қолында шоғырланған. Ал батыс аймақтарда отырықшы елдермен қатынасына байланысты жеке әскери қолбасшыларға бағынатын әскери-демократиялық басқару жүйесі болды. Ірі тұлғаларға ерекше құрмет көрсетіліп, олардың обалары әлдеқайда биік жасалды. Оларда бағалы бұйымдар адаммен бірге жерленді.

### Тапсырма

Обаларға жүргізілген зерттеулерден сарматтардың қоғамдық құрылысын қалай білуге болады? Өз пікіріңді сыныптастарыңмен бірге талқылап, қорытындыны дәптерге жаз.



### Біліміңді тексер!

Сарматтардың әлеуметтік қоғамын білмей олардың тарихын меңгеру қиын. Ал ол үшін мынадай сауалдарға жауаптар іздеген жөн: Көшпелі сармат қоғамында ру ақсақалдары қандай рөл атқарды? Сармат қоғамындағы батырлар мен қолбасшылар туралы не айтасың? Сармат қоғамындағы ел басқару ерекшеліктері қандай болды?

## §58. САРМАТТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН МӘДЕНИЕТИ

### Бүгінгі сабақта:

сарматтардың көшпелі өмірімен, шаруашылығымен танысамыз;

сарматтардың археологиялық мәдениетінің кезеңімен, ерекшелігімен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Рулар
- Аксақалдар
- Қолбасылар



Тастан жасалған ұршықбастар



Сарматтардың алтындалған сырғалары



Кімнің алтын жапсырмалары



Сүйектен жасалған инесалғыш

**Сарматтардың шаруашылығы және тұрмысы.** Сармат тайпаларының көпшілігі мал-шаруашылығымен айналысқандықтан көшпелі өмір сүрді. Страбонның жазуына қарағанда, олар малдың соңында жүргендіктен жылдам жиналатын киіз үйлерде өмір сүрді. Олардың киіз үйлері кейде ағаш арбалар үстіне де тігілетін. Бұл олардың көшіп-қонуын оңайлатты. Дегенмен де өзендер жағасын қоныс еткен сарматтар жартылай көшпелі өмір сүрді. Археологтер олардың ағаштан, қамыстан тұрғызылған тұрақты қыстауларының орнын да тапты. Ішінара егіншілікпен айналысқандары малшаруашылығынан қол үзбеді. Мұндай қоныстағылар жайлауға көшкенде қыстауларынан 200—400 км-ден артық ұзай қоймайтын.

**Сарматтардың мәдениеті.** Сарматтардың мәдениетін көрсететін басты ескерткіштер — обалар. Обалардан табылған әсем, көркем шеберлікпен жасалған заттар сармат тайпалары мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Сарматтардың тұрмыстық және шаруашылық бұйымдары, қару-жарақтары обаларды зерттеу барысында жиі ұшырасады.

Ғалымдар бұл мәдениеттің дамуын үш кезеңге бөледі. Б.з.б. IV—III ғасырларға жататын алғашқы кезең мәдениетінің көрнекті заттары Орынбор облысының Прохоров селосының жанындағы Сармат моласын қазғанда табылғандықтан, осы кезең мәдениеті *Прохоров мәдениеті* деп аталады. Осы обадан табылған әртүрлі қыштан, металдан жасалған ыдыстар, үш немесе екі қырлы садақ жебелері, қару-жарақтар, ат әбзелдері, әшекей бұйымдар шығыстан және солтүстік-шығыстан келген

тайпалардың мәдениетінің осы өңірге ене бастағанын көрсетеді.

Сармат мәдениетінің екінші кезені б.з.б. II ғасырдан б.з. I ғасырын қамтиды. Бұл уақытта адамдар жұмсақ тастардан адамдар мүсіндерін жасауды меңгере бастаған. Сарматтардың соңғы кезеңдегі мәдениеті б.з. II—IV ғасырларын қамтиды және бұл мәдениет Орал өзенінен батысқа қарай Дон өзені алқаптарына дейін созылып жатыр. Енді сарматтарды обаларға емес, қазылған жерге жерлейтін болды. Қару-жарақтарды, қыш ыдыстарды жасауда да өзгерістер байқалды. Енді шеберлер ағаштан жасалған садақтарды сүйекпен әсемдеп, әшекей бұйымдарды алтынмен сәндейді. Қыш ыдыстарды арнайы шеберханаларда жасаған.



Сарматтардың қола жебелері



Құміс табак



### Тапсырма

Сарматтардың қыштан және ағаштан жасалған ыдыстарды қандай мақсатта пайдаланған деп ойлайсың? Ыдыстардың суретін дәптеріңе сал.



Сармат жауынгерінің тас мүсіні

### Біліміңді тексер!

1. Сармат мәдениетінің үлгілерін атап көрсет.
2. Сармат мәдениетінің кезеңдері туралы не айтасың?

## §59. САРМАТТАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

### Бүгінгі сабақта:

Аралтөбеден табылған сармат батырының зиратымен танысамыз;

Тақсай кешенінен табылған “Алтын ханшайымның” бұйымдарына шолу жасаймыз.

### Тірек сөздер:

- Аралтөбе
- Тақсай кешені

**Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің сипаттамасы.** Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің негізгі бөлігі — обалар. Обаларды топырақтан немесе тас пен құмды араластырып тұрғызған.

Сарматтардың обалары көлемі жағынан әртүрлі болып келеді. Обаларды зерттеу барасында түрлі бұйымдар табылады. Қарулардан канжар, семсер, үш кырлы садақ жебелері кездеседі. Обаларда әсем моншақтар, қола айналар, асыл тас бұйымдар сақталған. Отқа табынудың ерекше белгісі ретінде шырағандарды айтуға болады. Әртүрлі ыдыс-аяқтар мен әсем ат әбзелдері де көптеп табылады. Ас ішетін ожаулар мен қасықтардың, канжарлардың сабындағы, аттың ертұрмандарындағы әсем сурет пен өрнек сармат шеберлерінің ғажайып өнерін көрсетеді.

### Ойлан!

Ежелгі заманда қайтыс болған адамдармен бірге не үшін әртүрлі бұйымдарды да қосып жерлеген?

**Аралтөбе** — қылыш асынған ерлердің мекені. Аралтөбе қорымы Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында орналасқан. Оны 1999 жылы З.Самашев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Зираттардың бірінен жүзден аса жебе салған қорамсақ, қыш құмыра және темір қылыш табылды. Сарматтар дәуірінің ескерткіштерінде семсер мен канжарлар ғана табылатын. Ал қылыш аландар тұсында (IV—V ғғ.) пайда болған деп саналған. Енді қайқылау қылыштың шығу кезеңін аландармен емес, Атырау жеріндегі сармат тарихымен байланыстыруға мүмкіндік туып отыр.

Үшінші қазылған зиратта қолбасылық пен абыздықты қатар атқарған адам табылды. Оның әйелі және екі аты қоса жерленген екен. Кімі алтын әшекейлермен әшекейленген бұл ескерткіш Қазақстан тарихында екінші “Алтын адам” атанды.

### Еске түсір!

Қазақстан тарихындағы бірінші және үшінші “Алтын адам” қай жерлерден табылған еді?

Жерленген адамдардың киім-кешегі көркем безендірілген. Өте асыл бұйымдар мен қару-жарақтан басқа абыздың *асатаяғы* болған.



**“Алтын ханшайым”.** Сармат-савромат дәуіріне жататын “Алтын ханшайым” Тақсай кешенінен алынды. Оны 2012 жылы Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының археологтері Теректі ауданынан тапқан.

Обадан табылған заттардан савромат-сармат кезеңінің тарихына қатысты көп ақпарат алуға болады. Ағаш пен сүйекке жасалынған сараптама бұл қабірдің б.з.б. VI ғасырдың соңы мен V ғасырдың басына жататынын анықтап отыр.

Зерттеулердің нәтижесі жерленген адамның әйел екенін көрсетті. Ол өз қоғамында жоғары дәрежеге ие болған. Марқұмның қолы мен мойнында көптеген алтын әшекей бұйым бар. Киімі мен баскиімі де ерекше сәнделген.

Ерекше тәртіппен қойылған рәсімдік бұйымдар бұл әйелдің бақсы-балгер қызметін атқарғанын көрсетеді.

Бұл кешеннің ең құнды жаңалығын ғалымдар “Тақсай тарағы” деп атап отыр. Бұл — сонау ерте замандағы адамдардың аса сирек суреті. Мұнда б.з.б. I ғасырдың ортасындағы аса үлкен тарихи оқиға — ахеменидтік Иран мен көшпелі даланың бетпе-бет келуі суреттелген.



Екінші “Алтын адам”



“Алтын ханшайым”

### Тапсырма

Дәптерге кесте сызып, бағаналарды толтыр.

### Қазақстан аумағынан табылған “Алтын адамдар”

№	“Алтын адам” табылған ескерткіштердің атауы	Қай аймақтан табылды?	Зерттеген ғалымдар	Қандай ерекше бұйымдар табылды?

### Біліміңді тексер!

1. Сарматтардан кейінгі тарихқа қандай ескерткіштер қалды?
2. Сармат обалары қалай тұрғызылған?
3. Аралтөбеден табылған екінші “Алтын адам” ескерткішінің маңызы неде?

## САРМАТТАРДЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ

### §60. САРМАТТАРДЫҢ КӨРШІ ХАЛЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

#### Бүгінгі сабақта:

сарматтардың көрші халықтармен қарым-қатынасын білеміз;  
сарматтардың жорықтарын оқып білеміз.

#### Тірек сөздер:

- Сармат
- Скиф
- Аорс
- Гот



Сармат жауынгерінің мүсіні

Б.з.б. 339 жылы сарматтардың батыстағы көршілері — скифтердің қаһарлы патшасы Атейдің қайтыс болуына байланысты бұл елде саяси дағдарыс орын алып, мемлекет ыдырай бастады. Осыны пайдаланған сарматтардың кейбір тайпалары Қара теңіздің солтүстігіндегі скифтер аймағына өтіп, ол жерлерді жаулай бастады. Скифтердің жауынгер тайпаларын өздеріне қосып алып күшейе түскен сарматтар Кавказ жеріне жортуылдар ұйымдастыратын болды. Олардың үлкен тайпалары батысқа бағыт ұстап, Дунай өзенінің бойына дейін жетті. Сарматтар Рим империясының шегаралық аймақтарына еніп қоныстана бастады. Жаңа аймақтың тұрмысқа жайлы климаты, малға қолайлы жайылымдары сарматтарды қатты қызықтырды. Сарматтарды римдіктер өздеріне қосып алудың жолын іздестірді. Сондықтан да Рим империясын Август билеген тұста империяға бағынатын 24 аймақтың 9-ы “Сарматия” деп аталды. Грек авторы Страбон “География” деп аталатын атақты еңбегінде сармат тайпалары туралы жазған. Олардың арасында шығыстан келген аорс, сирак тәрізді тайпалар бар. Алайда сармат одағында әртүрлі көшпелі тайпалардың болуы олардың өз арасында билікке қол жеткізу үшін күрестерін күшейтті. Мұндайда кім күшті болса, елге сол билік жасады. Осылайша алғаш ел билеуде аорстар

үстем болса, б.з. I ғасырында сарматтарды алан тайпалары билей бастады.

### Есте сақта!

Қазақстанның батыс өңірін мекендеген тайпалық одақтарды еуропалық тарихшылар *сарматтар* деп атаса да, олар Шығыс жазбаларында *аса, алан, аорс* деген атаулармен белгілі. Бұлардың бәрі бір халықтың аты болып табылады.

Страбон дегеніміз кім және оның еңбегі туралы не білесің?

**Ізден!**



Тұтқалы қола айналар

Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Б.з. III ғасырында батыстан Қара теңіз бойына басып кірген готтар сармат одағына билік жүргізе бастады. Олардың билігі де қысқа болды. Халықтардың ұлы көшіне қозғау салып шығыстан көшкен ғұндар IV ғасырда сарматтарды күшпен өздерінің одағына қосып алды.

### Еске түсір!

Ғұндардың батысқа қоныс аударуы туралы не білесің?

Осылайша сарматтар тарихы енді ғұндар тарихына ұласып кетті. Енді сарматтардың көпшілігі ғұндармен және готтармен бірге батысқа жылжып, жана мемлекеттік құрылым құрамына енді.

### Тапсырма

1. Сармат тайпаларының орналасқан жерлерін ата.
2. Батыстағы сармат тайпаларының көршілері туралы әңгіме жаз.

### Біліміңді тексер!

1. Сарматтар деп кімдерді айтамыз?
2. Гректер мен қытайлықтар сарматтарды қалай атайды?
3. Қазіргі Қазақстанның қандай аймақтарын сармат тайпалары мекендеді?
4. Аорс, алан деген тайпалардың сарматтарға қандай қатысы бар?

**Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Сарматтар деп кімдерді айтамыз?
2. Қазіргі Қазақстанның қандай аймақтарын сармат тайпалары мекендеді?
3. Аорс, алан деген тайпалардың сарматтарға қандай қатысы бар?
4. Скиф және сармат тайпаларының қарым-қатынастары туралы не айтасың?
5. Ғұндар жорықтары сарматтардың тағдырына қалай әсер етті?
6. Сарматтардан кейінгі тарихқа қандай ескерткіштер қалды?
7. Сармат обалары қалай тұрғызылған?
8. Аралтөбеден табылған екінші "Алтын адам" ескерткішінің маңызы неде?
9. Сармат мәдениетінің үлгілерін атап көрсет.
10. Сармат қоғамында қандай шаруашылық түрі басым дамыды?
11. Сармат қоғамындағы батырлар мен қолбасылар туралы не айтасың?



# VII

## ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ШОЛУ



# ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН АДАМДАРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРПАТЫ

## §61. ҚОЛА ДӘУІРІ ТҰРғындарының ТҰР-Тұлғасы мен бет әлпеті

### Бүгінгі сабақта:

байырғы тұрғындардың түр келбетін ғылымның қай саласы зерттейтінін білеміз;  
қола дәуірі тұрғындарының түр келбеті қандай болғанын оқимыз.

### Тірек сөздер:

- Антропология
- Түр
- Нәсіл
- Генетика
- Арпий

### Антропология нені зерттейді?

Халықтың шығу тегін, түр-тұлғасын, келбеті және нәсілдік ерекшелігін зерттейтін ғылымның саласы — *антропология* (грек. *anthropos* — адам, *logos* — ілім, ғылым).

Қазақ жерінде өмір сүрген байырғы тайпалардың түр-тұлғасын зерттеген ғалым — Оразақ Смағұлов. Ол Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және қазіргі кездегі тұрғындарының арасындағы 40 ғасыр бойғы генетикалық сабақтастықты айқындауға зор үлес қосты.

**Қола дәуірі тұрғындарының байланыстары.** Бір шеті Сібірдің оңтүстігі, ал екінші шеті Орта Азияның солтүстік аймақтарына дейін созылып жатқан қола дәуірінің мәдениеті қазақ жерінің солтүстік, орталық, шығыс, батыс өңірлерінде барынша көп таралды. С.С.Черников, А.Оразбаев, Ә.Марғұлан т.б. археолог-ғалымдардың пікірінше, Андрон мәдениетінің қалыптасу ошағы қазақ жерінде болған.

Қазақстанның батыс аймақтарындағы Елек, Жайық, Еділ өңірлерінде қола дәуірінің қималық мәдениеті дамыған. Қима мәдениеті мен Андрон мәдениетінің бір-бірінен айырмашылығы және ортақ жақын белгілері болды. Қима және Андрон мәдениеттерін таратушы тұрғындардың өзара алыс-беріс қарым-қатынасын, олардың тарихи және антропологиялық түп-тамыры бір екенін екеуіне тән ортақ белгілер нақтылайды. Бұл мәдениеттер көне *арпий* тайпаларының мәдени ошағының құрылуына, олардың Еуразия аймақтарына таралуына себепші болған. Қола дәуірінің мәдениеттерінің жетістігінің көптігі сол кезеңдегі тұрғындардың мәдени бірлігі болғанын дәлелдейді. Мұндай мәдени тұтастық тайпалардың этникалық қауымының бірлігінің негізін қалаған.

**Андрондық антропологиялық тұрпат.** Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық бөліктерінде өмір сүрген қола дәуірі тайпаларының келбеті андрондық антропологиялық тұрпат екені анықталды. Андрондықтардың кабірінен алынған сүйекке зерттеулер кешені жүргізілген. Нәтижесінде олардың протоеуропа тектес нәсілдің бір нұскасын құрайтыны дәлелденген.

Қазақстанның оңтүстік-батыс, батыс аудандарын мекендеген андрондық тайпалардың бет-бейнесі еуропалық нәсілдік жерорта теңіздік типіне жатты. Олардың басы сопақ, бет-пішіні ат жактылау болып келді. Ал Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс аудандарын мекендеген андрондықтардың бас сүйегі үлкен, төбесі келтелеу, көзі ойығы түсіңкі, кеңсірігі шығыңқы, қыр мұрынды болып келді.

Андрон тұрғындары мен Қазақстанның неолит дәуірі тұрғындарының келбетінің ортақ белгілері болған.

Қола дәуірінде өмір сүрген тұрғындардың, Қима және Андрон мәдениеті өкілдерінің антропологиялық тегі бір болған. Оларға протоеуропа тектес (түпкі еуропа тектес) нәсіл негіз болған.

Протоеуропа тектес нәсіл — жер бетінде кеңінен тараған көне нәсілдердің бірі. Бұл нәсілдің қалыптасқан дәуірі — палеолиттің соңғы кезені. Еуропалық нәсілге жататын адамдардың шығу тегі әрі сыртқы түр-тұлғасы ұқсас. Еуропалық нәсілдің бойы ұзын, терісі мен шаштарының түсі біркелкі, ақшыл сарғыш болады. Сакал-мұрты қалың болады. Бас сүйегі ірі, ұзынша, бет-пішіні сопақтау, мұрыны қырлы әрі түзу. Танау тесіктері бір-біріне жақын орналасқан әрі еңсіздеу келеді. Көзінің үстінгі қабағындағы қатпарлары айқын байқалмайды. Жақ сүйектері алға шығыңқы емес, еріндері жұқа, көздерінің түсі көбіне көкшіл келеді.

### Есте сақта!

Қазіргі қазақ халқының арғы тегі қола дәуіріндегі *андрондық тайпалар* болған.

### Біліміңді тексер!

Қола дәуірі тұрғындарының антропологиялық тұрпаты қандай болған?



Андрондық  
адамның бейнесі

## §62. ТЕМІР ДӘУІРІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ НӘСІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

### Бүгінгі сабақта:

сақ тайпаларының келбетінің қандай болғанын білеміз;  
үйсін тайпаларының бет-пішінінің қандай болғанымен танысамыз.

### Тірек сөздер:

- Сақтар
- Сарматтар
- Ғұндар
- Үйсіндер

Темір дәуірінде өмір сүрген сақтар мен үйсін тайпаларының келбетін көрсететін материалдар көп. Сақтардың бас сүйегі шағын, ми қауашағының бітімі төмен. Беті едәуір жалпак, көзі шұңғыл, қабақ сүйегі шығынқы, кеңірдегі дөңестеу келген. Сақ тайпаларының келбетінде қола дәуірі тұрғындарына тән *андрондық антропологиялық бітім* жатқанын көрсетеді.

### Еске түсір!

Андрондық антропологиялық бітім қандай еді?

Сақтардың андрон тайпаларының генетикалық жалғасы болғанмен, сақтардың өзіндік ерекшеліктері болды. Бас сүйектерінің тұрқы андрондықтарға карағанда қысқалау болып, бет әлпеттері бұрынғыдан жалпая түскен. Маңдайының тік еңісі өсе түскен, мұрын сүйегінің дөңестігі кішірейіп, көз ұясы шығынқы бола бастаған. Мұндай өзгерістерге қарап антропологтер сақ тайпаларының құрамында аздап моңғол тектес қоспа пайда болған деген қорытынды жасаған.

Нәсілдік қоспа адамдардың шығыстан батысқа қарай қоныс аударуының нәтижесінде ғана емес, екі нәсіл өкілдерінің некелесуі нәтижесінен де туындаған. Моңғол тектес топтар Қазақстан далаларына Орталық Азия, Таулы Алтай мен Оңтүстік Сібірден келуі мүмкін.

Моңғолоидтік нәсіл белгілері қандай? Қай аймақтарда таралған?

### Ізден!

Еліміздің батыс өңірінде савромат тайпаларының ескерткіштері кең таралды. Батыс өңірдегі сармат тайпаларының негізі осы савроматтарға келіп тіреледі. Савроматтарды зерттеу олардың Қима мәдениеті халқымен туыстығын дәлелдеді. Савроматтарда Еділ бойының Қима мәдениеті адамдарына тән андрондық белгілер кездеседі. Савромат-сармат қауымының туыстық сабақтастығы бар. Савроматтар мен сарматтардың дене бітімі елеулі өзгерістерге ұшырамаған. Савроматтар мен сарматтардың тұрпатын еуропеидтік нәсіл белгілері құраған. Оған андрондық бітім белгілері қосылған.



Нәтижесінде ертедегі Жерорта теңізі нәсілінің белгілері әлсіре й түскен.

Қазақ жерін мекендеген сарматтар мен үйсіндердің бас сүйектеріне сараптау жасаған кезде екеуіне де монғол тектес белгілердің қосылғаны байқалған. Қазақ жерінің Орталық, Оңтүстік, Шығыс Қазақстанды мекен еткен үйсін тайпаларының осы жерді мекендеген сақ тайпаларымен туыстық жағынан жақындығы айқын байқалады. Үйсіндердің бас сүйектерінің ұзындығы мен биіктігі орташа, ені үлкен. Маңдайы біршама тайқы, кенсірігі шығынқы, қабақ доғасы орташа дөнес, мұрнының көлемі орташа болып келген. Үйсіндер монғолдық белгілер бар еуропа тектес нәсілге жатады. Сақтарды үйсіндермен салыстырсақ, үйсін тайпаларында монғолоидтік белгілер басым болды. Сондай-ақ үйсіндердегі монғолоидтік белгілердің басымдығы Шығыс Қазақстан аумағындағы темір дәуірі тұрғындарынан да көрінді.

Б.з. III—IV ғасырларында Орталық Азиядағы ғұн тайпаларының қазақ жеріне келуі жергілікті тайпалардың этникалық-мәдени дамуына ықпал етті. Оларды бітімінде монғол тектес белгілердің көбеюіне әкелді.

Ерте темір дәуірінде қазақ жерінің тұрғындары нәсілдік өзгерістердің күрделі кезеңін өткерді. Нәтижесінде еуропа тектес-монғол тектес физиологиялық келбет қалыптасты. Олар қазіргі қазақ халқының аралас *тұран тектес* нәсілінің арғы тегі болып саналады. Қазақтар — қола дәуірі, одан кейін темір дәуірі тұрғындарының генетикалық жалғасы.

#### Тапсырма

Темір дәуірі тұрғындарының келбетін сипаттап бер. Сақ, сармат, үйсін, ғұн тайпаларының қайта қалпына келтірілген нұсқасының суреттерін салып көр.

#### Біліміңді тексер!

Қалай ойлайсың, темір дәуірінде өмір сүрген сақ, сармат, үйсін, ғұн тайпаларының нәсілдік түрі бүгінгі қазақ халқының нәсілдік түрімен қаншалықты ұқсас?



Антропологиялық келбеттің жаңғыртпа мүсіндері:  
а) сақ; б) сармат;  
в) үйсін; г) ғұн

## ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАНҒА САЯХАТ

### §63. ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕГЕ САЯХАТ ЖАСАЙЫҚ

#### Бүгінгі сабақта:

алғашқы адамдардың тұрақтары, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігіне қайта шолу жасаймыз;

малшаруашылығы мен егіншаруашылығының қалыптасуын қайталап еске түсіреміз.

#### Тірек сөздер:

- Тас дәуірі
- Мыс дәуірі
- Кола дәуірі

Көне тас дәуірінің тұрақтары тау етектерінде, үңгірлерде, неолит дәуірінің тұрақтары көлдер жағалауы мен бұлақ (қайнар) басында, қола дәуірінің қоныстары суға жақын тау немесе төбелер мүйісіне таман, ал

темір дәуірінің қоныстары мал бағуға, егін егуге қолайлы жерлерге орналасты.

Ежелгі заман мәдениеттерінің аттары ескерткіштердің көп шоғырланған жерінің немесе ең алғаш зерттелген жердің атымен аталады. Маханжар мәдениеті Торғай өңіріндегі Маханжар, Жүзбай, Сор, Бестамақ, Амангелді тұрақтарының алғаш зерттелген атымен аталған. Ал Атбасар мәдениеті — тас дәуірі тұрақтарының көп шоғырланған жері Атбасар өңірі атымен аталады. Қазақстанның ежелгі тарихында Маханжар, Ботай, Андрон, Беғазы-Дәндібай, Тасмола, Атбасар, Жетіасар, Қаратау мәдениеттері қамтылады.

Қаратау тұрақтарын алғаш адамдар 1 млн-дай жыл бұрын мекендей бастаған. Ғалымдар Қаратау, Маңғыстаудан табылған тұрақтардан алған ескерткіштерге қарап осылай тұжырым жасаған. Адамдар алғашында бір жақты, екі жақты шапқыш, ірі тас құралдарын жасаған. Кейінгі палеолитте ұсақ малтатастардан жасалған шапқыш құралдар, көп қырлы өзектастардың түрлерін қолданды. Тастан найза, сүңгі ұштарын, қырғыш, кескіш құралдар жасады.

#### Ойлан!

Мұз дәуірінің болуы ежелгі адамдардың өміріне қалай әсер етті?

Мезолитте адамдардың садақ пен жебені ойлап табуы аңшылықтың одан әрі дамуына мүмкіндік тудырды.



Ежелгі терімшілер

Неолит дәуірінде адамдар өнім беретін шаруашылықпен айналысуға бет бұра бастады. Микролиттік тас құралдарды, жебе ұштары, кырлы, жүзді тас кырғыш, тас тескіш, тас балта, дәнұатқыш, пышақ түрлерін жетілдірді. Ағаштан, мүйізден, сүйектен бұйым жасауды дамытты. Неолит дәуірінде аңшылық, балық аулау, терімшілік сақталды. Тас өңдеудің тегістеу, аралау, бұрғылау әдістерін меңгерді.

**Ойлан!**

Неолит дәуірі шаруашылығында қандай өзгерістер орын алды?

Тас дәуіріндегі аңшылық кәсібімен бірге жалпы хайуанаттар, жан-жануарлар туралы түсінік пен наным-сенім қалыптасты. Себебі аңшылық — адамзаттың малшаруашылығынан бұрын айналысқан кәсібі. Ерте замандарда кейбір жыртқыш аңдар адамдарға қауіп төндірген болса, жуас хайуандар ертедегі адамдарға дайын азық, киер киім болған. Адамдар олардың сүйегінен, мүйізінен, тісінен тұрмысқа қажетті түрлі құрал-сайман жасайтын болды. Бұл жағдай кейін келе оларды хайуанаттарға табынуға мәжбүрледі. Олар осы арқылы, біріншіден, жыртқыш аңдардан жамандық келмеуін, өздерін зақымдамауын тілесе, екіншіден, жуас хайуандардың өздерінің пайдасына жарай беруін тіледі. Одан әрі аңшылықпен байланысты сенімдер жүйесі малшаруашылығы, бақташылықпен бірге дамыған.

**Ойлан!**

Алғашқы адамдар аңдарды аулауда және олардан қорғануда қандай тәсілдер қолданған?

Энеолиттік қоныстардан алынған ескерткіштер өндіруші шаруашылықтың негізі малшаруашылығы мен егіншілік қалыптасқанын дәлелдейді. Жылқы шаруашылығының дамуы адам өмірінде, тұрмыс тіршілігінде маңызды орын алды. Бұл кезеңде күнделікті тұрмыста қолданылатын бірқатар заттар мыстан жасала бастады.

Қола дәуірінде мыс пен қола кенін игеру дамыды. Еңбек өнімділігі артты. Рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі артып, жеке отбасылық меншік кеңейді. Отбасылық шаруашылықтар дамыды. Еңбек құралдары мен қару жасауда қола негізгі шикізат көзі болды. Түрлі металдардың қорытпаларынан пышак, орақ, шалғы, балта, балға сияқты еңбек құралдарын, қанжар, найза, жебе ұштары сияқты қару түрлерін соқты. Қоладан тұрмыстық, шаруашылық заттар, әшекей бұйымдар жасауды жетілдірді. Бұл кезеңде адамдар кен балқыту, металл құю, соғу, бұйымға бедер, өрнек салу, тегістеу, әрлеу әдістерін жақсы меңгерді. Баспана тұрғызудың да әдіс-тәсілдері дами түсті.

Қола дәуірінде Қазақстан жерін тегі жағынан туысқан тайпалар мекендеді. Олар Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдениеттері ескерткіштерінің ерекше үлгілерін қалдырды. Қола дәуірінің мәдениеттері Қазақстанның барлық аймағынан байқалады.

Малшаруашылығы мен кен өндіру ісінің дамуымен қатар қоғамда ер адамдардың үстемдігі артты.

Дін дүниетанымында Күннің, оттың қасиетіне байланысты наным-сенімдері, табыну түрлері жалғасын тауып, кең таралды. Халық өмірінде мұның айқын ізі жартастарға салынған суреттерден көрінеді.



### Тапсырма

Суретке қарап, ежелгі адамдардың аң аулауы жөнінде әңгіме құрастыр. Әңгіме құрастыруға суреттердің беретін ақпараттарын пайдалан.

### Білімді тексер!

1. Тас дәуірінің кезеңге бөлінуін ретімен айтып бер.
2. Қола дәуірінің кезеңдерінің басты ерекшеліктерін ата.

## §64. ЕРТЕДЕГІ ТАЙПАЛАР МӘДЕННЕТІ

### Бүгінгі сабақта:

- көшпелі малшаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын қайта есімізге түсіреміз;
- темір дәуірі тайпаларының еңбек құралдары мен қаруларының ерекшелігін айтамыз;
- темір дәуіріндегі мәдениет пен сауда ісінің дамуын қайталаймыз.

Б.з.б. 1-мыңжылдықтың басында қазақ далаларында негізгі кәсіп *көшпелі малшаруашылығы* болды. Ерте темір дәуірінде адам еңбегі бұрынғыдан да өнімді бола түскен. Темір өндіру, одан түрлі заттар жасап қолданысқа енгізу өнім беретін шаруашылықты одан әрі дамытуға себеп болды.

Жылқыны көлік ретінде кенінен пайдаланған. Жылқының ер-тоқым түрлері жетілдірілді. Қару-жарак, тұрмыс бұйымдарының жаңа түрлері жасалды. Киіз үй кен қолданыста болды. Арба, күйме түрлері де көшпелі тұрмыста кең қолданылды. Темір дәуірі тайпаларының дүниетанымында Күнге, отқа, ата-баба аруағына, табиғат күштеріне сенушілік сақталды.

Ерте темір дәуірінде Қазақстанда тайпалық одақтар қалыптасты. Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарынан сақтардың, батыс, солтүстік аудандарынан савроматтардың ірі ескерткіштер кешені зерттелген. Бесшатыр, Есік обасы, Түгіскен, Ұйғарак, Берел, Шілікті, Тасмола т.б. ескерткіштер сақтардың мәдениетінің бірегей туындылары болып саналады. Сәндік-қолданбалы өнерде аң кескінін бейнелеу кең таралды.

Шаруашылықтың дамуы, тайпалардың этникалық жақындығы мемлекеттердің құрылуына негіз болды. Ғұндардың бірлестігі әлемге танылды. Ғұндар бірлестігіне әртүрлі тайпалар немесе этникалық-саяси құрылымдар кірген. Ғұндардың батысқа жорығы “Халықтардың ұлы қоныс аударуына” түрткі болған. Жетісуда сақтар жерін мұра еткен үйсін тайпалары малшаруашылығымен, егін егумен айналысты. Қаңлылар Жетіасар, Қауыншы, Отырар-Қаратау мәдениеттерін дамытты. Қолөнер кәсібі мен сауда ісін дамытты. Үйсін, қаңлы тайпалары Қытай, Парфия, Рим, Кушан мемлекеттерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыс орнатқан.

Б.з.б. 1-мыңжылдықта металл қорытуды меңгерген адамдар енді әлдеқайда берік темірді де игеруді дамытты. Ал темірдің қолданысқа жаппай енуі шаруашылық түрлерінің дамуы мен көптеген қолөнер саласының пайда болуына әкелді. Адамдар саны артып, үлкен қалалар, мемлекеттер пайда болды. Енді осындай қалалар мен мемлекеттер

### Тірек сөздер:

- Көшпелілік
- Темір дәуірі тайпалары
- Ұлы Жібек жолы

арасында өзара адамдарының мұқтажығын қамтамасыз етіп, артық өнімдерін өткізу үшін сауда қатынастарын жолға қойды. Адамдар арасында бір-біріне қажетті бұйымдарды айырбастап алудан сауда жасайтын орындар мен керуен сарайлар қалыптасты. Саудагерлер неғұрлым көбірек пайда табу мақсатында енді алыс елдерге өз өнімдерін апарып, оның орнына өздері мұқтаж тауарлар алып келумен айналысты. Нәтижесінде көптеген тұрақты сауда жолдары пайда болды. Әсіресе Қытайда халық саны артып, өнеркәсіп салалары дамығандықтан, олардың тауарларының кейбір түрлеріне деген сұраныстар аса жоғары болды. Сондықтан Қытай өздерінің өндіріс тауарларын көрші көшпелі тайпаларға тартты. Олардың жері арқылы өтіп, Алдыңғы Азиядағы өзге мемлекеттерге дейін жеткізіп отырған.

### Ойлан!

Қытайды Батыс елдерімен жалғастыратын жол неліктен “Жібек жолы” атанды? “Жібек жолы” тармақтарының атаулары немен байланысты қалыптасты?

Осылайша Қытай аймағын Орта Азия және Алдыңғы Азиямен жалғастырып жатқан жол тармақтары қалыптасты. Олар осы жолдар бойындағы көптеген халықтың экономикасын және мәдениетін дамытуда б.з.б. II ғасырдан бергі ежелгі замандарда және орта ғасырларда аса үлкен рөл атқарып, әртүрлі кұрлықта бөлек жатқан елдерді өзара байланыстыруға зор үлес қосты. Сондықтан да бұл жолдар “Ұлы жол” деп аталды.

Бұл жолдарды сол жергілікті аймақ халықтары өздері жақсы білетін келесі елді мекеннің атымен (“Баласағұнға баратын жол”, “Таразға баратын жол”) атайтын болған. Ал ежелгі Орта Азияның халқы бұл жолдарды “Самарқандқа баратын сауда жолы” деген сияқты үлкен қалалармен де атайтын. Кейінірек орта ғасырларда бұл жол одан әрі дамып, қытайдан шыққан тауарлар араб елдері мен Еуропаға жеткізіліп отырған.

XIX ғасыр соңына қарай осы жол тарихы туралы ғылыми еңбектер жазған тарихшылар “Жібек жолы” деген атау беріп, бүгінгі тарихта осы атау танылып кетті.

### Біліміңді тексер!

1. Ерте темір дәуіріндегі тайпалық бірлестіктерді ата.
2. *Тайпалық одақ, мемлекет* ұғымдарын қалай түсінесің?
3. “Жібек жолы” сауда, қатынас жолдарының дамуы тарихта қандай із қалдырды?

**Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары**

1. Сақ тайпаларының антропологиялық бет-пішінінің ерекшелігі қандай?
2. Үйсін тайпаларының антропологиялық келбеті қандай?
3. Отқа табыну ғұрпы қалай жалғасты?
4. Сақтардың діни-ғұрыптық дүниетанымын қандай ескерткіштер айғақтайды?
5. Сақ дәуірінің діни-ғұрыптық ескерткіштері туралы әңгімелеп бер.
6. Ежелгі адамдардың кәсібін әңгімелеп бер.
7. Шаруашылықты жүргізу үшін адам табиғи ортаға қалай бейімделді?
8. Көшпелі малшаруашылығы қалай пайда болды?
9. Қытайды Батыс елдерімен жалғастыратын жол неліктен “Жібек жолы” атанды?
10. “Жібек жолының” қандай тармақтарын білесің?

## ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ЖҰМБАҚ СӨЗДЕР

(Дәптеріне сұрақ пен жауабын жаз)

1. Тарих ғылымының маңызды саласы. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
2. Тас дәуірінің алғашқы кезеңінің атауы. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
3. Екі жағы да өңделген тас құрал. 

--	--	--	--	--
  
4. Мезолитте ойлап табылған құрал. 

--	--	--	--	--
  
5. Неолитте пайда болған шаруашылық түрі. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
6. Жартастағы жазу. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
7. Сактар туралы құнды мәлімет қалдырған грек авторы. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
8. Шығыс Қазақстандағы сактардың қорымы. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
9. Томирис патшайымның ұлының аты. 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
10. Александар Македонскийді қазақтар қалай атаған? 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
  
11. Жетісу жерін мекендеген ежелгі тайпа. 

--	--	--	--	--	--
  
12. Еуропаға жорық жасаған ғұн басшысы. 

--	--	--	--	--	--
  
13. Ежелгі дәуірде бүгінгі Қазақстанның батыс аумағын мекендеген тайпа. 

--	--	--	--	--	--



## ГЛОССАРИЙ

**Австралопитек** — сүйек қаңқасы 1924 жылы Оңтүстік Африкадағы Калахари шөлінде, Тунгус маңынан табылған адамдардың арғы тегі.

**Айырбас** — мүлікті, малды баспа-бас айырбастау.

**Ақинақ** — көне скиф, сақ, сармат жауынгерлері қолданған қысқа семсер.

**Ақсүйек** — үстемдік етуші әулеттердің өкілі.

**Алғашқы адамдар тобыры** — адамдардың тас дәуіріндегі тіршілік үшін бірлесіп күресу қажеттігінен туған алғашқы тобы. Алғашқы адамдардың тобырының мекендері Қазақстанда Сарыарқа, Батыс және Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Балқаштың солтүстік өңірінен табылған.

**Алтын адам** — ерте темір дәуіріне жататын обалардан табылған алтын киімді адамдар.

**Андрондық тұрпат** — Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан аумағында табылған бас сүйектерді зерттегенде анықталған қола дәуір тұрғындардың келбеті.

**Анимизм** — жанның өмір сүруіне сенген діни түсінік.

**Антик жазбалары** — ежелгі грек және рим авторларының жазбасы.

**Антропогендік кезең** — адам пайда болып, оның шаруашылық әрекеті табиғаттың бейнесін өзгерте бастаған кезең.

**Антропогенез** (грек. *anthropos* — адам, *genesis* — шығу тегі) — адамдардың шығу тегін, даму тарихын, оның қалыптасуын, даму кезеңдерін жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдарға сүйене отырып зерттейтін саласы.

**Антропология** (грек. *anthropos* — адам, *logos* — ілім, ғылым) — адамдардың дене құрылысы, түр сипаты, бет әлпеті, келбеті және нәсілдің ерекшелігін зерттейтін ғылым саласы. Антропология терминін ежелгі грек ғалымы Аристотель енгізген.

**Антропологиялық түр** — адамдардың кескін ерекшелігі.

**Аң стилі** — ежелгі көшпелілердің қолданбалы бейнелеу өнері. Бұл атау бейнелеу өнерінің негізгі тақырыбы ретінде аңдарды, хайуандарды және аңыздардағы ғажайып жануарларды бейнелеу болғандықтан туындаған.

**Аорс** — сарматтардың тайпалық атауы.

**Аралтөбе** — сармат жауынгерінің (екінші "Алтын адамның") қабірінің табылған жері.

**Архантроп** (грек. *archaios* — ежелгі, ескі, *anthropos* — адам) — қаңқа, сүйек қалдықтарын зерттеу арқылы адамдардың арғы тегіне жатқызылып жүрген тіршілік иелерінің ғылымдағы жиынтық атауы. Олар адамның даму эволюциясының бірінші кезеңі, яғни австралопитектер мен адамдар туысының аралығындағы буын деп есептеледі. Сыртқы пішінінің әртүрлі болуына қарамай, "тік жүретін адам" (*Homo erectus*) ретінде бір түрге жатқызылады.

**Археология** (грек. *archaios* — ежелгі, ескі, *logos* — ілім) — тарих ғылымының көне дәуірі мен орта ғасырларындағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы.

**Археологиялық ескерткіштер** — тұрақтар, қалашықтар, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің, арналардың, жолдардың қалдықтары, ежелгі қорымдар, тасмүсіндер, жартастағы бейнелер мен жазбалар, ежелгі елді мекендердің тарихи-мәдени қабаты және ежелгі адамның өмірі мен қызметінің іздері бар өзге де орындар.

**Археологиялық мәдениеттер** — археологиялық ескерткіштерге еңбек құралдарының, тұрмыстық заттардың, бұйымдардың, қарулардың, жерлеу құрылыстарының ұқсастығына, бір уақытта жасалғандығына немесе бір аймаққа шоғырлануына қарай берілген атау. Археологиялық мәдениет аты ескерткіштердің көп шоғырланған жерінің немесе ең алғаш зерттелген жердің атымен аталады.

**Ат әбзелдері** — жылқыға міну және жегу үшін пайдаланатын ер-тұрмандар мен жабдықтар.

**Аттила (Еділ)** — ғұндардың Шығыс Еуропадағы жорықтарын басқарған ұлы көсемі.

**Ауыздық** — аттың аузында киіліп, екі жағы жүгенді бекітетін ат әбзелі.

**Ауызша деректер** — ұрпақтан-ұрпаққа тарихи дәуірлерден ауызша тараған туындылардың жиынтық атауы. Ауызша деректерге тарихи әңгімелер, тарихи жырлар, ертегі-аңыздар, нақыл сөздер жатады.

**Ахеменидтер** — ежелгі Парсы мемлекетіндегі патша әулеті.

**Әлеуметтік теңсіздік** — адамдардың қоғамда әлеуметтік жағдайына байланысты бөлінуі.

**Әскери демократия** — қоғамда ел басқару тізгіні тайпа көсемдерімен қатар қолбасшылардың, батырлардың қолында болатын қоғамдық-саяси құрылыс.

**Бекініс, қорған, қамал** — тұрақты әскері, қару-жарағы бар, қажетті азық-түлік т.б. нәрселермен қамтамасыз етілген, жау қоршауында қалғанда ұзақ уақыт қарсыласуға мүмкіндігі мол әскери тұрақ, қала қоршауы. Көне қалалардың айналасы мұнаралы қабырғалармен, ормен қоршалатын болған.

**Бехистун жазбалары** — Парсы патшасы I Дарийдің жартасқа б.з.д. 516 жылы жаздырған жазулары.

**Бифас** — екі шеті өңделген тас құрал.

**Бойтұмар** — бәле-жаладан, сәтсіздіктен, көз бен тілден сақтайтын, қуат беретін қасиеті бар деп саналатын бұйым.

**Білге (кемеңгер)** — түркітілдестердің өз билеушілеріне беретін атақ-дәрежесі.

**Гарпун** — найзаға ұқсас ұшы үшкір, аң және балық аулау үшін қолданған қару.

**Гот** — батыстан Қара теңіз аймағындағы сарматтар жеріне қоныстанған көшпелі тайпалар.

**Григориан күнтізбесі** — әлем бойынша қолданылатын ресми күнтізбе, уақыт есебі. 1582 жылы Рим папасы XIII Григорийдің басшылығымен жасаған жаңа күнтізбесі.

**Грифон** — жартылай арыстан, жартылай құмай немесе басы, қанаты құс, денесі арыстан болып келген аңыздық жануар.

**Гуньмо, күнби** — үйсіндердің жоғарғы билеушісінің титулы.

**Ғасыр** — 100 жылдан тұратын уақыт бірлігі.

**Ғибадатхана** — құдайға құлшылық ететін, діни рәсімдер мен парыздар атқарылатын ғимараттардың жалпы атауы.

**Ғұн** — Моңғолия, Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың жиынтық атауы.

**Дәуір** — адамзаттың қоғамда ерекшеленетін кезеңдері (тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі).

**Дуал** — балшық, саман, шым тәрізді заттардан айналдыра салынған қоршау, қорған, құрылыс.

**Дунхулар** — ғұндарға көрші тайпалар.

**Дүниетаным** — жеке адамның табиғат және әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру туралы пайымдауы, ой-тұжырымы.

**Елтаңба** — мемлекеттің басты рәміздерінің бірі.

**Елші** — бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігінің басшысы.

**Ескерткіш** — адамның көне заманнан бүгінге дейінгі аса маңызды жетістіктерінің ерекше, қайталанбас заттық және рухани үлгілері, халықтың тарихи кезеңіндегі құндылықтары, қастерлі мұралары.

**Еуропеоидтік тұрпат** — терісі ақ, шаштары жұмсақ, денесі түкті, көздері ашық, беттері сопақша, қыр мұрынды, ерні жұқа болып келетін адамның нәсілдік тобы.

**Жазбаша деректер** — жазып қалдырылған, тарихи оқиғаларды баяндайтын жылнамалар, зерттеулер, күнделіктер, қолжазбалар, шежірелік мұралар, кітаптар.

**Жайылым** — шөбі мол табиғи өрістік жер алқабы.

**Жартылай көшпелі** — егін егетін әрі көктем, жаз, күз мезгілінде жайылымның ыңғайына қарай көшіп, қыста қора-жайы бар қыстауда қыстайтын малшаруашылығы.

**Жәдігер** — адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтер беретін тарихи орындардан табылған бұйымдар.

**Жертөле** — жерден қазылып, шыммен, топырақпен жабылған жер үйі.

**Жорық** — әскери бөлімдер мен құрамалардың белгілі бір бағытта көлікпен немесе жаяу ұйымдасқан түрде қозғалуы.

**Жылнама** — оқиғаларды болған жылы, күні бойынша баяндайтын аса маңызды жазба деректер.

**Жібек жолы** — б.з.б. II ғасырдан бері қарай Қытай аймағын Орта Азия және Алдыңғы Азиямен жалғастырып жатқан сауда, керуен жолдарының жалпы атауы.

**Заттық деректер** — тарихи дәуірлердегі оқиғаларды, тұрмыс-тіршілікті, шаруашылықты, материалдық мәдениетті айғақтауға мүмкіндік беретін заттар.

**Зергерлік өнер** — әшекей бұйымдар жасайтын қолөнер түрі.

**Зират** — қайтыс болған адам жерленетін орын.

**Империя** — 1) император басқарған монархиялық мемлекет құрылымының түрі; 2) жержүзінің әртүрлі бөліктерінде кең-байтақ аумақтарды басып алған ірі отаршыл мемлекет.

**Каталаун жазығы** — ғұндардың еуропалықтармен ірі шайқасы өткен аймақ.

**Келсап** — дәнді келі ішіне салғаннан кейін оны түйетін жұмыр ағаш.

**Келі** — дәнді қауызынан ажыратып, ұнтақтауға арналған ағаш бұйым.

**Кен** — құрамында пайдалы қазбалар бар жер қойнауынан алынатын зат.

**Кесене** — қабір, зират басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш.

**Кескіш** — қыры өткір, ұзын келген тас тілікшелері.

**Кестелеу (өрнек салу)** — мата бетіне әшекей өрнек салу өнерінің бір түрі.

**Көшпелілер** — табиғи жайылымдарына байланысты мал жайылымы үшін үнемі қоныс ауыстыратын халық.

**Кроманьон** — саналы адам өкілі б.з.б. 40—35 мың жыл бұрын қалыптасқан. Алғаш қаңқасы Кро-Маньон үңгірінен табылды.

**Күнби** — үйсіндердегі ең жоғары билік лауазымы.

**Күнге табыну** — ежелгі тайпалардың Күнді құдай деп тану ғұрпы. Оған арнап жылқыны құрбандыққа шалып отырған.

**Кіші патша** — қытай жазбалары бойынша қаңлылардың аймақ билеушілері.

**Қазақ шежіресі** — көшпелі қазақ халқын құраған тайпалардың ататегін баяндайтын тарихи мәліметтер.

**Қалып** — затқа бедер түсіретін, бұйымның сұлбасын құйып шығаратын құрал. Қалыпты сазбалшықтан, тастан, темірден жасаған.

**Қапсырма** — сырткіімнің ілгегі.

**Қола дәуірі** — адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени кезең. Қазақстанға б.з.б. 2-мыңжылдықта таралған. Бұл кезеңде қола металлургиясы кең қанат жайды, еңбек құралдар мен қару-жарақтар жасауда қола негізгі материалға айналған.

**Қолбасшы** — әскери істерді басқарушы, әскербасы-көсем.

**Қолданбалы өнер** — тұрмысқа қажетті көркем заттарды жасайтын өнер түрі.

**Қоныс аудару** — халықтың тұрғылықты мекенін, қонысын ауыстыруына байланысты көшіп-қонуы.

**Қорған** — 1) ежелгі қабірлер үстіндегі тас немесе топырақ үйінділері; 2) көне қалалардың сыртқы қоршауы.

**Құрбандық** — ғұрыптық іс-әрекет, құдайларға, аруақтарға арнап мал сою, ас беру рәсімі.

**Қыш** — саздан иленіп, күйдірілген материал. Қыштан түрлі ыдыстар, құмыралар даярлаған.

**Леваллуа** — тас өңдеу техникасы. Алдымен мұқият дайындалған дөңгелек пішінді өзектастан тас тіліктері жарықшақталып алынады. Одан соң тас тілігінен қажетті құрал жасалған. Бір жағы дөңестеу, келесі беті жалпақ болып келеді.

**Макролит** — ірі етіп жасалған тас құралдары.

**Мамонт** — піл тұқымдас, жүні қалың, жер бетінен мұзбасу дәуірінде жойылып кеткен жануар.

**Мәдени қабат** — адам тіршілігі нәтижесінде қалыптасқан жердің қабаты. Тарихи дәуірлерде болған қалалар мен бекіністердің қираған орнының топыраққа көміліп, қайта жандануының салдарынан пайда болған бірнеше қабаттан тұратын төбелер, қатпарлар қалыптасқан. Онда тұрмыстық-шаруашылық құрылыс іздері, өзге де заттар сақталған.

**Мезолит** (грек. *mesos* — аралық, ортаңғы, *lithos* — тас) — тас дәуірінің палеолит пен неолит аралығындағы орта кезеңі, материалдық мәдениеттің даму тұрғысынан келгенде, палеолиттің жалғасы болып табылады.

**Менгир** — қорған үйіндісін айналдыра қоршау үшін тұрғызылған ірі тас бағандар.

**Мерген** — көздеген нысанына дәл тигізетін шебер атқыш.

**Микролит** — шағын тас; мөлтек тас. Трапеция, сегмент, үшбұрыш тұрпатындағы тас тіліктері. Көбіне шаруашылық құралдарына қыстырма, қондырғы ретінде қолданылған.

**Моңғолоидтік тұрпат** — сары, қоңырқай терілі, қалың шашты, денесінің түгі аз, қысыңқы көзді, жалпақ бетті, қалың қабақты, қалың дәу ернімен ерекшеленетін нәсіл тобы.

**Мұздық** — қар мен мұздан қалыптасқан мұз шоғыры.

**Мұртты обалар** — ерте темір дәуірінен сақталған ескерткіштер (б.з.б. VII—IV ғғ.). Мұндай обаларда мұрт тәрізді тізбектен жасалған бөлігі болады.

**Наным** — қоршаған орта құбылыстарының тылсым күштері жайлы қалыптасқан білім, түсінік, көзқарастарға сену.

**Неандерталь адамы** (*Homo neandertahalensis*) — сүйек қаңқасы сақталған алғашқы адамдардың жеке тобы. Ғылымда жалпы палеоантроптар тобына кіреді.

**Неоантроптар** (грек. *neos* — жаңа, *anthropos* — адам) — археологиялық қазбалардан табылған және бүгінгі саналы адамдардың (*Homo sapiens*) жиынтық атауы, оны кроманьондықтар деп те атайды.

**Неолит** (грек. *neos* — жаңа, *lithos* — тас) — тас дәуірінің соңғы кезеңі. Неолит дәуірінің аса маңызды жетістігі — малшылық пен егіншіліктің, яғни шаруашылықтың өндіруші түрлерінің пайда болуы. Хронологиялық тұрғыдан б.з.б. 3-мыңжылдықта болған бұл құбылыс ғылымда “неолит төңкерісі” деп аталады.

**Нәселер** — үйсіндерге көрші тайпалар.

**Обалар** — ежелгі дәуірлерден сақталған археологиялық ескерткіштер, жерлеу орындары. Обаларға қабір үстіне тас, топырақтан үйінді түрінде тұрғызылған.

**Одақ** — 1) әлеуметтік, жеке адамдардың бірлестігі; 2) мемлекеттік бірлестік.

**Ондық жүйе, мыңдықтар** — ежелгі көшпелілердегі әскерді жасақтау жүйесі.

**Отырықшы** — жергілікті жер жағдайы мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты халықтың бір жерде қоныстануы.

**Өзектас** (нуклеус) — құрал дайындау үшін арнайы өңделген тас. Ерте кездері төменгі палеолитте дөңгелек, мустье дәуірінде пирамида пішіндес, жоғарғы палеолитте призма тәрізді түрлері болған.

**Өндіруші шаруашылық** — адамның табиғаттың дайын өнімін тұтынбай, еңбектің нәтижесінде қажет өнімді өндіру. Мысалы, егіншілік және малшаруашылығы.

**Өркениет** — қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

**Палеоантропология** — адамдардың шығу тегін, даму тарихын, оның қалыптасуын, даму кезеңдерін сүйек қалдықтарына сүйеніп зерттейтін саласы.

**Палеоантроптар** (ежелгі адамдар) — мустье дәуіріндегі адамдардың жалпылама атауы.

**Палеолит** (грек. *palaios* — ежелгі, *lithos* — тас) — тас дәуірінің ерте кезеңі.

**Парадарайя** — теңіздің арғы жағындағы сақтар.

**Петроглиф** — тақтатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер.

**Пеш көрік** — ауа үрлейтін тесіктері бар металл балқытатын пеш.

**Питекантроп** — маймыл тәріздес адам өкілі, жер бетінде 1 млн 500 мың жыл бұрын өмір сүрген, алғаш рет қаңқасы Ява аралынан табылған.

**Прохоров мәдениеті** — Сармат мәдениетінің үлгісі.

**Ру** — алғашқы адамдардың туыстық жағынан бірлесіп өмір сүрген тұрақты ұжымы.

**Руна** — тасқа, балшыққа, темірге, ағашқа сызып қашап жазылған жазу. Ежелгі герман, скандинав, түркі халықтарының арасында кең тараған.

**Салт-дәстүр** — әр халықтың діні және сенімі, тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктеріне сәйкес ғасырлар бойы жинақталған ғұрыптардың жиынтығы.

**Сарматия** — Қара теңіз бойында және оған жақын аймақтарда сармат тайпалары мекендеген аймақтың жалпылама атауы.

**Скифия** — Қара теңіз бойында және оған жақын аумақтарда скиф тайпалары мекендеген аймақтың жалпылама атауы.

**Сықырлауық** — киіз үйдің ағаш есігі.

**Сюннулар** — ғұн тайпаларының атауы.

**Тайпа** — бір жерде тұратын, тілі бір, бірнеше рулардан құрылған өзара туыс адамдар бірлестігі.

**Тайпалық одақ** — қандас, туыстық байланыстар бар тайпалардың әлеуметтік және этникалық бірлестігі.

**Тақсай кешені** — сармат ханшайымының ("Алтын ханшайымның") қабірі орналасқан жер.

**Тас жаңқа** — тасты өңдеу барысында оның сыртынан шағып алынған бөліктері.

**Тас өзек** — тас құралдары шағып алынған жұмыртас кесегі.

**Тас тілік** — ені ұзындығынан кемінде екі есе кіші, ұзынша келген тас құралы.

**Тәті** — төбесі мен шүйде тұсы ашық, кішігірім тәж тәрізді әшекейлі баскиім.

**Терімшілік** — алғашқы адамдардың негізгі кәсібі, жеуге жарамды шөп тамырларын қазып, құс жұмыртқасын жинап, ағаштың басында өсіп тұрған әртүрлі жеміс-жидектерді теру.

**Тесе** — егін егу үшін жерді қопсытуға қолданылған еңбек құралы.

**Тиграхауда** — шошақ бөрікті сақтар.

**Тобыр** — тас дәуірінде алғашқы адамдардың тіршілік үшін күресте бірлескен тобы.

**Тотемизм** — рулық қоғамдағы адамдар тобының шығу тегін жануарлармен байланыстыру негізінде қалыптасқан сенімдер.

**Тұрпат** — адамдардың тұқым қуалайтын кескін-келбет пішіні.

**Түменбасы** — он мың сарбаздың қолбасшысы.

**Унифас** — бір шеті өңделген макролит.

**Ұжым** — ортақ қоғамдық мақсаттары мен міндеттері бойынша бірлескен адамдар тобы.

**Ұлы Жібек жолы** — Еуропа елдерін Қытаймен байланыстырған ежелгі сауда жолы.

**Ұлы күнби, кіші күнби** — үйсіндердегі билік лауазымдары.

**Ұлы Нүкістер** — үйсіндерге көрші ежелгі ұлыстың аты.

**Ұршықбас** — иірілген жіпті орап, жинап отыруға арналған дөңгелек, төмен жағында ұстайтын сабы бар құрал.

**Үңгір** — жартастар арасындағы қуыстар.

**Халықтардың ұлы қоныс аударуы** — IV—VI ғасырлар арасында Еуропадағы ғұндардың жорықтарының әсерінен тайпалардың шығыстан батысқа қарай жылжуы.

**Хань әулеті** — Қытайды билеген әулет.

**Хаомаварга** — хаома сусынын дайындайтын сақтар.

**Чигу** — үйсіндердің Ыстықкөл маңындағы ежелгі астанасы.

**Шайқас** — соғыс операциясының құрамдас бөлігі, ұрыс қимылдарының түрлері.

**Шаньюй, тәңірқұт** — ғұндардың мемлекет басшысының лауазымы.

**Шаңырақ** — киіз үйдің киелі және ең жоғарғы бөлігі.

**Шапқы** — алғашқы адамдардың тастан жасалған балтаға ұқсас қатты заттарды кесуге, шабуға қолданылатын еңбек құралы.

**Эволюция** — табиғатта және әлеуметтік жүйеде біртіндеп үздіксіз даму үдерісі.

**Энеолит** (лат. *aeneus* — мыс және грек. *litos* — тас) — тас дәуірінен кейінгі адамдардың алғаш металды, мыс, қалайы, жезді игерген дәуірі.

**Этнос** — бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық.

**Юэбань (Иобан) мемлекеті** — батысқа жылжыған ғұндардың үйсін аймағында құрған мемлекеті.

*Учебное издание*

**Омарбеков Талас**

**Хабижанова Гульнара Болатовна**

**Картаева Таттигул Ерсайыновна**

**Ногайбаева Мендигуль Сагатовна**

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

**(Древний мир)**

Учебник для 5-классов общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Редакторы *Е. Жаймақов*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*

Техникалық редакторы *И. Тарапунец*

Корректоры *Г. Тұрмағанбетова*

Компьютерде беттеген *С. Жұмағалиева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің

№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы

2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ 5615

Басуға 10.07.17 қол қойылды. Пішімі 60×84<sup>1/8</sup>.

Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Мектептік”. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 22,32 + 0,46 қосарбет. Шартты бояулы беттаңбасы 92,04.

Есептік баспа табағы 14,92 + 0,79 қосарбет. Тарапымы 15000 дана. Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы,**

**Абай даңғылы, 143-үй**

**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30**

**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34**

**E-mail: mektep@mail.ru**

**Web-site: www.mektep.kz**



